6. Дағдарысты басқару. Табиғи апаттар, пандемиялар немесе террористік қауіптер сияқты дағдарыстық жағдайларда цифрлық мемлекеттік басқару жедел әрекет ету мен үйлестіруді қамтамасыз ете алады.

7. Мемлекеттік аппаратқа қызмет көрсетуге арналған шығыстарды қысқарту және оларды имплементациялауға арналған шығындарды барынша азайта отырып, жобаларды ұлттық деңгейде табысты енгізу.

Осылайша, қорытындылай келе, әлемде мемлекеттік басқару секторына цифрландыруды енгізудің белсенді тенденциясы байқалады, бұл бір жағынан қоғам тарапынан мемлекет көрсететін қызметтердің сапасына қойылатын талаптардың артуымен, екінші жағынан ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуымен байланысты. Мемлекеттік басқарудың цифрлық модификациясының нәтижесі болып

табылатын бірыңғай цифрлық платформа бірқатар маңызды саяси және басқарушылық шешімдерді шешуге мүмкіндік береді, бұл мемлекеттік басқару саласы жұмысының ашықтығы мен тиімділігін арттырады.

Цифрландыруды енгізу процесі мемлекеттік органдардың жұмысында айтарлықтай өзгерістер туғызды. Бюрократиялық кедергілерді жою, қызмет көрсету сапасын арттыру және азаматтармен байланыс орнатудың жаңа тәсілдері пайда болды. Дегенмен, цифрлық мемлекеттік басқарудың дамуына теріс әсер ететін барлық тәуекелдер мен қауіптерді ескеру қажет. Алайда, цифрландыру процесінің жүзеге асырылуы кейбір қиындықтарға да тап болуда. Цифрлық мемлекеттік басқару саласында даму стратегиясын қалыптастыру кезінде көрсетілетін қызметтер бөлігінде және туындайтын проблемаларды шешу кезінде халықаралық тәжірибені есепке алу маңызды фактор болып табылады.

Сондықтан, цифрландыруды іске асыру барысында тиісті инфрақұрылымды дамыту, адамдардың цифрлық дағдыларын арттыру және ақпараттық қауіпсіздік шараларын күшейту маңызды болып табылады. Тұтастай алғанда, цифрлық мемлекеттік басқару цифрландыру дәуірінде экономиканы дамытудың драйвері болып табылады және мемлекеттік билік жұмысының ашықтығы мен тиімділігін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету деңгейін арттырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Алексеенко О. А. Цифровизация глобального мира и роль государства в цифровой экономике / О. А. Алексеенко, И. В. Ильин // Информационное общество. - 2018. - № 2. - С. 25-28.

2. Камолов С. Г. Цифровое государственное управление: учебник для вузов / С. Г. Камолов. - Москва: Издательство Юрайт. - 2021. - 336 с.

3. Добролюбова Е. В. Государственное управление по результатам в эпоху цифровой трансформации: обзор зарубежного опыта и перспективы для России Е. В. Добролюбова // Вопросы государственного и муниципального управления. - 2019. - № 4. - С. 70–93.

4. Примбетова С.Ч. Қазақстанда экономиканы цифрландырудың бағыттары және қазіргі жағдайы. Монография. -Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ редакциялық баспа орталығы, 2021. -114 б.

5. <https://gurk.kz/news/govtech-x-czifrovyy-e-instrumenty-dlya-modernizaczi-gosudarstvenno-uvpravleniya>

Авторлар туралы мәлметтер

* Отетилеуов Асан Оразбекович – 7М04106 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасының магистранты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, zhaul@internet.ru

** Примбетова Сауле Чукаевна – экономика ғылымдарының кандидаты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, e-mail: asma2024@List.ru

Сведения об авторах

* Отетилеуов Асан Оразбекович – магистрант образовательной программы 7М04106 «Государственное и местное управление», Западно-Казакхстанский университет им. М. Утемисова, zhaul@internet.ru

** Примбетова Сауле Чукаевна – кандидат экономических наук, Западно-Казакхстанский университет им. М. Утемисова, e-mail: asma2024@List.ru

Information about the authors

* Ottilievov, Asan Orazbekovich – Master's student of the educational program 7M04106 "State and local government M. Utemisov West Kazakhstan University, zhaul@internet.ru

** Primbetova Saule Chukayevna – Candidate of Economic Sciences, M. Utemisov West Kazakhstan University, e-mail: asma2024@List.ru

**ҚАРАШЫҒАНАҚ ПЕТРОЛИУМ ОПЕРЕЙТИНГ Б.В. КОМПАНИЯСЫНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ – ОНЫҢ ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕЛЕРГЕ
ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҚАБІЛЕТІНІҢ НЕГІЗІ**

Примбетова С.Ч. ¹, Умарғалиева Р.Е. ²

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – мұнай-газ компаниясының экономикалық әлеуетін қарастыру және Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. (КПО Б.В.) негізгі өндірістік көрсеткіштерінің динамикасын зерттеу. Мақалада компанияның 2021-2023 жылдар аралығындағы өндірістік нәтижелерін қарастыру арқылы компанияның тиімділігін арттыруға бағытталған негізгі факторлар мен стратегияларды анықтау көзделеді. Сонымен қатар, мақалада өндіріс көлемінің өсуі мен қаржылық тұрақтылықтың жақсаруы, инновациялық технологиялар мен экологиялық талаптарды сақтаудың ықпалы туралы талдау жүргізіледі. Мақала нәтижесінде мұнай-газ компаниясының болашақтағы даму стратегиясын жетілдіруге және өндірістік тиімділікті арттыру үшін қабылданатын шешімдерді жақсартуға негіз болатын қорытындылар жасалды.

Түйін сөздер: экономикалық әлеует, ресурс, тұрақты даму, мұнай-газ компаниясы

**ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ КОМПАНИИ КАРАЧАГАНАК
ПЕТРОЛИУМ ОПЕРЕЙТИНГ Б.В. - ОСНОВА ЕЕ СПОСОБНОСТИ ДОБИВАТЬСЯ
СТАБИЛЬНЫХ И ВЫСОКИХ РЕЗУЛЬТАТОВ**

Примбетова С.Ч. ¹, Умарғалиева Р.Е. ²

Западно-Казахстанский университет им.М.Утемисова, г.Уральск, Республика Казахстан

Аннотация. Цель статьи – рассмотреть экономический потенциал нефтегазовой компании и исследовать динамику основных производственных показателей Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. (КПО Б.В.). В статье рассматриваются производственные результаты компании с целью выявления основных факторов и стратегий, направленных на повышение эффективности компании. Также в статье проводится анализ влияния роста объемов производства, улучшения финансовой устойчивости, инновационных технологий и соблюдения экологических стандартов. Даны выводы, которые послужат основой для совершенствования стратегии будущего развития нефтегазовой компании и улучшения принимаемых решений для повышения эффективности производства.

Ключевые слова: экономический потенциал, ресурсы, устойчивое развитие, нефтегазовая компания.

**THE ECONOMIC POTENTIAL OF KARACHAGANAK PETROLEUM
OPERATING B.V. IS THE BASIS OF ITS ABILITY TO ACHIEVE STABLE AND
HIGH RESULTS**

Primbetova S.Ch. ¹, Umargaliev R.E. ²

M.Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Republic of Kazakhstan

Summary. The purpose of the article is to consider the economic potential of an oil and gas company and to investigate the dynamics of the main production indicators of Karachaganak Petroleum Operating B.V. (KPO B.V.). The article examines the company's production results

for 2021-2023 in order to identify the main factors and strategies aimed at improving the company's efficiency. The article also analyzes the impact of increased production volumes, improved financial stability, innovative technologies and compliance with environmental standards. Conclusions are given that will serve as a basis for improving the strategy of the future development of the oil and gas company and improving the decisions made to increase production efficiency.

Keywords: economic potential, resources, sustainable development, oil and gas company.

Мұнай-газ компаниясының экономикалық әлеуеті – оның тұрақты және жоғары нәтижелерге қол жеткізу қабілетінің негізі болып табылады, бұл өз кезегінде әлемдік мұнай-газ нарығындағы динамикалық жағдайлармен тікелей байланысты. Мұнай-газ секторы – ең көп капиталды қажет ететін және стратегиялық маңызы бар салалардың бірі, себебі көптеген елдердің энергетикалық қауіпсіздігі мен әлемдік экономиканың жағдайы осы салаға тікелей байланысты. Мұнай-газ компанияларының экономикалық әлеуетінің ерекшеліктері – бұл ресурстардың, технологиялардың және басқару механизмдерінің кешені, оларды тиімді пайдалану арқылы бәсекелестік артықшылықтар мен операциялық тиімділікті арттыру және бизнестің тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет. Баға өзгерістерінің тербелісі, жаһандық экологиялық мәселелер мен инновациялық технологияларға жоғары талаптар жағдайында мұнай-газ компаниялары барлық қолжетімді ресурстарды барынша тиімді пайдалану үшін икемді стратегияларды қолдануда.

Мұнай-газ компаниясының экономикалық әлеуетін бірнеше негізгі компонентке бөлуге болады, олардың әрқайсысы компанияның көмірсутек ресурстарын тиімді өндіру, өңдеу және сату қабілетіне, сондай-ақ ұзақ мерзімді экономикалық нәтижелеріне әсер етеді. Экономикалық әлеует және оны одан әрі дамыту мүмкіндіктері қазіргі заманғы кәсіпорынның табысты жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады [1, 118 б.]

Мұнай-газ компаниясының экономикалық әлеуетінің негізгі элементі – оның ресурстары, атап айтқанда, мұнай мен газдың қорлары болып табылады. Көмірсутек қорлары – бұл жер қойнауын игеру мен пайдалануды қамтамасыз етудің негізі болып табылады, ал олардың сандық және сапалық сипаттамалары компанияның ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Экономикалық әлеуетті барынша арттыру үшін компания көмірсутек қорларын барлау мен өндіруді тиімді басқаруы, мұнайды алу коэффициентін (EOR) арттыруы және жаңа кен орындарын дамытуы тиіс.

Сонымен қатар, заманауи технологиялар мұнай-газ компаниясының тиімділігін арттырудың маңызды құралы болып табылады. Бұл мұнай мен газды бұрғылау және өндіру саласындағы жетістіктерді ғана емес, сонымен қатар көмірсутектерді өңдеу, тасымалдау және сақтау саласындағы инновациялық тәсілдерді де қамтиды. Мысалы, тақтатас кен орындарында көлденең бұрғылау және гидравликалық жару технологияларын қолдану өндіріс деңгейін айтарлықтай арттырады және шығындарды азайтады. Сонымен қатар, көмірқышқыл газдарының шығарылуын азайту және экологиялық әсерді төмендетуге бағытталған технологиялар да компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттыруда маңызды фактор болып табылады [2, 116 б.]

Қаржылық тұрақтылық және капиталды тарту мүмкіндігі – мұнай-газ компаниясының экономикалық әлеуетінің ең маңызды аспектілерінің бірі екенін атап өтуіміз керек. Мұнай-газ секторы барлау, кен орындарын игеру, инфрақұрылымды жаңарту және жаңа технологияларды енгізу үшін үлкен инвестицияларды қажет етеді. Компаниялар ішкі және сыртқы ресурстарды (несиелер, облигациялар, жеке инвестициялар) тарта отырып, өздеріне бәсекелік артықшылықтарды қамтамасыз етеді. Мықты қаржылық база мұнай бағасының өзгеруімен байланысты тәуекелдерді тиімді басқаруға, операциялық тәуекелдерді төмендетуге және қажетті өтімділікті сақтауға мүмкіндік береді.

Мұнай-газ компаниясының кадрлық әлеуеті – бұл барлық деңгейдегі қызметкерлердің, яғни геологтар мен инженерлерден бастап жоғары басшылыққа дейінгі мамандардың біліктілігі мен тәжірибесі, Қызметкерлердің кәсіби дағдылары мен білімдері кен орындарын игерудің барлық кезеңдерінде жұмыс сапасын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ инновациялық шешімдерді енгізу мен тәуекелдерді тиімді басқару үшін өте маңызды. Мұнай-газ саласында өндірістік қауіпсіздік пен экологиялық аспектілерге ерекше назар аудару қажет, ал бұл мамандардың жоғары біліктілігін талап етеді.

Ақпараттық технологиялар мен басқару жүйелері мұнай-газ кен орындарын тиімді пайдалану үшін маңызды рөл атқарады. Цифрлық технологияларды енгізу, мысалы, автоматты мониторинг жүйелері, үлкен деректерді өңдеу және геологиялық процестерді модельдеу үшін жасанды интеллект, мұнай-газ компанияларына болжамның дәлдігін арттыруға, қорларды басқаруды жақсартуға және операциялық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұнай-газ кен орындарын дрондармен зерттеу және қауіпсіздікті бақылау үшін роботтарды пайдалану сияқты инновациялық технологиялар өнімділікті арттырады және тәуекелдерді төмендетеді.

Сонымен қатар, мұнай-газ компаниясының экономикалық әлеуетін қалыптастыру және пайдалану тек ішкі факторларға ғана емес, сонымен қатар сыртқы ортаға да байланысты.

Мұнай-газ компаниясының экономикалық әлеуетіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі – көмірсутектердің әлемдік нарығындағы экономикалық жағдайлар. Мұнай мен газ бағасының өзгеруі, сондай-ақ энергетикалық ресурстарға сұраныс компанияның табыстылығына және қаржылық тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Мұнай бағасының төмендеуі, экономикалық дағдарыстар немесе сұраныстың өзгеруі пайдаға айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін. Бұл жағдайда компаниялар, мысалы, мұнай химиясы өнімдерін өңдеу немесе экологиялық таза технологияларды енгізу арқылы табыс көздерін әртараптандыруы маңызды.

Геосаяси тұрақсыздық, әсіресе көмірсутек ресурстарына бай аймақтарда, мұнай-газ компанияларының экономикалық әлеуетіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Мұнай өндіретін елдердегі саяси тұрақсыздық кен орындарын игеру немесе тасымалдаумен байланысты қиындықтарға, сондай-ақ санкциялар енгізілуіне әкелуі мүмкін. Мысалы, ірі мұнай өндірушілерге қарсы санкциялар мұнай мен газдың халықаралық нарықтағы құны мен қолжетімділігіне әсер етуі ықтимал [3,183 б.]

Қазіргі уақытта мұнай-газ компаниялары экологиялық талаптардың күшеюімен бетпе-бет келеді. Көмірқышқыл газдарының шығарылуын азайту, экологиялық таза өндіру әдістеріне көшу және экологиялық стандарттарды күшейту компаниялардан жабдықтарды жаңартуға және «жасыл» технологияларды енгізуге елеулі шығындарды талап етеді. Көмірқышқыл газдары шығарындыларын төмендету және жаңартылатын энергия көздері жобаларын дамыту бойынша бастамаларды белсенді түрде жүзеге асыратын компаниялар жаһандық экологиялық трансформация аясында бәсекеге қабілетті болады [4, 114 б.].

Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. (КПО Б.В.) компаниясы – әлемдік деңгейдегі кәсіпқойлардың үйлесімді командалық жұмысы мен жаңа биіктерге ұмтылуының арқасында зор жасампаз әлеуетке ие. Компанияның басымдықтары – өнеркәсіптік қауіпсіздіктің барлық талаптарын сақтай отырып, барынша өндіруді қамтамасыз ету және жергілікті қоғамдастықтың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады [5].

КПО компаниясы даму саласындағы жобаларды ойдағыдай іске асыруда. Қарашығанақ газы бойынша өндірістік шектеулерді алу (ҚГӨША) жобасы 2021 жылдың наурызында сәтті аяқталып, пайдалануға берілді. Бір жылдан кейін 2022 жылдың мамырында 4-газды кері айдау компрессорын (4-компрессор) салу жобасы сәтті аяқталып, іске қосылды.

Қазіргі уақытта Қарашығанақты кеңейту жобасы 1А (ҚКЖ-1А) мен Қарашығанақты кеңейту жобасының-1Б (ҚКЖ-1Б) құрылысы жалғасуда. Бұл жобалар

сұйық көмірсутектер өндірісінің жоғары деңгейлі мерзімін ұзартуға бағытталған 5-ші және 6-газды кері айдау компрессорлары мен басқа да ілеспе қондырғыларды орнатуды қамтиды. Бұл жобалар айтарлықтай үлес қосып, Қазақстан Республикасы мен Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестерге қосымша табыс әкеледі деп күтілуде. Сонымен қатар, бұл жобалар қазақстандықтар үшін жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Жобаларды іске асыру кезіндегі КПО-ның басым мақсаттарының бірі – жергілікті мердігерлердің бәсекеге қабілеттілігін жақсарту мақсатында жергілікті қамтуды барынша арттыру. ҚКЖ-1А 2024 жылы, ал ҚКЖ-1Б 2026 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда [5].

Қарашығанақ кен орнын игеру Қазақстан үшін тек мұнай мен газ өндірісінен түсетін табыс пен салық қана емес, оның елге берері одан да көп. Бұл экономикалық дамуға ықпал ететін ұзақ мерзімді және тұрақты серіктестік қатынастар құру болып табылады. Қарашығанақ кәсіпорнының сәтті жұмысы бес мұнай-газ өндіруші компаниялардың кәсіби білімі мен мол өндірістік тәжірибесіне тәуелді: «Эни СпА» (29,25%), «Шелл плс» (29,25%), «Шеврон» (18%), «ЛУКОЙЛ» (13,5%) және «ҚазМұнайГаз» (10%). Қарашығанақтағы серіктестер өздерінің білімдері мен тәжірибелерін Қазақстан Республикасына беріп, жергілікті және сыртқы мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдалану арқылы кен орнын игеруді барынша жетілдіруге ұмтылады.

1997 жылы осы бірлескен кәсіпорынның серіктестері мен Қазақстан Республикасының үкіметін өкілдік ететін уәкілетті орган Қарашығанақ кен орнын игеру үшін компания құрды. Өнімді бөлу туралы соңғы келісім (ӨБК) қол қойылып, Қарашығанақты 2038 жылға дейін бірлесіп дамыту шарттары айқындалды. Осы келісімге қол қойылғаннан бері кен орнын игеруге 31,3 миллиард АҚШ долларынан астам инвестиция тартылды. Қарашығанақты игеру барысында әлемдегі ең күрделі кен орындарының бірі болған бұл кен орнында ең жаңа мұнай-газ өндіру технологиялары қолданылды.

2023 жылы Қарашығанақ кен орнында көмірсутек шикізатын өндіру көлемі 142,698 млн баррель мұнай баламасына жетті. Бұл ретте қабат қысымын ұстап тұру үшін газды кері айдау көлемі 12,650 миллиард текше метрді құрады, бұл өндірілетін газдың жалпы көлемінің шамамен 56,5% - на сәйкес келеді (1-кесте) [5].

1-кесте – Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. (КПО Б.В.) компаниясының өндіріс көлемі

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2021	2022	2023	2023 ж/2022 ж (+/-)
Жалпы өндіріс көлемі	млн.б.м.б.	134,1	128,5	142,7	14,2
Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі	мың.т.	10 338	10 134	10 858	724
Жалпы өндірілген газ көлемі	млн.ст.м ³	18 980	18 442	22 385	3 943
Кері айдалған газ,	млн.ст.м ³	9 998	11 131	12 450	1 319
Өндірілген отын газ көлемі	млн.ст.м ³	789,0	812,9	918,9	106,0
Ескерту: КПО Б.В. мәліметтері [5] негізінде авторлар құрастырған					

Келтірілген 1-кестедегі көрсеткіштерді талдау жасау барысында біз өндірістік динамиканы, нәтижелердің артқанын және олардың компанияның экономикалық әлеуетіне әсерін тереңірек қарастырамыз. Бұл талдауда әр көрсеткіштің маңыздылығы, өсімінің себептері, сондай-ақ бұл нәтижелердің компанияның жалпы стратегиясына, тиімділігіне және тұрақтылығына қалай ықпал ететіні ашылған. 2021 жылы жалпы өндіріс көлемі 134,1 млн.баррель болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 142,7 млн.баррельге дейін өскен. Яғни, 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 14,2 млн.баррельге немесе 10,4%-ға артқан

Өндіріс көлемінің өсуі мұнай өндірісінің артуын көрсетеді. Мұндай өсім көбінесе мұнай өндіру технологияларын жетілдіру мен жаңа кен орындарын игеру нәтижесінде мүмкін болғанын атап өткеніміз жөн. Бұл өсім өндіріс көлемінің тек сандық емес, сапалық жақтан да артқанын, яғни ресурстарды тиімді пайдалану мен жаңа технологияларды енгізу нәтижесінде болғанын көрсетеді.

Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі 2021 жылы 10 338 мың тоннаны құраса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 10 858 мың тоннаға дейін артып, 2022 жылмен салыстырғанда 724 мың тоннаға көбейді немесе 7,1% өсім болды. Тұрақтандырылған мұнайдың өсуі өндіріс тиімділігінің және мұнай қорының сапалы игерілуінің көрсеткіші болып табылады. Бұл өсім әсіресе қалпына келтірілетін технологияларды (EOR, Enhanced Oil Recovery) енгізу арқылы, яғни мұнайды тиімдірек алу әдістерін қолдану арқылы мүмкін болды. Бұл көрсеткіштің өсімі компанияның өндірістік жоспарларын жүзеге асырудағы табысты жұмысының жемісі.

Жалпы өндірілген газ көлемі 2023 жылы 22 385 млн.ст.м³ құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 3 943 млн.ст.м³ немесе 21,4%-ға артық. Газ өндірісінің өсуі компанияның көмірсутек қорының әртараптандырылуына және газды толық пайдаланудың тиімді әдістерін енгізуге бағытталған күш-жігерінің нәтижесі. Мұндай өсім, әсіресе газды өңдеу және сату көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар мен әдістердің енгізілуімен байланысты. Газды өндірудің артуы экологиялық тиімділік пен энергияны тиімді пайдалану мақсатында кері айдалған газды (gas reinjection) қолданудың артуымен де байланысты болуы мүмкін.

Кері айдалған газдың көлемі 2023 жылы 12 450 млн.ст.м³ құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 1 319 млн.ст.м³ немесе 13,4%-ға артты. Кері айдалған газдың көлемінің өсуі компанияның мұнай және газ өндіруде тұрақтылықты сақтауға бағытталған әрекеттерін көрсетеді. Газдың кері айдалуы пласт қысымын ұстап тұру және мұнай өндіруді ұзақ мерзімде тиімді жүргізу үшін қажет.

Кері айдалған газдың көлемінің өсуі мұнай өндірудің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін экологиялық талаптарды сақтау мен өндірістің тұрақтылығын арттыру бағытында жүргізілген жұмыстардың нәтижесі болып табылады. Бұл үдеріс қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтып, компанияның экологиялық жауапкершілігін арттыруда маңызды қадам болып табылады.

2023 жылы өндірілген отын газ көлемі 918,9 млн.ст.м³ болды, оны 2022 жылмен салыстырғанда 106 млн.ст.м³ немесе 13%-ға көбейді. Отын газының өсуі ішкі қажеттіліктер мен өндірістің энергия ресурстарына деген сұраныстың артқанын көрсетеді. Бұл, ең алдымен, өндірістік процестердің тиімділігін арттыру және мұнай мен газды өндеуде энергия тұтынудың жоғарылауының нәтижесі. Сондай-ақ, бұл көрсеткіштің артуы компанияның энергетикалық қауіпсіздікке қатысты стратегиясын жүзеге асыруын білдіреді. Компанияның мұндай өсіммен отын газын өндіруі оның ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз етіп қана қоймай, сыртқы нарықтарда да бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді [5].

Жалпы алғанда, Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. (КПО Б.В.) компаниясының 2021-2023 жылдар арасындағы көрсеткіштері компанияның өндірістік әлеуетінің ұлғайғанын және тиімділігінің артқанын көрсетеді. Өндіріс көлемінің өсуі, мұнай мен газдың тұрақты өндіріліп, өңделуі, сондай-ақ экологиялық жауапкершілік пен өндірістік тұрақтылықты сақтау стратегияларының тиімділігі компанияның бәсекелестік артықшылықтарын арттырып, ұзақ мерзімді табыс әкелуге мүмкіндік береді.

Компанияның өндірістік стратегиясының тиімділігі және инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы нәтижесінде өндіріс көлемі мен қаржылық тұрақтылықтың артуы байқалады. Өз кезегінде, экологиялық жауапкершілік пен инновациялар компанияның дамуына қосымша ықпал етіп отыр. Бұл көрсеткіштердің өсуі компанияның нарықтағы позициясын күшейтуге және жаңа инвестициялар тартуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік жауапты компания бола отырып, КПО өзінің өндірістік қызметі барысында жергілікті халық пен тұтастай Қазақстан Республикасы үшін барынша әлеуметтік-экономикалық игіліктерге қол жеткізу мақсатында Қарашығанақтың әлеуетін тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге ұмтылады.

Қорытындылай келе, Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. (КПО Б.В.) экономикалық әлеуетін арттыру үшін бірнеше негізгі стратегияларды қолдануды ұсынамыз:

–Бизнесті әртараптандыру: мұнай мен газды химиялық өнімдерге өңдеу, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздеріне көшу сияқты жаңа бағыттарды дамыту.

–Инновациялар мен технологиялық көшбасшылық: жаңа технологияларға инвестициялау, көмірсутектерді алу деңгейін арттыру, сұйытылған табиғи газ (СТГ) пайдалану және цифрлық шешімдерді енгізу.

–Шығындарды оңтайландыру: көмірсутектерді өндірудің тиімді әдістерін енгізу, процестерді автоматтандыру және шығындарды төмендету мен табыстылықты арттыру үшін икемді қаржылық модельдерді қолдану.

Осылайша, Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. (КПО Б.В.) компаниясының экономикалық әлеуеті – бұл ресурстарды, технологияларды, қаржыларды және кадрларды тиімді пайдалануды қамтитын кешенді сипаттама, сондай-ақ сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімделу қабілеті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Елшібаев Р.Қ., Қуашбай С., Бактиярова А.Ж., Мырзатай А.М. Особенности оценки экономического потенциала предприятия. *Central Asian Economic Review*. 2020;(2):118-130.

2. Чалдаев Л.А. Экономика предприятия: учебник и практикум для вузов / Л. А. Чалдаева. - 5-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2024. - 435 с.

3. Андреев А.Ф. Основы экономики и организации нефтегазового производства. Учебное пособие для студентов учреждений высшего образования. Гриф УМО вузов России / - М.: Академия (Academia), 2014. - 499 с.

4. Хоменко Я.В., Ефименко А.В. Устойчивость нефтегазовых компаний: интерпретация и оценка с позиции системной экономической теории. *Экономическая наука современной России*. 2023;(3):108-128.

5. <https://www.kpo.kz>

Авторлар туралы мәлметтер

*Примбетова Сауле Чукаевна – экономика ғылымдарының кандидаты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, e-mail: asma2024@List.ru

**Умарғалиева Римма Ерболовна – 7М04101 «Экономика» білім беру бағдарламасының магистранты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, zhaul@internet.ru

Сведения об авторах

*Примбетова Сауле Чукаевна – кандидат экономических наук, Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, e-mail: asma2024@List.ru

** Умарғалиева Римма Ерболовна – магистрант образовательной программы 7М04101 «Экономика», Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, zhaul@internet.ru

Information about the authors

* Primbetova Saule Chukayevna – Candidate of Economic Sciences, M. Utemisov West Kazakhstan University, e-mail: asma2024@List.ru

** Umargaliev Rimma Yerbolovna – Master's student of the educational program 7M04101 «Economics», M. Utemisov West Kazakhstan University, zhaul@internet.ru

УДК 338:61

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ОБЯЗАТЕЛЬНОГО СОЦИАЛЬНОГО МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

Примбетова С.Ч.¹, Урынбаева Б.Р.²

Западно-Казакстанский университет им.М.Утемисова, г.Уральск, Республика
Казакстан

Аннотация. Целью данной статьи является рассмотрение социально-экономического значения обязательного медицинского страхования в Казакстане, выявление его влияния на систему здравоохранения, социальную справедливость и экономическое развитие страны. В статье отмечается, что обязательное медицинское страхование оказывает значительное влияние на экономику страны, поскольку оказывает воздействие на расходы государственных и частных структур, а также влияет на уровень производительности труда и общий экономический рост.

Ключевые слова: обязательное социальное медицинское страхование, экономика, эффективность, медицинские услуги

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Примбетова С.Ч.¹, Урынбаева Б.Р.²

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазакстан университеті, Орал қ., Қазакстан
Республикасы

Андатпа. Мақаланың мақсаты Қазакстандағы міндетті медициналық сақтандырудың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын қарастыру, оның денсаулық сақтау жүйесіне, әлеуметтік әділеттілікке және елдің экономикалық дамуына әсерін анықтау болып табылады. Мақалада міндетті медициналық сақтандыру ел экономикасына едәуір әсер ететіні атап өтіледі, өйткені ол мемлекеттік және жеке құрылымдардың шығыстарына, сондай-ақ еңбек өнімділігі мен жалпы экономикалық өсу деңгейіне әсер етеді.

Түйінді сөздер: міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, экономика, тиімділік, медициналық қызметтер
Түйінді сөздер: міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, экономика, тиімділік, медициналық қызметтер

SOCIO-ECONOMIC IMPORTANCE OF COMPULSORY SOCIAL HEALTH INSURANCE

Primbetova S.Ch.¹, Urynbaeva B.R.²

M.Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Republic of Kazakhstan

Summary. The purpose of this article is to consider the socio-economic significance of compulsory health insurance in Kazakhstan, to identify its impact on the health care system, social justice and economic development of the country. The article notes that compulsory health insurance has a significant impact on the country's economy, since it affects the costs of public

and private structures, as well as affects the level of labor productivity and overall economic growth.

Keywords: compulsory social health insurance, economy, efficiency, medical services

Обязательное социальное медицинское страхование (ОСМС) является неотъемлемой частью системы здравоохранения Казахстана и важнейшим элементом в обеспечении доступности и качества медицинских услуг для граждан. Введение и развитие ОСМС нацелены на решение ряда социальных и экономических проблем, связанных с финансированием здравоохранения, улучшением качества медицинских услуг и обеспечением их доступности для всех слоев населения. В условиях переходного периода, связанного с реформированием здравоохранения в Казахстане тема исследования развития ОСМС становится особенно актуальной.

ОСМС – это реформа в системе здравоохранения, благодаря которой во многих странах, где внедрено обязательное медицинское страхование, уровень медицины значительно улучшился. Получаемые от граждан взносы и отчисления аккумулируются в Национальном банке и используются только для оплаты медицинских услуг, оказанных населению в рамках системы. То есть застрахованные граждане имеют доступ к более широкому спектру медицинских услуг, которые для них предоставляются бесплатно.

Основным преимуществом ОСМС является то, что, благодаря ему пациенты получают доступ к более дорогим медицинским услугам. Существенно расширился перечень бесплатного амбулаторного лекарственного обеспечения, которые пациенты могут получить в своих поликлиниках. На здравоохранение через систему обязательного медицинского страхования стало выделяться больше денег. Говоря о трехуровневой системе финансирования медпомощи, хотелось бы остановиться на каждом уровне отдельно. Первый уровень системы финансирования медпомощи – минимальный – это гарантированный государством объем медицинской помощи (ГОБМП), который финансируется за счет бюджетных средств. Второй уровень, он базовый, включает в себя объем медицинской помощи в системе ОСМС. Третий уровень является дополнительным. Этот объем медицинской помощи предоставляется за счет собственных средств получателя медицинских услуг (платные медицинские услуги) или по уже приобретенному страховому полису добровольного медицинского страхования [1].

Система здравоохранения является одним из важнейших элементов социальной инфраструктуры любого государства. От ее эффективности напрямую зависит не только здоровье нации, но и экономическое благосостояние страны в целом. В условиях глобальных вызовов, экономических трудностей и пандемий, в том числе, обязательное социальное медицинское страхование (ОСМС) становится неотъемлемым инструментом обеспечения равного доступа всех граждан к медицинским услугам.

В Казахстане внедрение системы обязательного медицинского страхования стало важным шагом на пути реформирования здравоохранения и улучшения качества жизни населения. Обязательное социальное медицинское страхование призвано решать ключевые задачи: обеспечение доступности медицинской помощи, улучшение качества медицинских услуг, а также развитие медицинской инфраструктуры. Однако на пути реализации данной системы в Казахстане возникли как возможности, так и проблемы, которые необходимо учитывать при дальнейшем совершенствовании системы ОСМС.

Система обязательного медицинского страхования в Казахстане была введена с 1 января 2017 года. Это событие стало логичным продолжением серии реформ в сфере здравоохранения, направленных на повышение доступности и качества медицинских услуг для всех слоев населения.

До этого времени в стране функционировала система, основанная на принципах всеобъемлющего бесплатного медицинского обслуживания через государственное здравоохранение, однако, несмотря на все усилия, это не обеспечивало должного уровня качества, а также сталкивалось с проблемами в финансировании и управлении ресурсами.

Введение обязательного медицинского страхования стало попыткой решить эти проблемы.

Основные принципы ОСМС в Казахстане:

–Обязательность. Каждый работающий гражданин обязан делать страховые взносы, а также работодатель несет ответственность за их уплату.

–Универсальность. Страхование охватывает все население, включая различные социальные группы – от работников до пенсионеров, инвалидов и детей.

–Гарантированный пакет медицинских услуг. Страховка обеспечивает базовый уровень медицинских услуг, который предоставляется всем застрахованным гражданам, включая профилактику, диагностику, лечение и реабилитацию.

–Равенство доступа. Все граждане независимо от их социального положения и дохода могут воспользоваться медицинскими услугами на равных условиях.

Введение обязательного медицинского страхования стало частью глобальной стратегии модернизации системы здравоохранения, предусматривающей сокращение нагрузки на государственные бюджеты и повышение эффективности медицинских учреждений.

Рассмотрим социальное значение обязательного медицинского страхования. ОСМС в Казахстане несет значительное социальное значение, влияя на улучшение социальной справедливости, доступности и качества медицинских услуг для всех слоев населения.

Во-первых, улучшается доступ к медицинским услугам. В Казахстане существует значительная разница в уровне медицинской помощи, предоставляемой в городах и сельской местности. Введение системы ОСМС направлено на преодоление этого разрыва, поскольку государство гарантирует гражданам доступ к медицинским услугам в любой точке страны. Это особенно важно для уязвимых групп населения, таких как пенсионеры, многодетные семьи и инвалиды.

Во-вторых, снижается социальное неравенство, т.к. система ОСМС способствует равенству в доступе к медицинской помощи, поскольку медицинские услуги становятся доступными не только для людей с высокими доходами, но и для граждан с низким уровнем дохода. Это снижает социальное неравенство в сфере здравоохранения, что является важным аспектом социальной политики государства.

В третьих, обязательное медицинское страхование способствует улучшению здоровья нации, поскольку стимулирует людей проходить регулярные медицинские осмотры, своевременно выявлять заболевания и обращаться за медицинской помощью при первых симптомах. Это ведет к улучшению общего состояния здоровья населения, снижению заболеваемости и смертности, а также повышению продолжительности жизни.

В четвертых, система ОСМС позволяет снизить уровень социальной напряженности, поскольку обеспечивает базовую защиту здоровья каждого гражданина, даже в случае тяжелых заболеваний. Таким образом, люди чувствуют большую уверенность в завтрашнем дне, что в свою очередь способствует социальной стабильности в обществе [2, с.78].

Помимо социальных преимуществ, обязательное медицинское страхование оказывает значительное влияние на экономику страны, поскольку оказывает воздействие на расходы государственных и частных структур, а также влияет на уровень производительности труда и общий экономический рост.

Экономическая сущность обязательного медицинского страхования заключается в создании экономических отношений по формированию фондов и страховых организаций за счет страховых взносов страхователей для оплаты медицинской помощи застрахованным при наступлении страхового случая на основании всеобщности, солидарности и обязательности.

До введения системы ОСМС здравоохранение в Казахстане финансировалось в основном за счет государственного бюджета, что в условиях экономических трудностей часто приводило к дефициту средств на необходимые нужды. Введение обязательного

медицинского страхования позволило создать дополнительный финансовый ресурс, который не только снижает нагрузку на бюджет, но и обеспечивает более стабильное и предсказуемое финансирование системы здравоохранения.

Система ОСМС способствует более эффективному распределению финансовых средств в сфере здравоохранения. Страховые компании и государственные органы, принимающие участие в управлении системой, должны ориентироваться на повышение качества медицинских услуг, что стимулирует оптимизацию работы медицинских учреждений и сокращение неэффективных расходов.

Здоровое население – это производительное население. Система ОСМС позволяет гражданам получать необходимое лечение, что в свою очередь способствует повышению производительности труда, снижению уровней временной нетрудоспособности и инвалидности. Это оказывает прямое влияние на экономическую активность страны, способствуя росту национального дохода.

Введение ОСМС способствует снижению нагрузки на частный сектор медицинских услуг. Государственная система страхования предоставляет гражданам базовый пакет медицинских услуг, что снижает необходимость в дополнительных тратах на медицинские услуги [3, с.116].

Также, в здравоохранении особое значение имеет формирование показателей и индикаторов для оценки качества медицинских услуг, чтобы определить возможность медицинской организации оказывать разные виды медицинских услуг и проведение социологических исследований, в котором получатели медицинских услуг и медперсонал дает собственную оценку по качеству. Это в свою очередь дает возможность оценить уровень повышения качества медицинской помощи в системе медицинского страхования [4, с.37].

Анализ экономической литературы в сфере страхования позволяет выделить перечень наиболее важных функций медицинского страхования как на уровне индивидуального, так и общественного воспроизводства:

- функция возмещение убытков;
- предупредительная функция;
- сберегательная функция;
- социальная функция;
- аккумулирующая функция;
- инвестиционная функция [2,3].

Функция возмещения убытка является основополагающей, поскольку в ней раскрывается природная суть любого вида страхования как инструмента возмещения ущерба на случай рискованного события. В медицинском страховании в рамках этой функции участнику страхового фонда при наступлении неблагоприятного события оплачивается лечение, что на микроуровне позволяет ему в определенной мере не снижать уровня достигнутого благосостояния. На макроуровне возмещающая функция создает финансовые условия для качественного восстановления здоровья и возможности быстрого возобновления трудовой деятельности широкого спектра лиц, что, в свою очередь, обеспечивает непрерывность общественного воспроизводства [2, с.243].

Предупредительная функция реализуется путем проведения Территориальными фондами медицинского страхования совместно с учреждениями здравоохранения таких профилактических мероприятий, как диспансеризация, вакцинация, популяризация здорового образа жизни. Страховые компании включают подобный перечень мер в разрабатываемые программы медицинского страхования. Таким образом, нивелируется вероятность наступления страхового случая, а при его наступлении – снижается уровень понесенных потерь.

Сберегательная функция медицинского страхования проявляется в том, что программы коммерческого медицинского страхования, базовая и территориальные программы ОСМС, как правило, предоставляют большой перечень медицинских услуг за

«те же деньги», а также дают возможность растянуть их оплату во времени. Помимо этого, медицинское страхование позволяет каждому человеку сопоставить необходимые затраты на охрану здоровья с состоянием собственного здоровья [2, с.244].

В рамках медицинского страхования наиболее ярко проявляется социальная функция. С одной стороны, ОСМС как часть государственного социального страхования гарантирует всем гражданам страны равные возможности в получении лекарственной и медицинской помощи на минимально необходимом уровне и является элементом социальной политики государства.

С другой стороны, медицинское страхование обеспечивает нормальную жизнедеятельность индивида в соответствии с достигнутым уровнем благосостояния общества в условиях действия социальных рисков. С этой позиции медицинское страхование является системой управления этими рисками в сфере охраны здоровья. В то же время как социально-экономическая категория, медицинское страхование представляет собой инструмент перераспределения национального дохода в целях воспроизводства человека. Таким образом, можно говорить о том, что медицинское страхование представляет собой систему способов перераспределения части национального дохода от лиц, не имеющих социального риска, к тем, у кого он наступил [3, с.172].

Аккумулирующая функция способствует концентрации имеющихся ресурсов и формированию на их базе страховых резервов, которые инвестируются в ценные бумаги предприятий, банков, финансовых групп. Таким образом, диверсифицируются экономические риски, оказываемые на страховую компанию, и обеспечивается ее устойчивость в условиях непредсказуемости рыночной среды. Помимо этого, широкий спектр охвата населения, как за счет корпоративных клиентов, так и за счет застрахованных в системе ОСМС, служит стабильным источником «быстрых» денег для страховой компании [3, с.174].

Подобным механизмом реализуется инвестиционная функция медицинского страхования — инвестируя страховые резервы в акции организаций различных сфер деятельности, размещая банковские депозиты или выкупая государственные ценные бумаги, страховые компании и ФОМС финансируют промышленность, строительство, финансовый сектор, государство, таким образом, способствуя развитию экономики в целом

Таким образом, обязательное социальное медицинское страхование в Казахстане имеет важное социально-экономическое значение, поскольку обеспечивает граждан доступом к медицинской помощи, улучшает качество жизни и способствует социальной справедливости. Система ОСМС также имеет значительный экономический потенциал, поскольку способствует улучшению здоровья населения, снижению экономических потерь, вызванных болезнями, и стимулирует развитие экономики страны в целом.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. <https://newtimes.kz/obshchestvo/138474-byt-zastrakhovannym-ochen-vygodno-rukovoditel-fonda-obiazatelnogo-meditsinskogo-strakhovaniia-rasskazala-o-preimushchestvakh-osms>
2. Цыганова, О.А. Медицинское страхование: Учебное пособие. - М.: ИНФРА-М, 2019. - 361 с.
3. Лопатенков, Г.Я. Медицинское страхование и платные услуги / Г.Я. Лопатенков. - М.: БХВ-Петербург, 2021. - 470 с.
4. Омирбаева, Б.С. Формирование конкурентоспособного здравоохранения: теория, методология, пути реализации»// диссертация на соискание степени доктора философии. – 2018. – 141 с.
5. Хохлова О. А., Шатонов А. Б. Медицинское страхование: роль в региональной экономике и оценка факторов развития // Региональная экономика: теория и практика.

2013. №28. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/meditsinskoe-strahovanie-rol-v-regionalnoy-ekonomike-i-otsenka-faktorov-razvitiya> (дата обращения: 15.11.2024).

Сведения об авторах

*Примбетова Сауле Чукаевна – кандидат экономических наук, Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, e-mail: asma2024@List.ru

** Урынбаева Бакытжан Рамазановна – магистрант образовательной программы 7M04101 «Экономика», Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, aygali99@bk.ru

Авторлар туралы мәлметтер

*Примбетова Сауле Чукаевна – экономика ғылымдарының кандидаты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, e-mail: asma2024@List.ru

** Урынбаева Бакытжан Рамазановна – 7M04101 «Экономика» білім беру бағдарламасының магистранты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, aygali99@bk.ru

Information about the authors

* Primbetova Saule Chukayevna – Candidate of Economic Sciences, M. Utemisov West Kazakhstan University, e-mail: asma2024@List.ru

** Urynbayeva Bakytzhan Ramazanovna – Master's student of the educational program 7M04101 «Economics», M. Utemisov West Kazakhstan University, aygali99@bk.ru

ӘОЖ 338.46

ТҰРҒЫН ҮЙГЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Тлесова А.Б.¹, Кабекен Ж.Н.²

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан Республикасы

Андатпа. Қазіргі таңда тұрғын үйге қолжетімділік және тұрғын үймен қамтамасыз етілу мәселелері Қазақстан Республикасы үшін маңызды басымдықтардың бірі болып отыр. Экономикалық ахуалдың тұрақсыздығы жағдайында ел азаматтарын қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік шаралардың тиімді жүзеге асырылуы қажеттілігі артуда. Осыған орай, мақаланың мақсаты – тұрғын үйге қолжетімділіктің әлеуметтік және экономикалық маңыздылығын қарастырып, зерделеу.

Түйін сөздер: қолжетімді тұрғын үй, тұрғын үй нарығы, тұрақты өсу, баға, сұраныс, ұсыныс

СОЦИАЛЬНОЕ И ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ДОСТУПНОСТИ ЖИЛЬЯ

Тлесова А.Б.¹, Кабекен Ж.Н.²

Западно-Казахстанский университет им.М.Утемисова, г.Уральск, Республика Казахстан

Аннотация. В настоящее время вопросы доступности жилья и обеспеченности жильем являются одними из важнейших приоритетов для Республики Казахстан. В условиях нестабильности экономической ситуации возрастает необходимость эффективной реализации государственных мер для обеспечения граждан страны доступным жильем. В этой связи цель статьи – рассмотреть и изучить социальную и экономическую значимость доступности жилья.

Ключевые слова: доступное жилье, рынок жилья, устойчивый рост, цена, спрос, предложение

THE SOCIAL AND ECONOMIC IMPORTANCE OF HOUSING AFFORDABILITY

Tlesova.B.¹, Kabeken J.N.²

M.Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Republic of Kazakhstan

Summary. Currently, the issues of housing affordability and housing security are among the most important priorities for the Republic of Kazakhstan. Given the unstable economic situation, there is an increasing need for effective implementation of government measures to provide affordable housing for citizens of the country. In this regard, the purpose of the article is to consider and study the social and economic importance of housing affordability.

Keywords: Affordable housing, housing market, sustainable growth, price, demand, supply

Тұрғын үй нарығы жоғары бәсекеге қабілетті және көпқабатты үйлерді салу мен пайдалануға байланысты кез келген өзгерістерге өте сезімтал. Қазіргі уақыттағы экономикалық өзгерістер мезгіл-мезгіл құрылыс материалдары мен конструкцияларына, энергия тасымалдаушыларға, жанар-жағармай материалдарына, құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға, құрылысшылардың еңбекақысына жұмсалатын шығындарға бағаның өсуіне алып келеді, нәтижесінде жаңа тұрғын үй түпкілікті құнында үнемі өсіп отырады. Жаңа тұрғын үй бағасының өсуінен кейін пәтерлер мен қайталама тұрғын үй нарығындағы бағалар бірден өсуде. Тұрғын үй құнының осындай тұрақты динамикалық өсу қарқынының нәтижесінде Қазақстан халқының негізгі бөлігі өз тұрғын үйіне бос қаржы ресурстарын дербес жинақтауға үлгермейді. Сонымен қатар, қалалық тұрғын үй құны өте жоғары, сондықтан ел халқының негізгі бөлігі төлем қабілетсіз.

Соңғы жылдары ел халқын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мәселесі ерекше өткір тұр. Әлемде тұрғын үй нарығының жай-күйі өз кезегінде экономиканың жай-күйінің индикаторына айналууда. Бұл мемлекеттің ЖІӨ-дегі нарықтың жоғары үлесімен, ел бюджетіне алғашқы сатылымдардан түсетін түсімдермен, мемлекеттік және муниципалды жылжымайтын мүлікті жалға алумен және т. б. түсіндіріледі. Бұл нарық мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан және өзінің жетілуімен ерекшеленетін Батыс елдерімен салыстырғанда Қазақстан Республикасында жалақысы төмен резиденттер мен осал әлеуметтік топтардың әлеуметтік қамсыздандыру деңгейі әлі де төмен болып қалуда. Жалақысы төмен халықтың бір бөлігі бастапқы жарна сомасының ұлғаюына, сондай-ақ тұрғын үй нарығында орын алатын бірқатар басқа мәселелерге байланысты өзін жеке тұрғын үймен қамтамасыз ете алмайды. Білім беру және денсаулық сақтау жүйелерін жаңғыртумен қатар халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың басымдықтарының бірі ел халқының негізгі бөлігі үшін қазіргі заманғы тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру болып табылады [1,119 б.].

Тұрғын үй бағасының өсу себептерін ескере отырып, тұрғын үйге қол жетімділік деңгейіне әсер ететін факторларды қарастыруға ерекше назар аудару керек. Тұрғын үй жағдайларын жақсарту мүмкіндігі халықтың ағымдағы әл-ауқатының демографиялық, әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары, бюджеттік-нормативтік және кредиттік-қаржы жүйесінің параметрлері, тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету саласындағы баға және тарифтік саясат бір-бірімен тығыз байланысты күрделі санат болып табылады.

Қазіргі еліміздегі ең күрделі әлеуметтік-экономикалық міндеттерінің бірі, оны шешу оны модернизациялау перспективаларына байланысты, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және осыған байланысты елдің адами әлеуетінің өсуі болып табылады.

Зерттелетін тақырып бойынша әдебиеттерді шолуға сәйкес, ағылшын тіліндегі экономикалық талдауда екі негізгі термин бар: affordability и accessibility. «Affordability» терминінің мағынасы әлеуметтік осал топтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету болып

табылады. Бұл көбінесе «әлеуметтік тұрғын үй» терминіне жақын. Ал «accessibility» термині-үй сатып алудың немесе жалға алудың барлық нарықтық механизмдері үшін еркін нарықтағы тұрғын үй ұсынысын қамтамасыз ету [2, 84 б.].

Әлемдік тәжірибеде «тұрғын үйдің қолжетімділігі» ұғымы – адамның өз үйін сатып алу мүмкіндігі. «Тұрғын үйге қол жетімділік» ұғымы алғаш рет БҰҰ-ның 1948 жылғы құжаттарында адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында ресми түрде белгіленді: «лайықты және қаржылық қол жетімді тұрғын үйге қол жеткізу – адамның басты қажеттілігі». 1966 жылы қол жетімді тұрғын үйге адам құқығы экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде бекітілді. Қазақстан Республикасының Конституциясы қолжетімді тұрғын үй құқығын қорғайды, яғни мемлекет адамның елдің азаматы ретінде жеткілікті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етеді [3].

Әдеби дереккөздерде «Қолжетімді баспана» санаты әртүрлі қарастырылады. Сонымен, Кудрявцев А.П. егер адам өзінің өмірлік қажеттіліктеріне зиян келтірместен орташа бағамен үй сатып ала алса, тұрғын үйді қол жетімді деп санайды [4]. Басқа авторлар қазіргі заманғы тұрғын үйді 20-25 жыл ішінде ипотекалық несиені өтеу мүмкіндігі болған жағдайда қол жетімді деп санауға болады [5, 58 б.]. Біздің пікірімізге сай, тұрғын үйдің қол жетімділігі – бұл нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы, онда әр адам өзінің құндылық бағдарларына, қажеттіліктеріне және табыс деңгейіне сәйкес қандай да бір тұрғын үй класына жатуға қол жеткізу үшін белгілі бір әрекеттерді жасай алады.

Тұрғын үйдің қолжетімділігі адам өмірінің «тұрғын үй құрамдас бөлігінің» басты институционалдық индикаторы болып табылады. Бұл көрсеткіш «тұрғын үй алаңымен қамтамасыз етілуден» гөрі анағұрлым мазмұнды және серпінді, біздің елімізде нарықтық қатынастарды бекітумен қалыптасқан тұрғын үй саласындағы әлеуметтік-экономикалық шындықты көрсетеді, тұрғын үйге деген қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігі туралы сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді.

Ресей Ғылым академиясының Халықаралық экономикалық және саяси зерттеулер институтының көрсеткіштеріне сәйкес, келесі елдерде тұрғын үйге қол жетімділік индекстері: Рио-де-Жанейро – 2,5 жыл, Мельбурн – 3,6 жыл, Лондон – 4,7 жыл, Токио – 5,6 жыл, Стокгольм – 6 жыл және Амстердам – 7,8 жыл. Бұл қалалардың тұрғындарының тұрғын үй жағдайлары әртүрлі екені белгілі, бірақ бұл елдердің тұрғындары үшін тұру стандарттарына сәйкес келетін тұрғын үйлер қарастырылған. «Colliers International Kazakhstan» халықаралық консалтингтік компаниясының деректері бойынша бұл көрсеткіш Қазақстан үшін 7,4 жылды құрайды. Бұл ұзақ мерзімді көрсеткіш болып саналады. Бұл көрсеткіш Астана қаласы үшін 5,7 жыл, Алматы қаласы – 6,6 жыл, Шымкент қаласы – 8,9 жыл [6].

Тұрғын үйдің қол жетімділігі тұтынушының тауардың осы түрін сатып алу мүмкіндігін ескеруі керек. Оның қол жетімділігіне әсер ететін негізгі факторлар: тұрғын үй бағасы, ипотекалық сыйақы мөлшерлемесі, ипотекалық несиелеудің басқа шарттары, үй шаруашылықтарының кірістері, тұрғын үй салығы, ТКШ қызметтері үшін төлемдер және т.б. [6].

Қазақстандағы тұрғын үй мәселелері тұтастай алғанда мемлекет үшін де, оның азаматтары үшін де маңызды болып табылады. Елде осы мәселелерді шешуге, сондай-ақ тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған бірнеше бағдарламалар мен бастамалар бар.

Олардың бірі – «Қолжетімді баспана» бағдарламасы, ол жас отбасыларға, көпбалалы отбасыларға, ардагерлерге және халықтың басқа да әлеуметтік осал топтарына жеңілдікті шарттар бойынша жылжымайтын мүлік салуды және сатып алуды көздейді.

Соңғы жылдары Қазақстан Үкіметі жаңа объектілердің, оның ішінде жаппай тұрғын үй, коммерциялық жылжымайтын мүлік және премиум-класс объектілерінің құрылысын ынталандыра отырып, тұрғын үй нарығын дамыту бойынша белсенді жұмыс

жүргізуде. Бұл әртүрлі әлеуметтік топтар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін жақсартуға және тұтыну нарығында тұрақтылықты сақтауға бағытталған. Сондай-ақ, Қазақстанда ипотекалық несиелеу жүйесі бар, ол азаматтарға тиімді шарттармен несиеге тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік береді.

Алайда, бірқатар шараларға қарамастан, жылжымайтын мүлікке қол жетімділік мәселесі, әсіресе оның тапшылығы мен бағаның өсуі байқалатын елдің ірі қалаларында өзекті болып қала береді. Осы мәселе аясында мигранттарды әлеуметтік бейімдеу және оларды тұрғылықты жерімен қамтамасыз ету мәселелері де туындайды.

Қазақстандағы тұрғын үй мәселесінің негізгі аспектілері:

- Жаңа тұрғын аудандарды дамыту.
- Эконом-класс және әлеуметтік тұрғын үй құрылысы.
- Ипотекалық несиелеуді жақсарту.
- Аймақтық жылжымайтын мүлік нарықтарын дамыту.
- Жеке секторды тарту.

Даму стратегиясы шеңберінде мектептерді, балабақшаларды, дүкендерді және басқа да қоғамдық мақсаттағы объектілерді қоса алғанда, инфрақұрылымы бар жаңа тұрғын аудандар мен шағын аудандарды құру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Азаматтардың белгілі бір санаттарын қолдау бағдарламаларынан басқа, үкімет оның жалпы қолжетімділігін арттыру үшін үнемді және әлеуметтік тұрғын үй құрылысын ынталандырады [7].

Қазақстан Үкіметі ипотекалық кредит беру шарттарын жақсарту бойынша жұмысты жалғастырып, оны халыққа қолжетімді етуде. Бұған пайыздық мөлшерлемелерді төмендету, несиелеу мерзімдерін ұзарту және басқа шаралар кіреді.

Кейбір жағдайларда тұрғын үйге қол жетімділік проблемалары шалғай аймақтарда көбірек сезіледі. Ел басшылығы өңірлік жылжымайтын мүлік нарықтарын дамыту және елдің әртүрлі бөліктерінде тұрғын үйге біркелкі қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралармен жұмыс істеуде.

Қабылданған қадамдарға қарамастан, жылжымайтын мүлік мәселелері демографиялық өзгерістер, экономикалық жағдайлар және жылжымайтын мүлік нарығының динамикасы сияқты әртүрлі факторларға байланысты сақталуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Алайда, ел басқармасы осы мәселелерді шешудің кешенді тәсілдерімен жұмыс істеуді жалғастыруда.

Елдегі тұрғын үй мәселесін шешуге әсер ететін қосымша аспектілерді қарастыратын болсақ, Үкімет электрмен жабдықтау, жылыту, сумен жабдықтау және кәріз сияқты тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің сапасын жақсартуға тырысады. Бұған қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғырту және жаңа технологияларды енгізу кіреді. Елдің тұрақты дамуы аясында тұрғын үйлердің энергия тиімділігіне баса назар аударылады. Энергия үнемдейтін жабдықты орнату, жылу оқшаулауды жақсарту және энергия тұтынуды реттеу бойынша шаралар қабылдануда.

Халықтың тұрғын үй қажеттіліктерін ескере отырып, қалалық даму стратегиялары әзірленуде. Бұл жаңа тұрғын аудандарды жоспарлау, экологиялық аспектілерді есепке алу және қоғамдық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету. Үйсіз, аз қамтылған отбасылар мен мигранттар сияқты халықтың ең осал топтары үшін Үкімет уақытша баспана, әлеуметтік төлемдер, білім беру мен медициналық қызметтерге қол жетімділікті қоса алғанда, қолдаудың әртүрлі түрлерін ұсынады [7].

Қазақстанда өмір сүру сапасын арттыру және дамыту жөніндегі шараларға келетін болсақ, бюрократияны төмендетуге, кәсіпкерлікті ынталандыруға, инвестициялық ахуалды жақсартуға және шағын және орта бизнесті дамытуға жәрдемдесуге бағытталған экономикалық реформаларды жалғастыру қажет деп санаймыз. Сонымен қатар:

– Жоғары білімнің қолжетімділігін арттыруды, кәсіптік білім беруді дамытуды және қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес оқытуды қоса алғанда, білім беруге инвестициялар салу.

–Денсаулық сақтау жүйесін жақсарту, оның ішінде өңірлерде медициналық қызметтердің қолжетімділігін кеңейту, медициналық жабдықтарды жаңғырту және медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.

–Жолдарды, темір жолдарды және әуежайларды қоса алғанда, көлік инфрақұрылымын дамытуға, сондай-ақ энергетикалық инфрақұрылым мен телекоммуникациялық желілерді дамытуға инвестициялар.

–Халықтың аз қамтылған топтарын қолдауды қоса алғанда, азаматтарды әлеуметтік қорғау деңгейін арттыру, еңбек жағдайлары мен әлеуметтік қамсыздандыруды жақсарту.

–Зерттеулер мен әзірлемелерді қолдау, технологиялық стартаптарды ынталандыру және цифрлық экономика үшін инфрақұрылымды жаңарту арқылы инновациялар мен технологияларды дамытуға ықпал ету.

–Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды орнықты пайдалану және ластануды азайту жөніндегі шараларды іске асыру, бұл экологиялық таза технологияларды қалыптастыру арқылы экономикалық дамуға да ықпал етуі мүмкін.

–Инфрақұрылымдық жобаларды және экономикалық белсенділікті ынталандыруды қоса алғанда, шалғай және аз қоныстанған өңірлерді дамыту жөніндегі арнайы бағдарламалар.

–Құқықтық тәртіп саласындағы реформалар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, азаматтық қоғам институттарын нығайту және адам құқықтарын қолдау.

Халықаралық жобалар мен бастамаларға қатысу, басқа елдермен тәжірибе және үздік тәжірибелермен алмасу, сондай-ақ шетелдік инвестициялар мен технологияларды тарту.

Осылайша, қарастырылған іс-шараларды іске асыру Қазақстанда өмір сүру сапасын жақсарту және тұрғын уйге қолжетімділікті арттыру үшін қолайлы жағдай жасауға көмектеседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ибрагимова З.Ф., Иксанова К.Ф. О подходах к оценке доступности жилья для населения в Российской Федерации // Экономика: вчера, сегодня, завтра. 2019. Том 9. № 12А. С. 117-128. DOI: 10.34670/AR.2020.92.12.043

2. Максимов, С.Н. Экономика недвижимости / С.Н. Максимов. - М.: Academia, 2018. - 232 с.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған).

4. Кудрявцев А.П. Исследования и теоретические основы доступности жилья на данном этапе экономического развития России // Экономика и бизнес.- 2019.- №4. - [Электронный ресурс] URL:<http://www.minregion.ru>

5. Кишибекова Г.К. Обеспеченность и доступность жилья в Республике Казахстан: современное состояние и проблемы // Вестник Северо-Кавказского федерального университета. 2020. - №1 (76).- С.53-65.

6. Тлесова Э.Б. Анализ факторов, влияющих на уровень доступности жилья в Республике Казахстан. Вестник университета «Туран». 2022;(4):50-63. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-4-50-63>

7. <https://orda.kz/kak-reshaetsja-zhilischnyj-vopros-v-kazahstane-383061>.

Авторлар туралы мәліметтер

* Тлесова Айгул Бакытжановна – экономика ғылымдарының кандидаты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, e-mail: zhanat.i@internet.ru

**Қабекен Жұпархан Нұрболатқызы – 7М04101 «Экономика» білім беру бағдарламасының магистранты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, zhanat.i@internet.ru

Сведения об авторах

* Тлесова Айгул Бакытжановна – кандидат экономических наук, Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, e-mail: zhanat.i@internet.ru

** Кабекен Жұпархан Нұрболатқызы – магистрант образовательной программы 7M04101 «Экономика», Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, zhanat.i@internet.ru

Information about the authors

* Tlesova Aigul Bakytzhanovna – Candidate of Economic Sciences, M. Utemisov West Kazakhstan University, e-mail: zhanat.i@internet.ru

** Kabeken Zhuparkhan Nurbolatovna – Master's student of the educational program 7M04101 «Economics», M. Utemisov West Kazakhstan University, zhanat.i@internet.ru

ӘОЖ 338.46

АЙМАҚТАҒЫ ТҰРҒЫН-ҮЙ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІ

Тлесова А.Б.¹, Қатиетов С.Ө.²

^{1,2} М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық – тұрғындардың инженерлік инфрақұрылымының, халыққа ыңғайлы, қауіпсіз өмір сүретін түрлі ғимараттардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін экономика салаларының жиынтығы. Аймақтардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды жүйелік факторларының маңыздысы да осы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы (ТКШ) болып табылады. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты тиімді басқару қалалардың жылдам өсуі, урбанизация процесі және инженерлік жүйелердің бейімделуін және оларды энергетикалық тиімділік пен тұрақты дамудың заманауи стандарттарына сәйкес келтіруді талап ететін климаттық жағдайлардың өзгеруі аясында ерекше өзектілікке ие болады.

Түйін сөздер: тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік басқару, аймақтық даму, инфрақұрылым, жаңғырту, мемлекеттік бағдарламалар, басқару тиімділігі

ЭФФЕКТИВНОСТЬ УПРАВЛЕНИЯ ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНЫМ ХОЗЯЙСТВОМ В РЕГИОНЕ

Тлесова А.Б.¹, Катиетов С.У.²

^{1,2} Западно-Казахстанский университет им.М.Утемисова, г.Уральск, Республика Казахстан

Аннотация. Жилищно-коммунальное хозяйство-совокупность отраслей экономики, обеспечивающих функционирование инженерной инфраструктуры населения, различных зданий, обеспечивающих комфортную, безопасную жизнь населения. Важнейшими системными факторами устойчивого социально-экономического развития регионов являются также жилищно-коммунальное хозяйство (ЖКХ). Эффективное управление жилищно-коммунальным хозяйством приобретает особую актуальность на фоне быстрого роста городов, процесса урбанизации и изменения климатических условий, требующих адаптации инженерных систем и приведения их в соответствие с современными стандартами энергетической эффективности и устойчивого развития.

Ключевые слова: жилищно-коммунальное хозяйство, Государственное управление, региональное развитие, инфраструктура, модернизация, государственные программы, эффективность управления

THE EFFECTIVENESS OF HOUSING AND COMMUNAL SERVICES MANAGEMENT IN THE REGION

Tlesova.A.B,¹ Katyetov S.U.²

^{1,2} M.Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Republic of Kazakhstan

Summary. Housing and communal services is a set of economic sectors that ensure the functioning of the engineering infrastructure of the population, various buildings that ensure a comfortable, safe life for the population. Housing and communal services (housing and communal services) are also the most important systemic factors of sustainable socio-economic development of the regions. Effective management of housing and communal services is becoming particularly relevant against the background of rapid urban growth, the process of urbanization and changing climatic conditions that require the adaptation of engineering systems and bringing them in line with modern standards of energy efficiency and sustainable development.

Keywords: housing and communal services, public administration, regional development, infrastructure, modernization, government programs, management efficiency

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқару мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдарының және жеке сектордың арасында бөлінген жауапкершілік пен өкілеттіліктерге негізделеді. Мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері мен тетіктері – заңнамалық реттеу, қаржылық қолдау, басқару стандарттары мен бақылау механизмдерін енгізу болып табылады. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтар өз мәні бойынша коммерциялық ұйымдар болып табылады. Олардың мақсаты – пайда табу, бірақ сонымен бірге тұрғын үйді жөндеу және күтіп ұстау тарифтері белгіленген стандарттардан асып кете алмайды. Өйткені, тұрғын үй инфрақұрылымның маңызды бөлігі болып табылады, яғни халықтың әлеуметтік - тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуге арналған қызмет көрсету саласының кешендері.

Тұрғын үй маңызды әлеуметтік рөл атқарады, атап айтқанда:

- халықты сыртқы қолайсыз атмосфералық жағдайлардан қорғайды;
- отбасының дамуына жағдай жасайды, халықтың мәдени деңгейін арттырады;
- үй жұмысын жеңілдететін коммуналдық қызметтерді, заманауи тұрмыстық техниканы пайдалануға мүмкіндік береді.

Тұрғын үй экономикасы елдің бүкіл экономикасына да әсер етеді. Мысалы, жаңа ғимараттар салу жаңа аумақтарды игеру, жаңа жолдар құру, жерасты желілерін салу, халықты жылумен, сумен және басқа да қызметтермен, сондай-ақ бүкіл қызмет көрсету саласындағы әлеуметтік мекемелер мен ұйымдармен қамтамасыз ететін көлік пен коммуналдық кәсіпорындарды дамыту қажеттілігін тудырады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқару – бұл көп деңгейлі жүйе, оның ішінде мемлекеттік органдардың, жергілікті билік құрылымдарының, жеке сектор мен қоғамдық ұйымдардың бірігіп жұмыс істей алатын саласы. ТКШ-ны тиімді басқару тұрғындардың тұрмыс сапасын арттырып, аймақтық дамудың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл мақсатқа жету үшін инфрақұрылымды жаңғырту, қаржылық және әкімшілік басқару тетіктерін жетілдіру, энергия үнемдеу және экологиялық қауіпсіздік шараларын қолдану маңызды. Сонымен қатар, қоғамдық бақылау мен ашықтықты қамтамасыз ету арқылы ТКШ саласындағы жұмыс сапасын арттыруға болады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқаруда жергілікті әкімдіктердің рөлі маңызды және көпқырлы. Біріншіден, жергілікті әкімдіктер тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің сапасын бақылап, оның тұрақты жұмысын қамтамасыз етуде негізгі жауапкершілікті өзіне алады. Әкімдіктер коммуналдық қызметтерді ұсынатын ұйымдармен келісімдер жасасып, олардың қызметінің сапасын, бағаларын және тиімділігін бақылап, тұрғындарға қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жергілікті билік органдары аймақтағы инфрақұрылымды жаңғырту мен дамыту бойынша шешімдер қабылдайды [1].

Екіншіден, жергілікті әкімдіктер тұрғындармен тікелей байланыста болып, олардың қажеттіліктері мен талаптарын ескере отырып, коммуналдық қызмет көрсету саласында реформалар жүргізеді. Олар тұрғындардан шағымдар қабылдап, олардың шешілуіне жедел әрекет етеді. Әкімдіктердің жұмысында тұрғындардың әлеуметтік жағдайын ескере отырып, тарифтік саясатты реттеу маңызды. Әкімдіктер коммуналдық қызметтер үшін әділ тарифтерді белгілеуге және олардың өзгеруін бақылауға міндетті.

Үшіншіден, жергілікті әкімдіктер тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту мен жаңғырту үшін инвестициялар тартуға жауапты. Олар мемлекеттік бағдарламаларды іске асырып, инфрақұрылымдық жобаларға қажетті қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Осыған байланысты әкімдіктер жергілікті бюджетті тиімді жоспарлап, коммуналдық саладағы жаңа технологияларды енгізу мен экологиялық таза шешімдерге назар аударады. Бұл өз кезегінде аймақтағы инфрақұрылымның сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, жергілікті әкімдіктер тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқару саласында қоғамдық бақылауды жүзеге асырады. Әкімдіктер қоғамдық ұйымдармен, тұрғындармен бірлесіп, ашықтықты қамтамасыз етіп, коммуналдық қызмет көрсету сапасын арттыру үшін тұрғындардың пікірлерін ескереді. Бұл бақылау жүйесі тұрғындардың құқықтарын қорғау мен қызмет көрсету сапасын жақсартуға көмектеседі, сондықтан әкімдіктердің қоғамдық бақылауды күшейтуге бағытталған әрекеттері маңызды.

Аймақтағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқару – бұл жергілікті деңгейде тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту және коммуналдық қызметтердің сапасын қамтамасыз ету саласындағы маңызды бағыт. Бұл жүйе тұрғындарға әртүрлі қызметтерді ұсыну арқылы аймақтың әлеуметтік және экономикалық дамуына әсер етеді. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқарудың тиімділігі жергілікті әкімдіктердің және басқа да мемлекеттік органдардың үйлесімді жұмысына, инфрақұрылымдық жаңғыртуға, қаржылық тұрақтылыққа және қоғамның белсенді қатысуына байланысты болады.

Аймақтарда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқарудағы бірінші маңызды аспект – инфрақұрылымды дұрыс ұйымдастыру және басқару. Әдетте, коммуналдық қызметтер көпқабатты үйлер мен жеке секторларға жылу, су, электр энергиясын жеткізу, қалдықтарды жинау мен көму сияқты қызметтерді қамтиды. Бұл қызметтерге тұрғындардың сұранысы үнемі артып отыр, сондықтан аймақтық деңгейде инфрақұрылымның жағдайы мен оны жаңғырту өте маңызды. Заманауи технологияларды енгізу, энергия үнемдеуші құрылыс материалдарын пайдалану және су мен жылу жүйелерін модернизациялау арқылы инфрақұрылымды жаңғырту аймақтағы коммуналдық қызметтер сапасының жақсаруына ықпал етеді.

Екінші жағынан, қаржылық ресурстарды тиімді басқару аймақтағы коммуналдық шаруашылықты дамыту үшін шешуші фактор болып табылады. Аймақтық әкімдіктер коммуналдық қызметтердің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті қаржы көздерін іздеп, бюджеттік жоспарлауды жүзеге асырады. Әкімдіктер коммуналдық қызмет көрсететін ұйымдармен келісім-шарттар жасасып, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, коммуналдық қызметтерге тарифтерді әділ реттеу және оларды уақытында көтермеу тұрғындардың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді. Тарифтік саясаттың дұрыс құрылуы аймақтың экономикалық жағдайына оң әсер етеді [2].

Аймақтық деңгейде инфрақұрылымдық жаңғырту жобаларының жүзеге асуы да айтарлықтай маңызды. Бұл процестер экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, энергия тиімділігін арттыруға және тұрғын үйлердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда Қазақстанда мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде осындай жобалар жүзеге асырылып, жаңа технологиялар енгізілуде, бұл өз кезегінде коммуналдық қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқарудың тиімділігі көптеген жағдайда оның құқықтық реттелуіне де байланысты болады. Қазақстанда бұл салада қабылданған бірнеше негізгі заңдар мен нормативтік актілер бар, олар коммуналдық қызмет көрсету сапасын бақылауға, тарифтерді реттеуге және тұрғындардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Мысалы, Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына орай, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық көрсететін қызметтер – бұл халықтың тұрмыс деңгейін айқындайтын негізгі өмірлік игіліктердің бірі, өйткені халықтың оларға қанағаттануы немесе оларға мұқтаж болуы әсіресе өткір сезіледі [3]. Сонымен қатар, Қазақстандағы 2025–2027 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа арналған бюджет шығындары мемлекет тарапынан тұрғын үй жағдайларын жақсарту және инфрақұрылымды жаңғыртуға деген ұмтылысын көрсетеді. Тұрғын үй құрылысы, сумен жабдықтау, су бұру және жылумен жабдықтау саласындағы жоспарланған жобалар жайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етіп, коммуналдық қызметтердің сапасын арттыруға және қалалар мен ауылдық елді мекендердің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге көмектеседі. Бұл жобалардың табысты жүзеге асырылуы қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға және елдің дамуына қолайлы жағдай жасауға ықпал етеді.

Халыққа коммуналдық қызмет көрсету мәселелері тиісті салалардағы ұлттық, мемлекеттік стандарттарда, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарда, техникалық регламенттерде және нормативтік құқықтық актілерде көзделген талаптармен регламенттеледі. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы туралы заңдар мен басқа да нормативтік актілер коммуналдық қызметтерді ұсынатын ұйымдар мен тұрғындар арасындағы қарым-қатынасты реттейді. Жергілікті билік органдарының өкілеттіктері нақты белгіленген, бұл өз кезегінде тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Әкімдіктердің коммуналдық қызметтерді бақылауы, тарифтердің әділ болуы, қызмет көрсету сапасын бақылау саласындағы іс-шаралар халықтың әлеуметтік жағдайына әсер етеді.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқаруда қаржылық ресурстарды тиімді бөлу және пайдалану маңызды рөл атқарады. Аймақтық деңгейде коммуналдық қызметтерді қаржыландыру бюджеттік жоспарлау, инвестициялық жобаларды қолдау және жеке сектордың қатысуымен жүзеге асады. Мұндай жүйе инфрақұрылымдық жаңғыртуға, тұрғын үйлерді жөндеуге және энергия тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, коммуналдық қызметтердің тарифтерін реттеу де маңызды мәселе болып табылады. Тарифтер әділ түрде белгіленуі керек, себебі олар халықтың әлеуметтік жағдайына әсер етеді. Аймақтық бюджеттің тиімді басқарылуы мен коммуналдық қызмет көрсету компанияларының қаржылық тұрақтылығы осы саладағы қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту аймақтық дамудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Инфрақұрылымдық жаңғырту жұмыстарының негізгі мақсаты – энергия тиімділігін арттыру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тұрғын үйдің сапасын жақсарту. Аймақтағы инфрақұрылымды жаңғырту үшін заманауи технологияларды енгізу, су мен жылу жүйелерін модернизациялау, энергия үнемдеуші құрылыс материалдарын қолдану қажет. Қазақстанда бұл бағытта бірнеше мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда, олардың ішінде көпқабатты үйлердің жылу және су жүйелерін жаңарту, жаңа энергия үнемдеу технологияларын енгізу сияқты жобалар бар. Бұл шаралар аймақтағы коммуналдық

қызметтердің сапасын арттыруға және экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді.

Аймақтағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқару жүйесінің тиімділігі жергілікті билік органдарының жұмысымен тығыз байланысты. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары тұрғындардың қажеттіліктерін ескере отырып, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырады және коммуналдық қызметтердің сапасын бақылайды. Сонымен қатар, жергілікті әкімдіктер тұрғындардың коммуналдық қызмет көрсету саласындағы шағымдарына жедел жауап беруі тиіс. Әкімшілік басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін мемлекеттік органдар мен коммуналдық қызмет көрсету компаниялары арасында үйлесімділік болуы керек. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқаруда қоғамдық бақылау да маңызды рөл атқарады, себебі ол қызмет көрсету сапасының ашықтығын қамтамасыз етеді және тұрғындардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Аймақтағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқару жүйесінің тиімділігі оның құқықтық негіздері, қаржылық басқару, инфрақұрылымдық жаңғырту, энергия үнемдеу және әкімшілік басқару жүйесіне байланысты. Бұл саладағы мемлекеттік және жергілікті органдардың үйлесімді жұмысы, сондай-ақ қаржылық және әкімшілік тетіктердің тиімділігін арттыру тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға және аймақтық дамудың тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының сапалы жұмыс істеуі үшін тек мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру ғана емес, сонымен қатар жаңа технологиялар мен инновациялық әдістерді енгізу маңызды.

Қазірде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту әлеуметтік-экономикалық қайта құрудың маңызды бағыты болып табылады. ТКШ саласын жаңғырту инновациялық технологиялық және басқарушылық шешімдерді енгізуді ғана емес, сонымен қатар инвестициялық тартымдылық пен тиімділікті арттыруды талап етеді. Саланы дамытудың негізгі бағыттары азаматтардың жайлылығын жақсартуды, өсімін молайтуды, тұрғын үй қорын сапалы күтіп-ұстауды және жөндеуді қоса алғанда, адам өмірі үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту-бұл жүйелі тәсілді және барлық мүдделі тараптардың белсенді өзара іс-қимылын талап ететін кешенді және көп сатылы процесс. Өзекті мәселелерді шешу айтарлықтай қаржылық ресурстарды ғана емес, сонымен қатар саяси ерік-жігерді, инновациялық шешімдерді және азаматтардың қатысуын талап етеді. Тек осы жағдайда ғана азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға және Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының тұрақты және тиімді жүйесін құруға мүмкіндік беретін нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Қорытындылай келе, аймақтағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқару жүйесінің тиімділігі бірнеше факторға тәуелді. Бұл жүйе инфрақұрылымдық жаңғырту, қаржылық тұрақтылық, мемлекеттік органдардың үйлесімді жұмысы, құқықтық реттеу және қоғамдық бақылауды қамтиды. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту үшін аймақтық әкімдіктердің тиімді жұмыс істеуі мен жаңа технологияларды енгізу маңызды. Мұндай кешенді тәсілдер аймақтардағы өмір сүру сапасын арттыруға және аймақтық дамудың тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Красникова М. В. Модернизация жилищно-коммунального хозяйства: актуальные проблемы и пути их решения //2024. №21 (171). URL: <https://scilead.ru/article/6581-modernizatsiya-zhilishchno-kommunalnogo-khozya>

2. Кузина Е.В. проблема модернизация в жилищно-коммунальном хозяйстве и способы её решения // Вестник науки. - 2023. - №12 (69).

3. Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысы.

Авторлар туралы мәліметтер

* Тлесова Айгул Бакытжановна – экономика ғылымдарының кандидаты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, e-mail: zhanat.i@internet.ru

**Қатиетов Сеит Өмірбекұлы – 7М04106 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасының магистранты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, zhanat.i@internet.ru

Сведения об авторах

* Тлесова Айгул Бакытжановна – кандидат экономических наук, Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, e-mail: zhanat.i@internet.ru

** Катиегов Сеит Омирбекович - магистрант образовательной программы 7М04106 «Государственное и местное управление», Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, zhanat.i@internet.ru

Information about the authors

* Tlesova Aigul Bakytzhanovna – Candidate of Economic Sciences, M. Utemisov West Kazakhstan University, e-mail: zhanat.i@internet.ru

** Katyetov Seit Omirbekovich - master's student of the educational program 7M04106 "State and local government ", zhanat.i@internet.ru

УДК. 331.446.4

ИССЛЕДОВАНИЕ ЗАРУБЕЖНЫХ МЕТОДОВ И ТЕХНОЛОГИЙ РАЗВИТИЯ ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ У СОТРУДНИКОВ ОРГАНИЗАЦИИ

Шалабаева Ш. Е.¹, Шералиева Д. М.²

^{1,2} Каспийский Общественный Университет, г. Алматы, Республика Казахстан

Аннотация: Статья посвящена анализу зарубежных методов и технологий развития лидерских качеств у сотрудников организации. Рассмотрены теоретические подходы к лидерству, ведущие практики и программы обучения, а также современные технологии, применяемые в корпоративной среде. Особое внимание уделено концепциям эмоционального интеллекта, коучинга, менторства и интеграции цифровых технологий в процесс развития лидерства. На основе обзора литературы и практик предложены рекомендации для их применения в отечественных организациях.

Аннотация: Мақала ұйым қызметкерлерінің көшбасшылық қасиеттерін дамытудың шетелдік әдістері мен технологияларын талдауға арналған. Көшбасшылыққа теориялық тәсілдер, жетекші тәжірибелер мен оқыту бағдарламалары, сондай-ақ корпоративтік ортада қолданылатын заманауи технологиялар қарастырылады. Көшбасшылықты дамыту үдерісіне эмоционалдық интеллект, коучинг, тәлімгерлік және цифрлық технологияларды біріктіру ұғымдарына ерекше назар аударылады. Әдебиеттер мен тәжірибелерді шолу негізінде оларды отандық ұйымдарда қолдану бойынша ұсыныстар ұсынылады.

Abstract: The article is devoted to the analysis of foreign methods and technologies for developing leadership qualities in employees of an organization. Theoretical approaches to leadership, leading practices and training programs, as well as modern technologies used in the

corporate environment are considered. Particular attention is paid to the concepts of emotional intelligence, coaching, mentoring and the integration of digital technologies into the leadership development process. Based on a review of literature and practices, recommendations are proposed for their application in domestic organizations.

Ключевые слова: методы лидерских качеств, технологии лидерских качеств, анализ лидерских качеств, коучинг, менторство, корпоративная среда.

В современных условиях глобализации и цифровизации корпоративный сектор сталкивается с необходимостью быстрого реагирования на изменения внешней среды. Лидерские качества сотрудников становятся одним из ключевых факторов, обеспечивающих успешное функционирование организаций. Исследование зарубежных подходов к развитию лидерства позволяет выявить эффективные методы, которые можно адаптировать к отечественным реалиям. Цель данной статьи — изучить основные зарубежные методы и технологии развития лидерских качеств и оценить их применимость в контексте отечественного бизнеса.

Лидерство как социальный феномен исследуется в различных науках: психологии, социологии, менеджменте и других. Согласно теории черт лидерства, эффективные лидеры обладают определёнными врождёнными качествами, такими как харизма, уверенность и способность к принятию решений (Stogdill, 1948). Современные подходы, такие как ситуационная модель лидерства (Hersey & Blanchard, 1977), утверждают, что эффективность лидера зависит от контекста и уровня готовности команды [1, с. 8].

Лидерские качества способствуют не только повышению производительности, но и созданию инновационной и поддерживающей корпоративной культуры. Исследования Gallup показывают, что сотрудники, работающие под руководством эффективных лидеров, демонстрируют более высокий уровень вовлечённости и удовлетворённости работой.

Зарубежные методы развития лидерских качеств.

1. Программы обучения и тренинги. Зарубежные компании активно внедряют корпоративные программы обучения лидерству, направленные на развитие ключевых навыков, таких как стратегическое мышление, коммуникация и управление конфликтами. Например, General Electric разработала Leadership Development Program, которая включает симуляции реальных бизнес-ситуаций и анализ кейсов.

Методы обучения варьируются:

- Тренинги в классическом формате. Используются лекции, групповые обсуждения и ролевые игры.

- Метод кейсов. Harvard Business School активно применяет данный подход для анализа реальных ситуаций и поиска оптимальных решений.

2. Коучинг и менторство. Коучинг является одним из самых востребованных инструментов развития лидерства. Этот метод предполагает индивидуальную работу с сотрудником для выявления его сильных сторон и зон роста. Примеры:

- Google: программа G2G (Googler-to-Googler), где опытные сотрудники выступают в роли коучей.

- IBM: система менторства для передачи знаний между поколениями.

3. Развитие эмоционального интеллекта. Модель эмоционального интеллекта (EI) Дэниела Гоулмана стала основой для многих программ обучения лидерству. Исследования показали, что высокий уровень EI способствует лучшему управлению стрессом, эффективной коммуникации и мотивации команды. Корпорации, такие как Johnson & Johnson, используют программы оценки и развития EI для повышения эффективности лидеров.

4. Ассессмент-центры. Ассессмент-центры применяются для выявления лидерского потенциала сотрудников. Они включают серию заданий, моделирующих управленческие

ситуации, и обеспечивают объективную оценку навыков. Пример: компания Unilever использует глобальную систему оценки UFLP (Unilever Future Leaders Programme) [2, с. 12].

Технологии в развитии лидерских качеств.

1. Использование цифровых платформ. Современные платформы, такие как LinkedIn Learning и Coursera, предоставляют доступ к курсам и тренингам по лидерству. Например, курс «Foundations of Everyday Leadership» от Университета Иллинойса получил широкое признание за его практическую ориентацию.

2. Виртуальная и дополненная реальность. VR/AR-технологии позволяют моделировать сложные ситуации, требующие лидерских решений. Walmart и Siemens активно используют VR-симуляции для подготовки менеджеров к реальным вызовам.

3. Аналитика больших данных. Big Data позволяет прогнозировать лидерский потенциал сотрудников и разрабатывать персонализированные программы обучения. Например, SAP применяет алгоритмы искусственного интеллекта для оценки навыков своих лидеров.

4. Использование искусственного интеллекта. Использование технологий искусственного интеллекта (ИИ) оказывает значительное влияние на развитие лидерских качеств сотрудников. ИИ помогает анализировать и оценивать лидерский потенциал сотрудников, предоставляя персонализированные рекомендации для их дальнейшего роста и развития. Системы на базе ИИ могут отслеживать, как сотрудники справляются с руководящими обязанностями в проектах, и на основе этого анализа предоставлять рекомендации по улучшению их лидерских навыков.

Пример: Системы ИИ могут анализировать поведенческие и когнитивные паттерны сотрудников, такие как их подход к общению, принятие решений и работа в команде. На основе этих данных они могут предложить персонализированные рекомендации, направленные на развитие эмоционального интеллекта, стратегического мышления и способности работать в условиях стресса. Такие инструменты помогают формировать более гибких и адаптивных лидеров, способных эффективно справляться с вызовами современного бизнеса.

ИИ также позволяет организовать регулярные оценки и обратную связь, что способствует постоянному развитию и улучшению лидерских навыков сотрудников. Системы на основе ИИ могут предложить индивидуальные тренировки и курсы на основе анализа того, какие области развития требуют больше внимания. Это позволяет создать целенаправленные образовательные программы, ориентированные на потребности и цели конкретного сотрудника.

Благодаря использованию технологий, организации могут значительно упростить и ускорить процесс развития лидерства. Такие решения позволяют предоставлять сотрудникам доступ к необходимым знаниям и навыкам, а также помогают адаптировать обучение к изменениям в бизнес-среде. Технологии способствуют созданию более сплоченных и высокоэффективных команд, которые готовы реагировать на вызовы и достигать высоких результатов [3, с. 9].

5. Инклюзивное лидерство: новый стандарт. В последние годы инклюзивное лидерство стало одним из самых важных аспектов успешного управления. Лидеры, которые способны создать инклюзивную атмосферу, где каждый сотрудник может свободно выражать свои мысли и идеи, не только способствуют созданию здоровой корпоративной культуры, но и значительно повышают продуктивность и инновационный потенциал своих команд. Инклюзивное лидерство не только способствует равенству в рабочем процессе, но и становится одним из важнейших критериев эффективного и современного руководства.

Инклюзивное лидерство подразумевает способность лидера активно создавать условия, в которых все члены команды, независимо от их происхождения, пола, расы, религии или социального положения, чувствуют себя равными и имеют возможность

вносить свой вклад в процесс принятия решений. Такой подход способствует более высокому уровню доверия среди сотрудников и позволяет раскрывать их потенциал [4, с. 7].

Инклюзивные лидеры воспринимают разнообразие как сильную сторону команды и используют его для улучшения принятия решений, поиска инновационных решений и формирования более гибкой организационной культуры. Они понимают, что каждый человек, независимо от своего фона или личных характеристик, может внести уникальную ценность, и поэтому активно слушают мнения всех участников и обеспечивают их вовлеченность.

Ключевые аспекты инклюзивного лидерства:

- Признание и уважение различий между сотрудниками.
- Активное вовлечение всех членов команды в принятие решений.
- Устранение барьеров для равного участия и обеспечения справедливых возможностей для карьерного роста.

Практические шаги. Для того чтобы стать инклюзивным лидером, необходимо предпринимать конкретные шаги, направленные на создание справедливой и поддерживающей рабочей среды. Вот некоторые из них:

- Устранение предвзятости в оценке сотрудников. Важно, чтобы процессы оценки и продвижения были максимально объективными, без учета личных предубеждений. Это можно достичь через стандартизированные методы оценки, которые фокусируются на компетенциях и достижениях сотрудников, а не на их личных характеристиках или предыдущем опыте.

- Участие в мероприятиях, направленных на развитие культуры разнообразия. Лидеры могут активно участвовать в программах, семинарах и тренингах по вопросам инклюзивности, чтобы развивать осведомленность о различиях и научиться эффективно взаимодействовать с людьми разных культур и социальных групп.

- Создание прозрачной системы карьерного роста. Открытость и прозрачность в вопросах продвижения и карьерных возможностей помогают устранить возможные предвзятости и дают сотрудникам уверенность в том, что их карьерное развитие зависит от их заслуг, а не от других факторов. Лидеры должны обеспечивать равные условия для всех сотрудников и следить за тем, чтобы карьерный рост был справедливым и доступным для каждого. [5, с. 11]

Сравнение зарубежных и отечественных подходов. Отечественные организации, хотя и перенимают зарубежный опыт, часто сталкиваются с ограничениями в виде низкой корпоративной культуры, недостаточного финансирования и слабой интеграции современных технологий. Тем не менее, успешные кейсы (например, программа развития лидеров Каспибанка) демонстрируют, что адаптация возможна.

Выводы и рекомендации. Изучение зарубежных методов развития лидерства показывает, что для успешной адаптации требуется учитывать культурные и организационные особенности. Казахстанским компаниям рекомендуется:

- Активно внедрять коучинг и менторство как инструменты персонализированного развития.
- Инвестировать в цифровые платформы и технологии VR/AR.
- Уделять внимание развитию эмоционального интеллекта сотрудников.
- Создавать системы оценки лидерского потенциала на базе данных.

Развитие лидерских качеств сотрудников — ключевой фактор успешности организации. Зарубежные практики и технологии предоставляют множество эффективных инструментов, которые при грамотной адаптации могут существенно повысить конкурентоспособность отечественных компаний.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Stogdill, R. M. (1948). Personal factors associated with leadership: A survey of the literature. *Journal of Psychology*.
2. Hersey, P., & Blanchard, K. H. (1977). *Management of Organizational Behavior*.
3. Goleman, D. (1995). *Emotional Intelligence*.
4. Harvard Business Review (2023). *Best Practices in Leadership Development*.
5. Gallup (2020). *The State of the Global Workplace*.

Сведения об авторах

Шалабаева Шолпан Есламбековна - к.э.н., ассоциированный профессор, Каспийский Общественный Университет, e-mail: Shalbaeva_666@mail.ru
Шералиева Джумагуль Миянсаровна – студентка КОУ,
e-mail: jumagulsheralieva417@gmail.com

УДК 338.1

АНАЛИЗ ОСНОВНЫХ ПРОБЛЕМ, ВЛИЯЮЩИХ НА ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ащеулова Н.А.¹

Каспийский Общественный Университет, г. Алматы, Республика Казахстан

Аннотация: В статье рассматриваются и анализируются основные проблемы, которые копилась в течение многих лет в Казахстане и обострились в связи с экономическим кризисом вызванным пандемией коронавируса, а также политической и экономической обстановкой в мире. Сделана попытка проанализировать проблемы по мере значимости их влияния на экономический рост.

Ключевые слова: Экономический рост, проблемы, экономическим кризис, сырьевая экономика.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ТАЛДАУ

Ащеулова Н.А.¹

Каспий Қоғамдық Университеті, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Аннотация: Мақалада Қазақстанда көптеген жылдар бойы жинақталған және коронавирус пандемиясынан туындаған экономикалық дағдарысқа, сондай-ақ әлемдегі саяси және экономикалық жағдайға байланысты шиеленіскен негізгі проблемалар қаралады және талданады. Олардың экономикалық өсуге әсерінің маңыздылығына қарай проблемаларды талдауға әрекет жасалды.

Түйінді сөздер: Экономикалық өсім, проблемалар, экономикалық дағдарыс, шикізат экономикасы.

ANALYSIS OF THE MAIN PROBLEMS AFFECTING THE ECONOMIC GROWTH OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Ascheulova N.A.¹

Abstract: The article examines and analyzes the main problems that have been accumulating for many years in Kazakhstan and have worsened due to the economic crisis caused by the coronavirus pandemic, as well as the political and economic situation in the world. An attempt is made to analyze the problems according to the importance of their impact on economic growth.

Keywords: Economic growth, problems, economic crisis, commodity economy.

Для увеличения темпов роста экономики и ее структуры, нужно выявить и проанализировать проблемы, которые копились в течение многих лет в Казахстане и обострились в настоящее время в связи с экономическим кризисом, вызванным пандемией коронавируса, а также политической и экономической обстановкой в мире.

Попытаемся проанализировать некоторые проблемы по мере значимости их влияния на экономический рост:

1. Образование.

Структурный кризис, охвативший всю планету, выявил все проблемы, которые накопились за долгие годы в Казахстане. Одной из таких проблем является качество образования, как основного фактора повышения темпов экономического роста.

Уровень образования и квалификации рабочей силы — это основа для экономического развития любой страны и Казахстана, в частности.

Основные проблемы присущие современному состоянию системы образования в Казахстане, на наш взгляд состоят в следующем:

- недоступность высшего образования для всех слоев населения;
- не достаточная удовлетворенность потребностей рынка труда в уровне квалификации выпускников вузов;
- низкая заработная плата преподавателей и специалистов;
- не достаточный уровень квалификации преподавательского состава;
- не достаточный уровень внедрения цифровых технологий в учебный процесс.

Исследования PISA указывают на взаимосвязь финансирования и качества образования.

Из государственного бюджета больше всего расходов выделяется на образование — в среднем 4,0% от ВВП за 2018-2022 годы. Это чуть меньше, чем на социальную помощь и социальное обеспечение, которые в среднем составляли 4,8% от ВВП за тот же период (3,2% в 2018 году, 3,4% в 2019 году, 4,4% в 2020 году, 4,6% в 2021 году, 4,5% в 2022 году), сообщает [Bizmedia.kz](https://bizmedia.kz) со ссылкой на Telegram-канал [ERI Monitor](https://t.me/ERI_Monitor).



Рисунок 1. Economic Research Institute.

Примечание: рисунок составлен на основе источника [1]

Наблюдаются большие различия в расходах местных бюджетов на образовательную сферу в разных регионах. Туркестанская и Алматинская области (в среднем 13,8% и 10,3% соответственно за 2018-2022 годы), а также город Алматы (в среднем 7,3%) выделяют большую долю своих бюджетов.

Напротив, Северо-Казахстанская, Атырауская и Мангистауская области в среднем тратят на эту сферу меньше, всего около (в среднем 3,3%, 3,8% и 3,9% соответственно) по актуальным данным за период с 2018 по 2022 годы. [1]

Каждые три года в мировых системах образования ОЭСР проводит PISA для проверки критического мышления 15-летних подростков по математике, естественным наукам и чтению в более чем 65 странах, которые составляют 90% мировой экономики.

Международная программа по оценке успеваемости учащихся (PISA) – это глобальная программа, в рамках которой около 600 000 учащихся 15-летних курсов из разных стран проходят двухчасовой тест для оценки их навыков и знаний, в основном в области естественных наук, чтения и математики. Тестовые вопросы PISA не измеряют запоминание фактов, но требуют, чтобы учащиеся опирались на реальные навыки и знания по решению проблем.

Поскольку высокий рейтинг в PISA соответствует экономическому успеху, исследователи пришли к выводу, что PISA является одним из индикаторов того, готовят ли школьные системы учащихся к глобальной экономике знаний 21-го века.

Китай является страной с самым высоким баллом PISA в мире.

В экономическом докладе «Преодолевая кризис» Всемирный банк опубликовал экономический доклад по Казахстану, где говорится, что Казахстан был явным аутсайдером по качеству образования, и его результаты снижались на протяжении нескольких исследований.

«Также специалисты Всемирного Банка подсчитали, что слабое обучение во время пандемии ударит по экономике Казахстана на десятилетия. Ежегодный ущерб будет составлять 1,9 миллиардов долларов. Нынешние учащиеся, предположительно, потеряют 2,9% своих доходов. [2]

Казахстанские школьники на три года отстают от своих сверстников из стран ОЭСР («Организация экономического сотрудничества и развития») по уровню читательской грамотности, заявил председатель верхней палаты парламента Маулен Ашимбаев. Он отметил, что обеспокоен ситуацией и попросил Минпросвещения РК принять меры.

На заседании сената Ашимбаев сообщил, что в декабре 2023 года пришли свежие результаты международной оценки качества образования по линии ОЭСР под названием PISA-2022.

Пятого декабря ОЭСР опубликовала результаты исследования PISA-2022, в котором приняли участие подростки из 81 страны мира. В РК тестирование прошли 33 тыс. учеников. По ее результатам Казахстан по математике занял 46-е место (54-е в 2018 году), по чтению — 61-е (69-е в 2018 году), по естествознанию — 49-е место (69-е в 2018 году). Так, по сравнению с прошлыми годами страна улучшила математическую и естественно-научную грамотность детей. [3]

Низкая заработная плата преподавателей и специалистов

Нужно отметить и такой фактор, как низкая заработная плата специалистов.

Преподаватели и сотрудники вузов получают на 5% меньше, чем другие работники в РК.

По итогам 2023 года заработные платы в сфере образования составляли 97,16 тысячи тенге, в сфере высшего образования - 142,2 тысячи тенге.

Рост заработных плат работников вузов составил 4,2% за год, хотя в целом по системе образования - был на уровне менее 3%.

В то же время, с учетом инфляции, покупательская способность заработных плат работников высших учебных заведений сократилась на 2,9% за год, в целом по образовательной сфере - упала сразу на 4,4%. [4]

Если в национальных и государственных вузах повышение зарплаты происходит на государственном уровне, то в частных, это зависит от возможностей и желания собственников и руководства вуза.

Результатом низкой оплаты труда в сфере образования является то, что наиболее квалифицированные молодые специалисты стараются найти работу с большей заработной платой и это тоже один из факторов снижения качества образования в Казахстане.

2. Сырьевая экономика

Как будет развиваться экономика Казахстана напрямую зависит от экспорта сырья, негативно влияющего на рост экономики в будущем.




Рисунок 2. Импорт и экспорт Казахстана по месяцам (май 2023 - апрель 2024),
Источник: KazDATA

Примечание: рисунок составлен на основе источника [5]

Согласно статистическим данным за январь-май 2024 г. объем внешней торговли Республики Казахстан составил 55,3 млрд. долл. США, что на 2,16% меньше уровня в аналогичный период 2023 г.

За первые 5 месяцев 2024 г. Казахстан экспортировал во внешний мир продукцию в объеме 63,1 млн. тонн на сумму 32,5 млрд. долл. США. Этот показатель представляет собой увеличение физических и стоимостных объемов на 1,57% и на 1,87% соответственно по сравнению с аналогичным периодом 2023 г. Казахстан является крупнейшей в мире страной, не имеющей выхода к морю. Эта центрально-азиатская страна граничит на юге с Россией. Самыми ценными экспортными товарами из Казахстана остаются сырьевые товары (т.к., нефть, необработанное золото, рафинированная медь, необработанными сплавами и др.).

За рассматриваемый период данная товарная группа составила около двух третей (67,8%, т.е. 22,02 млрд. долл. США) от общего стоимостного объема экспортных продаж страны. В разрезе физических объемов экспорта данный показатель еще более значителен и составляет 87,4% (55,2 млн. тонн). Наименьшую долю в экспорте Казахстана занимает товарная группа готовых изделий – 6,6% (2,1 млрд. долл. США) в стоимостном объеме поставок и 1% (625,8 тыс. тонн) – в физическом.

За период с января по май 2024 г. Казахстан достиг торгового излишка (т.е., так называемого чистового торгового сальдо, которое определяется путем расчета разницы между стоимостью общего экспорта страны и стоимостью ее общего импорта) в 9,6 млрд. долл. США, что на 33,4% больше по сравнению с 7,2 млрд. долл. США в аналогичном

периоде 2023 г. Казахстан имеет значительные положительные чистые экспортные сальдо в международной торговле сырьевыми продуктами – 20,5 млрд. долл. США. В свою очередь, эти денежные потоки свидетельствуют о все еще сырьевой ориентированности казахстанского экспорта. [5]

3. Отрасли сельского хозяйства (АПК)

Сельское хозяйство для Казахстана, является одной из наиболее важных отраслей экономики, так как ее стабильный рост обеспечивает продовольственную безопасность страны.

Объем инвестиций в АПК заметно сократился в Казахстане, об этом говорят цифры за 5 месяцев 2024 года.

Объем инвестиций в основной капитал в сфере сельского, лесного и рыбного хозяйства в Казахстане за январь–май 2024 года составил 197,9 млрд тг – сразу на 26,7% меньше в денежном выражении по сравнению с аналогичным периодом прошлого года (ИФО — 69,9%). Для справки: годом ранее, наоборот, был отмечен рост сразу на 34,6% в денежном выражении (ИФО — 130,8%), передает inbusiness.kz со ссылкой на finprom.kz.

Основной источник финансирования в сфере АПК — собственные средства бизнеса, которые за январь–май 2024 года составили 142,4 млрд тг — на 27,4% меньше, чем за аналогичный период 2023-го.

Инвестиции в основной капитал. Сельское, лесное и рыбное хозяйство. Январь–май (млрд тг)			
	2024/05	2023/05	Прирост
Всего	197,9	269,9	-26,7%
Собственные средства	142,4	196,0	-27,4%
Другие заёмные средства	49,8	66,0	-24,5%
Кредиты банков	5,8	7,9	-27,1%
Местный бюджет	-	0,1	-

На основе данных Бюро национальной статистики АСПиР РК Finprom.kz

Рисунок 3. Инвестиции в основной капитал.

Примечание: рисунок составлен на основе источника [6]

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін жетілдіру жөніндегі шаралар, әсіресе астық, мал шаруашылығы және жеміс-жидек дақылдары сияқты негізгі секторларда экономикалық өсімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығының экологиялық стандарттарға сай болуы, өндірістің тұрақтылығын арттыру және жаңа экологиялық жобаларға қолдау көрсету Қазақстанның халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ҚАРЖЫ БӨЛІНУ ДИНАМИКАСЫ



Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіру көлемі (Пирог диаграммасы)

АӨК-ті дамыту үшін келесі бағыттар басты назарда болады:

- Цифрландыру: Ауыл шаруашылығында заманауи технологиялар мен цифрлық жүйелерді қолдану, агротехнологияларды енгізу.
- Инновациялар: Биотехнологиялар, жаңа тұқымдарды дамыту, генетикалық модификацияланған дақылдар.
- Инфрақұрылымды дамыту: Суармалы жерлер, қоймалар, жолдар, фермерлік кооперативтер.
- Қаржыландыру және мемлекеттік қолдау: Агроөнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлер үшін жеңілдетілген несие беру, субсидиялар, гранттар.
- Экологиялық тұрақтылық: Экологиялық таза өнімдер өндірісі, органикалық ауыл шаруашылығын дамыту.

АӨК дамуындағы инвестициялар

Бұл диаграммада агроөнеркәсіп кешеніне бағытталған инвестициялар, оның ішінде мемлекеттік және жеке сектордың қатысуын көрсетуге болады.

- Мемлекеттік инвестициялар (қызмет көрсету, инфрақұрылым).
- Жеке сектор инвестициялары (технологиялар, жабдықтар).
- Шетелдік инвестициялар (қосымша ресурстар мен тәжірибе).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Ковшар Е. А. Внешнеэкономическая деятельность: учеб. пособие. — Минск: РИВІ, 2012.

Покровская В. В. Внешнеэкономическая деятельность: учебник для бакалавриата и магистратуры. — М.: Издательство Юрайт, 2015.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламасы, 2021-2025 жж.

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешеніндегі цифрландыру және инновацияларға арналған мемлекеттік бағдарлама, 2023.

Авторлар туралы мәліметтер

*Аляхимет Сұлтан Ғабитұлы – Каспий Қоғамдық университетінің «Мемлекеттік қызмет және басқару» мамандығының 4-ші курс студенті, e-mail: alyakhimetoov@mail.ru

** Бильдебаева Зарина Курванжановна - Каспий Қоғамдық университетінің «Экономика және менеджмент» кафедрасының оқытушысы, экономика ғылымдарының магистрі.

ОРГАНИЗАЦИЯ УЧЕТА И АУДИТА ДЕБИТОРСКОЙ ЗАДОЛЖЕННОСТИ

Аманжолова Н.Е.¹, Шерзатов К.А.²

^{1,2} Каспийский Общественный Университет, г. Алматы, Республика Казахстан

Аннотация. Дебиторская задолженность является значимой частью финансовой деятельности компании, а именно в странах, где условия рынка стремительно развиваются, как в Республике Казахстан. Эффективное управление дебиторской задолженностью превращает его в существенный аспект для сохранения стабильности финансовой деятельности предприятия. Данная статья рассматривает исследование организации учета дебиторской задолженности, выявление проблем, которые наиболее часто встречаются во время бухгалтерского и аудиторского контроля дебиторской задолженности, а также рекомендации по улучшению эффективности работы и устранению проблем, что помогает повышать финансовую стабильность компании в Казахстане.

Ключевые слова: дебиторская задолженность, сомнительная задолженность, просроченная задолженность, безнадёжная задолженность, бухгалтерский учет дебиторской задолженности, аудит дебиторской задолженности.

ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТІҢ ЕСЕБІ МЕН АУДИТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аманжолова Н.Е.¹, Шерзатов К.А.²

^{1,2} Каспий Қоғамдық Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Дебиторлық берешек компанияның қаржылық қызметінің маңызды бөлігін құрайды, әсіресе Қазақстан Республикасы сияқты нарық жағдайы қарқынды дамып келе жатқан елдерде. Дебиторлық берешекті тиімді басқару оны кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын сақтауда маңызды факторға айналдырады. Бұл мақала дебиторлық берешекті есепке алу ұйымының зерттелуін, дебиторлық берешектің бухгалтерлік және аудиттік бақылау кезінде ең жиі кездесетін проблемаларды анықтауды, сондай-ақ жұмыстың тиімділігін арттыру және проблемаларды жою бойынша ұсыныстарды қарастырады, бұл Қазақстандағы компаниялардың қаржылық тұрақтылығын жақсартуға көмектеседі.

Түйін сөздер: дебиторлық берешек, күмәнді берешек, мерзімі өткен берешек, үмітсіз берешек, дебиторлық берешектің бухгалтерлік есебі, дебиторлық берешектің аудиті.

ORGANIZATION OF ACCOUNTING AND AUDITING OF ACCOUNTS RECEIVABLE

Amanzholova N.E.¹, Sherzatov K.A.²

^{1,2} Caspian Public University, Almaty, Republic of Kazakhstan

Summary. Accounts receivable is an important part of a company's financial activities, especially in countries where market conditions are rapidly evolving, such as in the Republic of Kazakhstan. Effective management of accounts receivable makes it a crucial aspect for maintaining the financial stability of a business. This article examines the organization of accounts receivable accounting, identifies common problems encountered during accounting and audit control of accounts receivable, and provides recommendations for improving efficiency

and addressing these issues, which helps enhance the financial stability of companies in Kazakhstan.

Keywords: accounts receivable, doubtful accounts, overdue accounts, uncollectible debt, accounting for accounts receivable, audit of accounts receivable.

Дебиторской задолженностью являются долги других компании или физических лиц перед предприятием, которые необходимо оплатить в соответственный срок. По требованиям рыночной экономики результативный контроль дебиторской задолженностью превращает его в значительный аспект для сохранения стабильности финансовой деятельности предприятия. В частности этот вопрос востребованной считается для Республики Казахстан, так как в стремительно совершенствующем бизнесе встречаются проблемы, охватываемые угрозами неплатежеспособности потребителей, в том числе с неизбежностью строгого соответствия с бухгалтерскими и аудиторскими стандартами. Для организации учета и аудита дебиторской задолженности необходимо подробное представление стандартов бухгалтерского учета, используемые в Казахстане, а также процедур, контролируемые действующим законодательством Республики Казахстан. Исключительно значимым средством для предоставления безошибочности, правильности и надежности финансовых данных считается аудит дебиторской задолженности, способствующий снизить угрозы, которые имеют отношения с просроченными и сомнительными задолженностями. Регулярно встречаются обстоятельства, когда по разному поводу компания неспособен взимать задолженности своих клиентов. Дебиторская задолженность остается на длительные месяцы, периодически даже на несколько лет. Увеличение дебиторской задолженности негативно влияет на экономическое положение компании, а временами может привести к упадку и прекращению деятельности предприятия. Во многих случаях это обусловлено с недостатками системы управления дебиторской задолженностью. Выступая как часть оборотных средств дебиторская задолженность, а именно просроченные и непогашенные задолженности сильно уменьшает оборачиваемость оборотных средств в результате этого сокращается выгода компании. Следовательно, в настоящее время ключевыми препятствиями, решения которых должно содействовать повышению финансового состояния компании, считаются следующее:

1. Правильное формирование учета дебиторской задолженности по причине перехода на международные стандарты бухгалтерского учета.

2. Анализ дебиторской задолженности, который должен фокусироваться на определении аспектов, способствующих её увеличению, а также на установлении резервов для предотвращения непогашенной задолженности, с целью замедления её расширения [1].

На основании этого, целью работы является исследование организации учета дебиторской задолженности, выявление проблем, которые наиболее часто встречаются во время процесса аудиторских проверок и при учете дебиторской задолженности, а также рекомендации по улучшению эффективности работы и устранению проблем.

Ведение учета дебиторской задолженности в компаниях Республики Казахстан соответствует с национальными стандартами бухгалтерского учета (НСБУ) и международными стандартами финансовой отчетности (МСФО). Дебиторская задолженность признается на дату формирования задолженности, другими словами когда компания предоставила товары, работы или услуги своим клиентам, то она владеет правом на присвоение денежных средств за предоставленные товары, работы или услуги. Эта сумма оценивается по фактической стоимости, иначе говоря по сумме, которая, по мнению компании, будет получена от клиента. Если имеется риск, что долг не будет полностью оплачен, компания должна сформировать резерв на вероятные потери. Для этого применяется способы расчетов, обоснованный на анализе долга, например, сроки задолженности, финансовое состояние контрагента и другие критерии.

В бухгалтерском учете дебиторская задолженность делится исходя от срока ее погашения:

- Краткосрочная дебиторская задолженность – долг, которую нужно оплатить в течение 12 месяцев.
- Долгосрочная дебиторская задолженность – долг, срок оплаты которой больше 12 месяцев [2].

В финансовой отчетности дебиторская задолженность отражается как актив, а в пояснительной записке могут быть изложены сведения о резерве по сомнительным долгам. Значимым моментом считается постоянное оценивание дебиторской задолженности и организация аудиторских проверок для выявления ее реальной стоимости и присутствия угроз по невыплате задолженностей. Если дебиторская задолженность не выплачена в согласованный срок, компания может организовать меры по взысканию задолженности. Исходя из этого, учет дебиторской задолженности нуждается в системном подходе и требовательного соответствия с законодательством Казахстана, что дает возможность компаниям результативно регулировать финансовыми рисками.

В процессе учета дебиторской задолженности компания может повстречаться со многими проблемами, которые вероятно неблагоприятно повлияют на финансовое состояние предприятия. Вот 3 основные проблемы и меры их решения:

1. Неясность в сроках уплаты долга.

Одной из часто встречаемых проблем считается неясность в сроках уплаты задолженностей. Многие клиенты затягивают с оплатой, а другие – вообще не выплачивают свои задолженности, в результате чего снижается ликвидность предприятия. Для того, чтобы решить эту проблему необходимо сделать следующее:

- Назначение точных требований и сроков выплаты: раньше чем предъявлять свою продукцию или услугу, нужно утвердить согласованные сроки оплаты и закрепить их в договоре.

- Применение механизма напоминаний и штрафов: создание механизма напоминаний для клиентов и использование штрафов за несвоевременную оплату может способствовать быстрее рассчитаться.

- Кредитный анализ: проанализировать материальное положение потребителей для того, чтобы оценить риски и вероятные сроки возврата долга.

2. Угроза безнадежных задолженностей.

С течением времени часть дебиторской задолженности может стать безнадежной, что вызывает ущерб компании. Это возникает, когда потребители не могут оплатить задолженность, например, из-за банкротства или других финансовых проблем. Для решения этой проблемы следует:

- Создать резервы под сомнительные долги: формирование резервов под сомнительные и безнадежные долги дает нам наперед принять в расчет вероятные потери и уменьшить их воздействие на конечный результат.

- Активное взыскание долгов: допуск в ходе взыскания юридической службы или коллекторских агентств для того, чтобы быстро выявлять и разрешить проблемы с задолженностями.

- Переоценка потребителей: постоянное проведение оценивания финансового состояния потребителей и пересмотр требования кредитования, в частности для тех, у кого уже есть долг.

3. Трудности в учете и проверке за дебиторской задолженностью.

Частенько появляются сложности в процессе ведения правильного учета дебиторской задолженности, что усложняет проверку за ее состоянием, установление проблемных задолженностей и корректное разделение финансов. Чтобы решить данную проблему нужно:

– Автоматизировать бухгалтерский учет: применение автоматизированных программных обеспечений для ведения учета дебиторской задолженности дает нам существенно упрощать работу и увеличить безошибочность сведений.

– Регулярная отчетность: применение регулярных отчетов и анализа дебиторской задолженности дает нам возможность мгновенно регулировать и адаптировать обстановку.

– Подготовка работников: подготовка работников, которые несут ответственность за ведение учета и контроль дебиторской задолженности, умениям правильного ведения документации и применению системы учета [3].

Эти действия способствуют заметно уменьшить проблемы и усовершенствовать регулирование дебиторской задолженностью в компании.

Аудит, как современная область научно-исследовательской отрасли испытывает потребность в последующей реализации теоретических вопросов, но в частности проблем встречающиеся во время практики. Аудиторские проверки дебиторской задолженности в настоящее время считаются одними из наиболее многообразных аспектов аудита, так как фактически здесь осуществляются в основном продуманные или обыкновенные оплошности. Дебиторская задолженность считается существенным предметом аудита, главная функция которого основывается на утверждении точности и надежности ее сведений. Аудит дебиторской задолженности в Казахстане подразумевает контроль верности отображения сведений о долгах в финансовой отчетности, к тому же анализ угроз, которые имеют связь с вероятной невыплатой задолженностей. Аудиторская процедура дает возможность проанализировать надежность оценки дебиторской задолженности и ее соответствие законодательным требованиям. Заключительной задачей аудиторской проверки служит оценка материального состояния и финансовой стабильности предприятия, его надежность и достоверность, а также деловая активность компании. Исходя из этого, мы можем сказать, что расширение вопросов, касаемые аудиторских проверок дебиторской задолженности в настоящее время считается востребованной. Расширение заданного вопроса значит не просто востребованной, но и обладающей выдающейся ценностью для состоятельности населения Казахстана.

Аудит дебиторской задолженности в компаниях Казахстана осуществляется согласно с национальными стандартами аудита, помимо этого учитываются также некоторые аспекты и особенности нормативно-правовой системы, применяемые в Казахстане. В целом, аудиторские процедуры дебиторской задолженности в Казахстане идентичны международным стандартам.

В процессе аудиторской проверки аудитору положено изучить финансовые и хозяйственные операции компании, проанализировать внутренний контроль и учетную систему. Далее анализируется учетная политика предприятия, в том числе условия, касаемые учета дебиторской задолженности и системы внутреннего контроля. Аудитор выявляет угрозы, которые имеют отношение с дебиторской задолженностью, включая проблемы обесценивания долгов, риски с платежеспособностью потребителей и материального положения контрагентов. Он делит дебиторскую задолженность по срокам, в целях того, чтобы проанализировать допустимых угроз. Кроме этого аудитор еще просматривает документы с клиентами, счета - фактуры, акты выполненных работ и прочие первичные бумаги, свидетельствующие факт долга. Значимо подтвердить соответствие материалов бухгалтерского учета фактическому положению долга, то есть он проводит сверку сведений из бухгалтерских документов с фактическими, для того чтобы удостовериться в правильности учета задолженности. Согласно с международными стандартами и условиями законодательства Казахстана, аудитор проводит проверку адекватности основанного резерва на сомнительные долги. Он содержит в себе анализ возможности уплаты долга и оценка состояния потребителей, кроме того необходимо удостовериться в том, что вычисление резерва проводится с использованием точного и достоверного метода. Аудитор анализирует в какой степени результативно

функционирует система внутреннего контроля компании, которой необходимо устранять оплошности и искажения в системе учета дебиторской задолженности. Значимо проанализировать, каким образом компания распоряжается дебиторской задолженностью, вместе с процессами вынесения счетов, период выплаты и методики взимания задолженностей. Он также проводит проверку правильности отражения дебиторской задолженности в финансовой отчетности компании, то есть это процесс сверки остатков долга в бухгалтерских данных с финансовой отчетностью. Аудитор вычисляет важные финансовые коэффициенты, а именно коэффициент оборачиваемости дебиторской задолженности, с целью того, чтобы провести оценку эффективности контроля долга и обнаружить вероятные риски с ликвидностью. Ему также следует провести оценку угроз обесценения дебиторской задолженности, в том числе убытков от неоплаченных задолженностей. Необходимо обследовать факторы появления сомнительных задолженностей и методы, используемые компанией для их взимания. Когда присутствуют проявление того факта, что задолженность вероятно признан безнадежным, аудитору необходимо провести проверку на наличие надлежащих резервов на обесценение [4].

Во время проведения аудита дебиторской задолженности в компаниях Республики Казахстан могут появиться многочисленные затруднения. Ознакомимся с 3 основными проблемами, которые часто встречаются в процессе аудита и рекомендации по решению этих проблем:

1. Неправильное отражение дебиторской задолженности в системе учета.

В нескольких компаниях возможно встретить некорректное отражение дебиторской задолженности в бухгалтерском учете, в результате этого мы получаем искажение финансовой отчетности. Это могут быть оплошности в классификации долгов (например, долгосрочная задолженность по ошибке может быть отразится как краткосрочная), неправильное установление сроков просрочки или неверное применение резервов по сомнительным долгам. Для того, чтобы решить эту проблему аудитору необходимо сделать следующее:

- Провести проверку первичных документов: аудитор должен сверить данные бухгалтерского учета с первичными документами (счета, договоры, акты выполненных работ), для того чтобы удостовериться, что все процессы деятельности компании были правильно отражены.

- Оценить дебиторскую задолженность по классификациям: удостовериться, что дебиторская задолженность верно классифицирована по срокам (краткосрочная/долгосрочная) и категориям (сомнительная, просроченная, безнадежная).

- Анализировать резервы по сомнительным долгам: провести проверку по корректности вычисления резерва по сомнительным долгам согласно с условиями НСФО и МСФО [5].

2. Несоответственные резервы на сомнительные и безнадежные долги

Отсутствие или недостаточный размер резерва на сомнительные и безнадежные долги считается одной из расширенных затруднении. Это вероятно приведет к преувеличению активов компании и неправильности финансовой отчетности, потому что такие задолженности не учитываются как потери. Для решения этой проблемы следует:

- Проанализировать финансовое состояние дебиторов: провести анализ платежеспособности потребителей, принимая во внимание их финансовые отчетности и историю платежей, которые они произвели.

- Проверка сомнительных долгов: проводить дополнительные проверки по задолженностям, имеющие показатели сомнительности, например, присутствие угроз с ликвидностью у дебиторов.

3. Угрозы с взысканием задолженности и руководство с просроченными долгами

Несвоевременное взыскание долгов представляет собой как одна из главных проблем. Это происходит по причине неустойчивой деятельности с контрагентами,

неполного формирования процедуры взыскания или неполноценности структурной деятельности по работе с просроченными долгами. Чтобы решить данную проблему нужно:

– Разработать и внедрить политику взыскания задолженностей: компания должна владеть четкими процедурами по взысканию долгов, а также сроки и системы влияния на должников (напоминания, штрафы, переговоры, судебные разбирательства).

– Отслеживание долгов: Применить механизм мониторинга дебиторской задолженности, позволяющей мгновенно проследить просроченные задолженности и реагировать на них.

– Применение внешних источников: В случае критических просрочек предлагается привлечь коллекторские агентства или юридические службы для работы с должниками, а также применять судебные системы для взыскания долгов.

Аудит дебиторской задолженности запрашивает бдительного метода и усердного анализа сведений в системе учета. Главные трудности, наподобие неправильного отражения долгов, неполных резервов и нерезультативного взыскания задолженностей, могут значительно оказывать влияние на финансовое состояние компании. Результативное решение этих трудностей вероятно через применение системных процедур, постоянного мониторинга и требовательной организованности в системе учета и регулирования дебиторской задолженностью.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Дебиторская задолженность – как объект учета и аудита [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.zharar.com/rus/dyplom/26341-diplom.html> (дата обращения: 18.11.2024).

2. Учет, анализ и аудит дебиторской задолженности [Электронный ресурс]. – URL: <https://econlib.ru/diplomnaya/uchet-i-audit-debitorskoy-zadoljennosti/#lwptoc1> (дата обращения: 18.11.2024).

3. Кравчук Д.И. Кравчук В.И. Проблемы и пути решения управления дебиторской задолженностью на предприятии - 2015. — № 2 (82). — С. 272-274. — URL: <https://moluch.ru/archive/82/15062/> (дата обращения: 19.11.2024).

4. Аудит дебиторской задолженности [Электронный ресурс]. – URL: <https://bankreferatov.kz/buhyechet/212-audit.html> (дата обращения: 18.11.2024).

5. Павлюк, И. С. Методика аудита дебиторской задолженности в организации — 2018. — № 47 (233). — С. 266-268. — URL: <https://moluch.ru/archive/233/54022/> (дата обращения: 19.11.2024).

Сведения об авторах

*Аманжолова Нұрзада Ерболқызы – студент, Каспийский Общественный Университет, e-mail: amanzholovan04@mail.ru

**Шерзатов Канат Аманханович – магистр, сеньор-лектор, Каспийский Общественный Университет, e-mail: kan411@mail.ru

Авторлар туралы мәліметтер

*Аманжолова Нұрзада Ерболқызы – студент, Каспий қоғамдық университеті, e-mail: amanzholovan04@mail.ru

**Шерзатов Қанат Аманханұлы – магистр, сеньор-лектор, Каспий Қоғамдық Университеті, e-mail: kan411@mail.ru

Information about the authors

*Amanzholova Nurzada Erbolqyzy – student, Caspian Public University, e-mail: amanzholovan04@mail.ru

**Sherzatov Kanat Amankhanovich – master, senior lecturer, Caspian Public University, e-mail: kan411@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАСТАР КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВЫ

Аманкелді Б.А.¹, Отарбаева А.Б.²

^{1 2} Каспий қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақала Қазақстан Республикасының жастар кадр резервін, оның мемлекеттік қызмет пен басқаруды дамыту контекстіндегі рөлі мен маңызын зерттеуге арналған. Елдегі заманауи сын-қатерлер мен реформалар жағдайында жастар мемлекеттік аппараттың тиімділігін қамтамасыз ету үшін маңызды ресурс болып табылады. Кадр саясатын қалыптастыру мен іске асырудың негізгі тетіктері, сондай-ақ мемлекеттік мекемелерде жас мамандарды даярлау мен ілгерілету жүйесінің рөлі қарастырылады. Жастар кадр резервін дамытуға бағытталған қолданыстағы бағдарламаларды талдауға және олардың мемлекеттік басқару сапасын жақсартуға ықпалына ерекше назар аударылады.

Түйін сөздер: жастар, кадр резерві, мемлекеттік бағдарлама, жастар саясаты, кадрларды даярлау, мемлекеттік қызмет.

МОЛОДЕЖНЫЙ КАДРОВЫЙ РЕЗЕРВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аманкелді Б.А.¹, Отарбаева А.Б.²

^{1 2} Каспийский Общественный Университет, г. Алматы, Республика Казахстан

Аннотация. Статья посвящена изучению молодежного кадрового резерва РК, его роли и значения в контексте развития государственной службы и управления. В условиях современных вызовов и реформ в стране молодежь является важным ресурсом для обеспечения эффективности государственного аппарата. Рассматриваются основные механизмы формирования и реализации кадровой политики, а также роль системы подготовки и продвижения молодых специалистов в государственных учреждениях. Особое внимание уделяется анализу действующих программ, направленных на развитие молодежного кадрового резерва, и их влиянию на улучшение качества государственного управления.

Ключевые слова: молодежь, кадровый резерв, государственная программа, молодежная политика, подготовка кадров, государственная служба.

YOUTH PERSONNEL RESERVE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Amankeldi B.A.¹, Otarbayeva A.B.²

^{1 2} Caspian Public University, Almaty, Republic of Kazakhstan

Summary. The article is devoted to the study of youth personnel reserve of the RK, its role and importance in the context of the development of public service and management. In the conditions of modern challenges and reforms in the country, young people are an important resource to ensure the effectiveness of the state apparatus. The main mechanisms of formation and implementation of personnel policy, as well as the role of the system of training and promotion of young professionals in public institutions are considered. Special attention is paid to the analysis of existing programmes aimed at the development of the youth personnel reserve and their impact on improving the quality of public administration.

Keywords: youth, personnel reserve, state programme, youth policy, training, civil service.

Жаһандық саяси және экономикалық өзгерістер, сондай-ақ жеделдетілген цифрландыру және мемлекеттік қызметті реформалау жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін өзінің кадр саясатын бейімдеу қажеттілігіне тап болады. Бұл үдерістегі негізгі элементтердің бірі жас мамандарды даярлау және ілгерілету жүйесі болып табылатын жастар кадрлық резерві болып табылады. Жастар кадрлық резерві кез келген елдегі адам ресурстарын стратегиялық басқарудың маңызды элементі болып табылады. Қазақстан Республикасында ол мемлекеттік және жеке құрылымдарда түйінді позицияларды иелену үшін қажетті кәсіби және көшбасшылық қасиеттерге ие жастарды даярлау және қалыптастыру жүйесін білдіреді. Жастардың кадрлық резерві тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз етуде орталық рөл атқарады, өйткені бұл инновация мен прогрестің негізгі көзі болып табылады.

Жастар кадрлық резерві – бұл мемлекеттік органдарда, жеке компанияларда және қоғамдық ұйымдарда басқарушылық және өзге де негізгі ұстанымдарды толтыру үшін жас мамандарды даярлау және іріктеу жүйесі. Қазақстан контекстінде бұл резерв мемлекеттік басқаруды жаңғырту және мемлекеттік сектордың тиімділігін арттыру процесінде ерекше рөл атқарады. Жастар кадрлық резервінің негізгі мақсаты-ел дамуының ағымдағы және ұзақ мерзімді міндеттерін шешуге қабілетті тиімді және инновациялық команда құру. Бастапқыда Қазақстанда мемлекеттік және жеке құрылымдар үшін кадрлық резервтер құру туралы идеялар тәуелсіздік алғаннан кейін 1990 жылдардың аяғынан бастап дами бастады. Жастардың білім беру сапасы мен кәсіби дайындығын жақсартуға бағытталған бағдарламалар, соның ішінде «Президенттік кадрларды даярлау бағдарламасы» және жастар бастамаларын қолдайтын бағдарламалар маңызды кезеңдер болды.

Елімізде жастардың кадрлық резервын, жалпы жастар саясаты қоғамдық қатынастарын реттейтін 2015 жылғы 9 ақпанда қабылданған «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы бар. Мемлекеттік жастар саясаты – мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі [1]. Мемлекетіміздегі жастар саясаты өз алдына келесідей міндеттерді қояды:

- 1) жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- 2) жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тарту;
- 3) азаматтыққа тәрбиелеу және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту болып табылады.

Аталмыш мемлекеттік саясат қолжетімді жіне сапал білім беру, жастардың кәсіпкерлік қызметіне қолдау көрсету, жастардың құқықтық мәдениетін дамыту, оларды дамытуға жәрдемдесу, жас буынның цифрлық сауаттылығын арттыру, сонымен-қатар, жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту үшін жағдайлар жасау секілді негізгі бағыттарды өз алдына мақсат етіп қояды.

Мемлекет басшысы **Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев** жастар саясатына қолдау білдіріп, «Біз жастарға жаңа мүмкіндіктер беруіміз керек. Бұл – бизнес ашу, білім алу, жұмысқа орналасу, табыс табу деген сөз. Өз өмірін жақсартуға, мансабы бойынша жоғарылауға арналған әлеуметтік лифттер іс жүзінде жұмыс істеуі керек. Еліміздің жастары мен талантты азаматтары мемлекеттік қызметте ілгерілеу үшін арнайы кадрлық бағдарлама дайындаймыз. Болашағымыз жастардың қолында! Еліміздің ертеңі де – жастар!», - деп көрсеткен еді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2023 жылдың 28 наурызында Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы қаулы шығарған болатын. Жастар дамуының сапалы

шарттары тұтастай алғанда ұлттың табыстылығы мен бәсекеге қабілеттілігін айқындайды. Жастар саясатының рөлі мемлекет дамуының кешенді стратегиясын қалыптастыруда шешуші болып табылады. Жастардың елдің қоғамдық-саяси процестеріне тартылуы жастардың мемлекеттік басқару жүйесіне қатысуымен, саяси партияларға мүше болуымен, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде және мәслихаттарда өкілдік етуімен, сондай-ақ жастар ұйымдарының қызметіне қатысуымен айқындалады. Көп жағдайда жас қазақстандықтар саяси партиялардың мүшелері болып табылмайды (90,9 %). Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде 2022 жылы 35 жасқа дейінгі 7 депутат болды, ал 2021 жылы сайланған мәслихат депутаттары арасындағы жастардың үлесі шамамен 7% немесе 228 адамды құрады [2].

Ендігі кезекте Қазақстан Республикасының жастар кадрлық резервіне жекелеген түсінік беріп өтелік. Кадр резерві мемлекеттік органдар мен ұйымдарда негізгі лауазымдарды атқаруға дайындалған және дайын жоғары білікті мамандар тобын білдіреді. Бұл резерв, әдетте, мемлекеттік қызметті одан әрі кадрлық толтыруды және ел экономикасы мен саясатындағы өзге де стратегиялық ұстанымдарды қамтамасыз ету үшін іріктеу және даярлау жүйелері арқылы өтетін әлеуеті жоғары және көшбасшылық қасиеттері бар жастардан тұрады. Қазақстан Республикасының жастар кадр саясаты контекстінде кадр резерві биліктің сабақтастығын, мемлекеттік аппараттың тұрақтылығын және ел өмірінің әртүрлі салаларында кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ете отырып, стратегиялық маңызды рөл атқарады. Кадрлық резерв жүйесі, әдетте, жас мамандардың білімі мен дағдыларын тереңдетуге ықпал ететін дайындық бағдарламаларын, тағылымдамаларды, білім беру курстары мен тренингтерді қамтиды.

Қазақстан Республикасында жастар кадр резервін құру және дамыту Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін, Мемлекеттік қызмет істері және жергілікті өзін-өзі басқару агенттігін қоса алғанда, түрлі институттар, сондай-ақ білім беру және ғылыми мекемелер арқылы жүзеге асырылады. Резервті қалыптастырудың негізгі тетігі конкурс болып табылады, оның барысында кандидаттар өздерінің кәсіби дағдылары, Білімі, сондай-ақ көшбасшылық және ұйымдастырушылық қасиеттері негізінде іріктеуден өтеді.

Барлығымыз білетіндей елімізде 2019 жыл «Жастар жылы» болып жарияланған еді. Жастарды әлеуметтік, экономикалық, саяси тұрғыдан қолдау мақсатында бірнеше ауқымды шаралар өткізілген болатын. Қазақстандық жастарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу мақсатында бағдарламалар іске асырылды. Мысалы, *«Бірінші жұмыс орны» жобасы*, халықты жұмыспен қамту орталықтарында жастарды бірінші жұмыс орнына орналастыруға жәрдемін тигізеді. Әсіресе, жұмыс тәжірибесі жоқ, жоғарғы оқу орнын енді бітіретін түлектер үшін өте пайдалы жоба деп ойлаймын. Сонымен қатар, *«Ұрпақтар келісімшарты»* жобасын да атап өтсек болады, яғни жұмыс орындардағы зейнеткерлік жасқа толған жұмыскерді жастармен ауыстыра отырып, жұмысқа орналастыруды жүзеге асыруда.

Жас қазақстандықтар арасында жұмыссыздық мәселесі өзекті болып қала береді. 2019 – 2021 жылдар кезеңінде жастар жұмыссыздығының деңгейі 0,1 пайыздық тармаққа 2019 жылғы 3,7% – дан 2021 жылы 3,8% – ға дейін өсті, бұл ретте қалада - 4,1 %, ауылдық жерлерде - 3,2 %. Білімі төмен жастар жұмыссыздыққа көбірек ұшырайды. 2021 жылы 15-28 жас аралығындағы 77,6 мың жұмыссыздардың 33,9 мыңы немесе 43,7% - ы орта кәсіптік (арнайы) білімі және 12,5 мыңы немесе 16,1% - ы бастауыш және орта білімі бар [2].

Бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі жастар ресурстық орталықтарының (ЖРО) қызметі болып табылады, олардың әлеуеті мен мүмкіндіктері ағымдағы функционалдық жүктемеге қарамастан, қосымша функцияларды орындауға мүмкіндік бермейді. Бұл ұйымдардың жұмыс тиімділігіне байланысты бірнеше проблемалар бар, мысалы: белсенділіктің төмендігі, жастардың олардың бар екендігі туралы хабардарлығының төмендігі, сондай-ақ қолданыстағы бейіндік қызметтердің функцияларын қайталау. Бұған

қоса, ұсынылатын жұмыстардағы жалақының төмен деңгейі кадрлардың жоғары айналымына және қызмет көрсету сапасының төмендеуіне әкеледі. Әлеуметтік осал жастарға бағытталған Ресурстық қызмет те тиісті деңгейге жете алмайды. Бұл проблемалар ЖРО-ны стартап-инкубаторлар және Өңірлік даму орталықтары ретінде іске асыру мүмкіндігін едәуір қиындатады. ЖРО-ның ең тиімді қызметтеріне «Жастар ортасында Волонтерлік қызметті қолдау және дамыту», «Жастарды жұмысқа орналастыруға және кәсіптік бағдарлауға даярлауға жәрдемдесу», «Жастар арасында цифрлық сауаттылықты арттыруға және технологияларды дамытуға жәрдемдесу» жатады. ЖРО-ның негізгі міндеттерінің бірі жастармен, әсіресе NEET-жастар сияқты осал топтармен атаулы жұмыс жүргізу. Бұл жердегі «NEET-жастар» дегеніміз – жоғары оқу орнында да оқымайтын, жұмыс та жасамайтын жастардың бөлігі.

Қазақстандағы жастар саясаты саласындағы негізгі бастамалардың бірі 1993 жылы құрылған «Болашақ» бағдарламасы болып табылады. Бұл бағдарламаның мақсаты – жастарға әлемнің жетекші университеттерінде білім алуға мүмкіндік беру. Бағдарлама экономика мен мемлекеттік басқарудың негізгі салаларын басқаруға қабілетті кадрларды даярлауға бағытталған. 2024 жылға қарай әлемнің 30-дан астам елінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша 13 000-нан астам қазақстандық студент білім алды, бұл халықаралық тәжірибесі мен білімі бар жоғары білікті жастарды қалыптастыруға мүмкіндік берді.

2019 жылы Қазақстанда мемлекеттік және жеке салаларда жастар әлеуетін тиімді пайдалану үшін база құруға бағытталған «Жастар кадрлық резерві» бағдарламасы басталды. Жоспарға сәйкес, бағдарлама тек мемлекеттік органдарды ғана емес, сонымен қатар жас мамандарға мансаптық өсу үшін лайықты мүмкіндіктер ұсына алатын ірі корпорациялар мен халықаралық компанияларды да қамтиды. Осы бағдарлама аясында қатысушылар оқудан, тағылымдамадан өтеді және болашақта жоғары лауазымдарға орналасуға мүмкіндік алады.

Жастардың білім алу және жұмысқа орналасуын жүзеге асыратын ең танымал, тиімді бағдарламалардың легі келесідей: «Zhas Project», президенттік Жастар кадрлық резерві, «Серпін-2050», «Жас кәсіпкер», «Барлығына тегін және техникалық білім беру» және «Жастар практикасы».

Осы тұста, **Президенттік Жастар кадрлық резерві бағдарламасына** тоқталып өтейік. Аталмыш бағдарлама 2021 жылы қабылданып, жүзеге асырыла бастады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес президенттік жастар кадр резервіне іріктеу жүргізіледі, оның қорытындысы бойынша мемлекеттік сектор үшін 50 резервист іріктелетін болады. «Президенттік Жастар кадрлық резерві осындай мақсатты жастарға бірегей мүмкіндік береді. Бүгінде резерв құрамына 400 маман кіреді. Оның 280-і немесе 70 пайызы орталық және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында жауапты лауазымдарға тағайындалды. Көбісі квазимемлекеттік секторда және бизнес саласында жұмыс істейді. Қазіргі уақытта елде ауқымды реформалар жүргізілуде. Мемлекетіміздің өркендеуі үшін жаңа шешуші қадамдар жасалуда. Сіз сияқты дарынды жастар осы өзгерістердің қозғаушы күші мен сенімді тірегі болуы керек деп санаймын», - деп мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2024 жылы ақпан айында өткен Президенттік жастар кадрлық резервінің форумында сөз түйіндеді [3].

Ендігі кезекте жастар саясаты, жастар кадрлық резерві қатынастарында жүзеге асырылып жатқан бағдарламалардың күшті тараптарына тоқталайық. Олар:

- «Бірінші жұмыс орны», «Жастар практикасы», «Ұрпақтар келісімшарты», «Қоғамдық жұмыстар» секілді бағдарламалар өте сәтті жүзеге асып, түбегейлі нәтижелер беру үстінде.

- NEET-жастардың үлесі жылдан жылға азайып келе жатыр. Мысалы, 2019 жылға қарағанда 2021 жыл 6,9%-ға азайған болатын.

- Сайлау партияларының тізімінде жастарға арналған арнайы квоталау орындары пайда бола бастады.

- Қазақстандық жастардың 79,3%-ы оқу орындарынан алып жатқан білім деңгейіне қанағаттануы жоғарылады.

- Жас Қазақстандықтардың 23%-ынан көбі үздіксіз білім алуға ұмтылу үстінде десек те болады [2].

Жоғарыда атап өткен «Жастар практикасы» бағдарламасы еңбек нарығында мықты мамандарды дайындап шығуда маңызды әрі шешуші рөлді ойнайды деп сеніммен айта аламыз. Аталмыш практиканы өту мерзімі – 6 айды құрайды. Бағдарламаны өткен жастардың саны 2017-2019 жылдар аралығында 40%-ға дейін өскен еді және 2019 жылға қарай олардың саны 34,7 мың жастарға дейін жетті [4, 54 б.].

Жалпы, жастардың кадрлық резерві қатынастарындағы, жастар саясатындағы шетелдік үздік тәжірибелерді де негізге алуға болады. Жастар кадрлық резервтерін қалыптастырудың әлемдік тәжірибесі жастар кадрларын даярлау мен дамыту үшін әртүрлі елдер қолданатын тәсілдер мен әдістердің алуан түрлілігін көрсетеді. Бұл бағдарламалардың тиімділігі тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуға, өмірдің әртүрлі салаларында көшбасшылық пен жаңашылдықты қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді. Еуропалық жастар саясаты бес қағидатты негізге ала отырып жұмыс жасайды. Олар: қамту, әлеует, кәсібилік, келісімдік, құн. Енді кейбір әлемдік аренадағы мықты жастар саясатын ұстанатын мемлекеттердің тәжірибесіне тоқталайық.

АҚШ-тағы ең танымал мысалдардың бірі – 1977 жылы мемлекеттік секторға талантты жас мамандарды тарту мақсатында құрылған Президенттік басқару стипендиялары (PMF) бағдарламасы. Бұл бағдарлама жоғары оқу орындарының түлектеріне және конкурстық негізде іріктеуден өтіп, АҚШ федералды агенттіктерінде жұмыс істеуге мүмкіндік алатын жас мамандарға бағытталған. Негізгі ерекшеліктері:

- Бағдарламаға қатысушылар әртүрлі мемлекеттік құрылымдарда екі жылдық тағылымдамадан өтеді.

- Бағдарлама жас мамандарға мемлекеттік қызметте тез бейімделуге және дамуға көмектесетін жеке тәлімгерлік және тәлімгерлік сессияларды қарастырады.

- PMF өз мүшелерінің мансаптық өсуін белсенді түрде қолдайды, бағдарлама аяқталғаннан кейін біліктілікті арттыру және тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін ұсынады.

Ұлыбританияда мемлекеттік және жеке ұйымдарда мансапты бастағысы келетін университет түлектері мен жас мамандарға бағытталған Graduate Development Programme (UNDP) кеңінен қолданылады. Бағдарлама Ұлыбританияның мемлекеттік басқару қызметі аясында жұмыс істейді және жоғары көшбасшылық қасиеттері бар жас мамандарды тартуға бағытталған. Ал негізгі ерекшеліктерін атап өтетін болсақ:

- Бағдарламаға қатысушылар әртүрлі мемлекеттік департаменттер шеңберінде оқытылады, бұл оларға мемлекеттік қызмет деңгейінде басқаруда тәжірибе жинауға мүмкіндік береді.

- Бағдарлама жобаларды басқару бойынша қарқынды тренингтерді, сондай-ақ өзекті Мемлекеттік жобалармен жұмыс істеу мүмкіндіктерін қамтиды.

- Жоғары білікті менеджерлерді қалыптастыру үшін маңызды болып табылатын пәнаралық жұмысқа және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көп көңіл бөлінеді.

Көршілес Өзбекстан мемлекетінде де жастар саясаты соңғы жылдары алдыңғы орындарға қойылуда. Мысалы, «Yoshlar — kelajagimiz» мемлекеттік бағдарламасы («Жастар — біздің болашағымыз»). Бағдарлама 2018 жылғы маусымда қабылданды және жастардың бизнес-бастамалары, стартап, идеялары мен жобаларын іске асыруға жәрдемдесу және қолдау, жұмыспен қамтылмаған жастарды бизнесті жүргізудің қажетті мамандықтары мен дағдыларына оқыту, сондай-ақ оның жалпы әлеуметтік-экономикалық белсенділігін арттыру арқылы жастарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған [2].

Сингапур мемлекеттік сектордағы адам ресурстарын басқарудағы озық тәжірибелерімен танымал. 1998 жылы құрылған Public service Leadership programme (PSP) мемлекеттік секторда жұмыс істеу үшін жастар кадрларын даярлаудағы ең табысты бастамалардың бірі болып табылады. Негізгі ерекшеліктері:

- Бағдарлама кейіннен мемлекеттік басқаруда жоғары лауазымдарға ие болуы мүмкін жас көшбасшыларды анықтауға және дамытуға бағытталған.
- Бағдарламаға қатысушылар бірнеше оқу кезеңдерінен өтеді, соның ішінде әртүрлі мемлекеттік мекемелерде тағылымдамадан өту, семинарлар мен көшбасшылық тренингтерге қатысу.
- PSLP сонымен қатар жас мамандарға мемлекеттік процестерді тереңірек түсінуге және тиімді көшбасшы болуға көмектесетін жеке тәлімгермен жұмыс істеуді қамтиды.

Осылайша, еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» стратегиялық тұрғыдан маңызды құжатта жастар саясаты туралы осылай сөз еткен: «Жасқа қарайғы саясатта біз өз назарымызды жастар мен өскелең ұрпаққа, сондай-ақ жас отбасыларына шоғырландыруға тиіспіз» [5, 6 б.].

Мақаламды қорытындылай келе, аталмыш жастар саясаты, жастар кадрлық резерві қоғамдық қатынастарының дамуына кедергі келтіретін тегеуріндерге тоқталып және оны шешу үшін бірнеше теориялық ұсынымдар пайымдайық.

Біріншіден, Қазақстанда экономиканың түрлі секторларында, әсіресе мемлекеттік мекемелерде жұмысқа дайын білікті жас мамандардың жетіспеушілігі байқалады. Бұл білім беру мекемелерінің түлектері арасындағы практикалық дағдылар мен білімнің жеткіліксіз деңгейіне байланысты. Оны біз келесідей ұсыныстар арқылы түзете аламыз: білім беру курстары шеңберінде тағылымдамалар мен практикалар бағдарламаларын дамыту; нарықтың нақты қажеттіліктерін ескере отырып, кадрлар даярлау үшін оқу орындары мен кәсіпорындар арасында неғұрлым тығыз өзара іс-қимылды енгізу; еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды дамытуға көмектесетін жастарға арналған кәсіптік оқыту және біліктілікті арттыру орталықтарын құру.

Екіншіден, жастар көбінесе мемлекеттік органдарда, жеке компанияларда және басқа салаларда мансаптық өсу мүмкіндіктері туралы білмейді. Бұл олардың мотивациясы мен кадрлық резервтерге қатысуға деген қызығушылығын шектейді.

Үшіншіден, қолданыстағы кадрлық резервтік бағдарламалар көбінесе жастардың қызығушылығын тудырмайды және оларға қатысуға жеткілікті ынталандыру бермейді, бұл мұндай бағдарламалардың тиімділігін шектейді деген пайымдауға келуге болады. Аталмыш тегеурінді шешу үшін кадр резерві бағдарламаларына қатысушылар үшін стипендиялар мен гранттарды енгізу; кадрлық резервке қатысу мансаптық өсуге қалай әсер етуі мүмкін екендігі нақты жазылған мансаптық нұсқаулықтарды құру; менторингті және стартаптар мен бизнес бастамаларына қол жеткізуді қоса алғанда, резервтегі жастар үшін мансаптық өсу және алға жылжу мүмкіндіктерін кеңейту секілді іс-шараларды жүзеге асыру керек деп ойлаймын.

Төртіншіден, жас мамандарды жібере алатын тәжірибелі тәлімгерлер мен басшылардың жетіспеушілігі жастарды басқару процестеріне сәтті енгізуді тежейді деп санаймын.

Соңғы мәселе - ауылдық және шалғай аудандардағы Жастардың кадрлық резерв бағдарламаларына қол жетімділігі шектеулі, бұл әлеуметтік теңсіздікті тудырады және елдің кадрлық әлеуетін дамытудың жалпы деңгейін төмендетеді. Сондықтан, Кадрлық бағдарламалардың өңірлік филиалдарын құру және оқыту мен тағылымдамаға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету; қашықтықтан оқыту және оқыту үшін онлайн платформаларды пайдалану секілді шараларды қолданған жөн. Бұл шалғай аймақтардағы жастарға қажетті білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

Жалпылама, Қазақстан Республикасының жастар кадр резерві – талантты және өршіл жастарды мемлекеттік және жеке сектордың түрлі салаларына даярлауды және

тартуды қамтамасыз ететін Елдің тиімді дамуының маңызды құрамдас бөлігі. Алайда, резерв алдында тұрған мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді шешу үшін жастардың жеткіліксіз дайындығынан бастап тәлімгерлік тапшылығы мен өңірлердегі қолжетімділік теңсіздігіне дейінгі бірқатар проблемаларды еңсеру қажет. Кадрлық резерв бағдарламалары жас ұрпақтың қажеттіліктерін де, тез өзгертін еңбек нарығының талаптарын да ескеруі маңызды, осылайша жастар мен жалпы қоғамның табысты және үйлесімді дамуына жағдай жасайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ.
2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысы.
3. Форум Президентского молодежного кадрового резерва [Электронды ресурс]. – 2024. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-enbekshikazah/press/news/details/710325> (алынған күні: 19.11.2024).
4. Альшанская А.А. Проблемы трудоустройства молодежи на рынке труда в Казахстане. – Нур-Султан: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2020. – 100 б.
5. Зайниева Л.Ю. Мемлекеттік жастар саясаты: Қазақстан әлемдік тәжірибе тұрғысында. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 284 б.

Автор туралы мәліметтер

*Аманкелді Бекзада Аманкелдіқызы – «Мемлекеттік қызмет және басқару» БББ 4 курс студенті, Каспий Қоғамдық университеті, e-mail: Amankeldiqyzy04@gmail.com

**Отарбаева Айжан Базарбаевна – Экономика ғылымдарының магистрі, сеньор-лектор, Каспий Қоғамдық университеті, e-mail: A-o777@mail.ru

Сведения об авторе

*Аманкелді Бекзада Аманкелдіқызы – студентка 4 курса ОП «Государственная служба и управление», Каспийский общественный университет, e-mail: Amankeldiqyzy04@gmail.com

**Отарбаева Айжан Базарбаевна – Магистр экономических наук, сеньор-лектор, Каспийский общественный университет, e-mail: A-o777@mail.ru

Information about the author

*Amankeldi Bekzada Amankeldiqyzy – 4th year student of the educational programme «Public Service and Management», Caspian Public University, e-mail: Amankeldiqyzy04@gmail.com

**Otarbayeva Aizhan Bazarbayevna – Master's degree in Economics, Senior Lecturer, Caspian Public University, e-mail: A-o777@mail.ru

ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

Амреева А.Е.¹, Шерзатов К.А.²

¹² Каспий Қоғамдық Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Мақалада қаржылық есептілік және оның көрсеткіштері, ұйымның қаржылық жағдайын бағалау, оның жұмысын басқару және стратегиялық шешімдер қабылдау үшін маңызды құрал болып табыладығы айтылған. Қаржылық көрсеткіштерді талдау ұйымның күшті және әлсіз тұстарын, сондай-ақ болашақта даму мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Ұйымның қаржылық есебін дұрыс талдай отырып, қаржылық тұрақтылықты сақтау және қызметтің тиімділігін арттыру үшін қажетті шараларды қабылдау мүмкін болады.

Түйін сөздер: Рентабель, баланс, активтер, ағымдағы активтер, коэффициент.

ФИНАНСОВАЯ ОТЧЕТНОСТЬ ОРГАНИЗАЦИИ И АНАЛИЗ ЕЕ ПОКАЗАТЕЛЕЙ

Амреева А.Е.¹, Шерзатов К.А.²

¹² Каспийский Общественный Университет, г. Алматы, Республика Казахстан

Аннотация: В статье отмечается, что финансовая отчетность и ее показатели являются важным инструментом для оценки финансового состояния организации, управления ее работой и принятия стратегических решений. Анализ финансовых показателей позволяет выявить сильные и слабые стороны организации, а также возможности развития в будущем. Правильно проанализировав финансовую отчетность организации, можно будет принять необходимые меры для поддержания финансовой стабильности и повышения эффективности деятельности.

Ключевые слова: Рентабельность, баланс, активы, оборотные активы, коэффициент.

FINANCIAL STATEMENTS OF THE ORGANIZATION AND ANALYSIS OF ITS INDICATORS

Amreeva A.E.¹, Sherzатов K.A.²

¹² Caspian Public University, Almaty, Republic of Kazakhstan

Summary. The article notes that financial statements and their indicators are an important tool for assessing the financial condition of an organization, managing its work and making strategic decisions. The analysis of financial indicators allows you to identify the strengths and weaknesses of the organization, as well as development opportunities in the future. Having properly analyzed the financial statements of the organization, it will be possible to take the necessary measures to maintain financial stability and improve operational efficiency.

Keywords: Profitability, balance sheet, assets, current assets, coefficient

Қазіргі заманғы нарықтық экономикада ұйымдардың қаржылық есептілігі маңызды рөл атқарады. Ол кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауға, оның тиімділігін, төлем қабілеттілігін, өтімділігін және рентабельділігін анықтауға мүмкіндік береді. Қаржылық есептілік арқылы ұйым өзінің ішкі және сыртқы мүдделі тараптарына, соның ішінде инвесторлар, банк қызметкерлері, мемлекеттік органдар және басқа да қаржылық

ұйымдарға ақпарат бере алады. Бұл мақалада ұйымның қаржылық есептілігі мен оның көрсеткіштерін талдаудың маңыздылығы мен әдістері қарастырылады.

Ұйымның қаржылық есептілігі төрт негізгі құжаттан тұрады:

1. Баланс.

Баланстың есебі – бұл ұйымның белгілі бір сәттегі қаржылық жағдайын көрсететін есеп. Баланс екі негізгі бөлімнен тұрады:

Активтер – бұл ұйымның иелігіндегі барлық ресурстар. Активтер қысқа мерзімді (қолма-қол ақша, тауарлар, дебиторлық берешек) және ұзақ мерзімді (жер, ғимараттар, машина) болып бөлінеді.

Міндеттемелер мен капитал – бұл ұйымның қарыздары мен меншікті капиталы. Міндеттемелер ағымдағы (қысқа мерзімді) және ұзақ мерзімді болып бөлінеді, ал капитал ұйымның таза меншікті ресурстарын көрсетеді.

2. Пайда мен зиян туралы есеп.

Пайда мен зиян туралы есеп ұйымның белгілі бір кезеңдегі қызметінің нәтижесін көрсетеді. Бұл есеп табыс пен шығындарды салыстырып, таза пайда немесе зиянды анықтайды. Қаржылық есептіліктің бұл құжаты ұйымның рентабельділігін, өнімділігін және басқарушылық шешімдердің нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік береді.

3. Ақша ағындары туралы есеп.

Бұл есеп ұйымның қаржылық қызметінен түсетін және жұмсалатын ақшаны көрсетеді. Ақша ағындары үш негізгі категорияға бөлінеді:

Іскерлік қызмет – бұл операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары.

Инвестициялық қызмет – активтерді сатып алу және сату, инвестициялық қаржыландыру операциялары.

Қаржылық қызмет – қарыздар алу немесе өтеу, меншікті капиталды тарту немесе бөлу операциялары.

4. Меншік капитал өзгерісі туралы есеп.

Бұл есеп ұйымның меншік капиталының өзгерісін көрсетеді, оның ішінде капиталға енгізілген қосымша жарналар, пайданы қайта инвестициялау, сондай-ақ дивидендтер төлеу сияқты іс-шаралар көрсетіледі.

Қаржылық көрсеткіштерді талдау.

Ұйымның қаржылық жағдайын талдау үшін қаржылық есептіліктегі көрсеткіштерді қолдану маңызды. Бұл көрсеткіштер ұйымның қаржылық денсаулығын, оның табыстылығын, өтімділігін, тәуекелдерін және капитал құрылымын бағалауға мүмкіндік береді.

1) Рентабельділік көрсеткіштері.

Рентабельділік көрсеткіштері ұйымның табыстылығын өлшейді. Олар ұйымның шығындарына қатысты қаншалықты тиімді жұмыс істейтінін көрсетеді.

Жалпы рентабельділік коэффициенті – $(\text{Пайда} / \text{Табыстар}) \times 100\%$. Бұл көрсеткіш ұйымның жалпы табысына қанша пайызы таза пайда ретінде қалатынын көрсетеді.

Өндірістік рентабельділік коэффициенті – $(\text{Жалпы пайда} / \text{Табыстар}) \times 100\%$. Бұл көрсеткіш өнімділік пен өндірістің тиімділігін бағалауға көмектеседі.

Таза рентабельділік коэффициенті – $(\text{Таза пайда} / \text{Табыстар}) \times 100\%$. Бұл ұйымның жалпы табысына қатысты қаншалықты таза пайда алатынын көрсетеді.

2) Өтімділік көрсеткіштері.

Өтімділік көрсеткіштері ұйымның қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу қабілетін бағалайды. Оларға:

Қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті (ағымдағы коэффициент) – $(\text{Ағымдағы активтер} / \text{Ағымдағы міндеттемелер}) \times 100\%$. Бұл көрсеткіш ұйымның ағымдағы міндеттемелерін өтей алатындығын көрсетеді.

Тез өтімділік коэффициенті – $(\text{Ағымдағы активтер} - \text{Қорлар}) / \text{Ағымдағы міндеттемелер}$. Бұл көрсеткіш ұйымның қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеуге қаншалықты дайын екенін анықтауға көмектеседі.

3) Қаржылық тәуекел көрсеткіштері.

Қаржылық тәуекелдер ұйымның қарыздарды өтеу қабілетіне және оның жалпы қаржылық тұрақтылығына әсер етеді.

Қарызды меншік капиталына қатынасы – (Қарыздар / Меншік капиталы). Бұл көрсеткіш ұйымның жалпы қарызы мен меншікті капиталының арақатынасын көрсетеді. Егер бұл коэффициент жоғары болса, ұйым қарызға тәуелді болып қалады.

Қарызды өтеу коэффициенті – Қарыздардың пайыздық төлемдеріне қатысты ақша ағындарын өлшейді.

4) Активтердің тиімділігі.

Активтердің тиімділігі ұйымның активтерін қаншалықты тиімді пайдаланатынын көрсетеді. Бұл көрсеткіштерге мыналар кіреді:

Меншікті капиталдың айналымдылығы – Табыстар / Меншікті капитал. Бұл көрсеткіш ұйымның меншікті капиталы қаншалықты тиімді пайдаланылып жатқанын көрсетеді.

Жалпы активтердің айналымдылығы – Табыстар / Жалпы активтер. Бұл ұйымның барлық активтерін тиімді пайдалану деңгейін көрсетеді [1].

Қазіргі заманғы кәсіпорындардың дамуы және олардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі көп жағдайда қаржылық есептілікке байланысты. Қаржылық есеп – бұл кәсіпорынның экономикалық жағдайы туралы объективті ақпарат беретін басқару құралы. Ол кәсіпорынның қаржылық қорытындыларын, активтерін, міндеттемелерін және капиталын сипаттайды, сонымен қатар кәсіпорынның өнімділігін және тиімділігін бағалауда маңызды рөл атқарады.

Қаржылық есептің деректері мен аналитикасы басшылықтың стратегиялық шешімдер қабылдауында және күнделікті операциялық әрекеттерді басқаруда негіз болып табылады. Бұл ақпараттың нақтылығы мен өзектілігі кәсіпорынды жоспарлау, болжау және тәуекелдерді басқару жұмыстарында тиімді пайдалануына мүмкіндік береді. Осы ақпарат арқылы инвесторлар, кредиторлар және басқа да мүдделі тараптар кәсіпорынның қаржылық жай-күйін бағалай алады, бұл олардың инвестициялық шешімдеріне тікелей ықпал етеді.

Сонымен қатар, қаржылық есептілік нормативтік талаптарға сәйкес келуі тиіс, бұл әділеттілік пен ашықтық принциптерін сақтауға көмектеседі. Әрине, қаржылық есептің сапасы тікелей компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне байланысты. Ішкі бақылау жүйесінің жетілдірілуі ақпараттық қателерді азайтады және қаржылық трансакциялардың заңдылығын қамтамасыз етеді.

Қаржылық есептің анықтамасына және оның мәніне көбірек тоқталсақ, бұл бухгалтерлік есептің бір бөлігі ретінде кәсіпорынның қаржылық жағдайын және операциялық қызметінің нәтижелерін айқындайтын жүйе ретінде танылады. Қаржылық есеп кәсіпорындардың активтері, міндеттемелері және капиталы туралы нақты және объективті ақпарат береді. Бұл ақпарат кәсіпорынның қаржылық ресурстарын басқару тиімділігін және оның нарықтағы бәсекелестік қабілетін бағалауға мүмкіндік береді [2].

Қаржылық есептіліктің негізгі мақсаты – мүдделі тараптарға, соның ішінде инвесторларға, кредиторларға, акционерлерге және басқарушылық қызметкерлерге тиісті шешімдерді қабылдау үшін қажетті қаржылық ақпаратты ұсыну болып табылады. Бұл ақпараттың нақтылығы мен уақтылығы шешуші рөл атқарады, өйткені ол компанияның нарықтағы қызметінің тиімділігін және жалпы қаржылық денсаулығын көрсетеді.

Қаржылық есептің жүргізілуінің негізіне халықаралық және жергілікті стандарттар жатады, олар кәсіпорындарға қаржылық операцияларды белгілі бір бірізділік және салыстырмалылық принциптері бойынша жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл стандарттар кәсіпорынның қаржылық есептілігінің сенімділігін арттырып, мүмкін болатын қаржылық алаяқтықтарды болдырмауға көмектеседі.

Сондай-ақ, қаржылық есеп маңызды стратегиялық құрал ретінде де қарастырылады. Ол компанияның қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларын жасауда,

болжамдық бюджеттеу процестерінде және капиталды басқаруда қолданылады. Қаржылық есептің дұрыс жүргізілуі кәсіпорынның барлық ресурстарын тиімді басқаруға және жоспарлауға мүмкіндік береді, бұл ұйымның өсуіне және дамуына оң әсер етеді.

Қаржылық есеп беруді жүзеге асыру кезінде кәсіпорын бірқатар қаржылық көрсеткіштерді белгілейді, олардың ішінде табыстылық, ликвидтілік, жұмыс істеу тиімділігі және қарыз жүктемесі сияқты негізгі параметрлер бар. Бұл көрсеткіштер кәсіпорынның жалпы қаржылық жағдайын талдауда маңызды рөл атқарып, кәсіпорынның бәсекелестік қабілеттілігін және нарықтағы тұрақтылығын бағалауға көмектеседі [3].

Қаржылық есептерді жасаудың негізгі мақсаттары кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты беру болып табылады. Бұл ақпарат кәсіпорынның басқарушыларына, инвесторларына, басқа да мүдделі тараптарға арналған. Олардың шешім қабылдау процестерінде нақты және сенімді деректерге сүйенуі үшін қаржылық есептердің маңызы зор.

Біріншіден, қаржылық есептер кәсіпорынның активтері, міндеттемелері және капиталы туралы толық мәлімет береді. Бұл деректер кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын және нарықтағы позициясын бағалауға көмектеседі. Сондай-ақ, активтердің және міндеттемелердің құрылымын талдау арқылы басқарушылар капиталды тиімді басқару және қаржылық ресурстарды оңтайландыру жөнінде шешімдер қабылдай алады.

Екіншіден, қаржылық есептер кәсіпорынның операциялық және басқа да қызметтерінен алынған табыстар мен шығыстарды көрсетеді. Бұл табыстылық деңгейін бағалауға және тиімділікті арттыру үшін қажетті шараларды белгілеуге мүмкіндік береді. Табыс пен шығын есептері кәсіпорынның қаржылық нәтижелерін жақсарту жолдарын қарастыруда негізгі рөл атқарады.

Үшіншіден, қаржылық есептер аудиторлық тексерулер үшін де қажет. Аудиторлар қаржылық есептерді тексеру арқылы кәсіпорынның есептілігінің дұрыстығын және заңнамаға сәйкестігін бағалайды. Мұндай тексерулер кәсіпорынның беделін арттырып, инвесторлар мен өзге де мүдделі тараптардың сенімін нығайтады.

Төртіншіден, қаржылық есептілік ұйымдық шешімдерді қабылдауға аса қажетті стратегиялық ақпаратты ұсынады. Бұл кәсіпорынның даму стратегиясын жоспарлауға және нарықтық мүмкіндіктерді бағалауға көмектеседі. Басқарушылар қаржылық есептерді пайдалана отырып, инвестициялық жобаларға шешім қабылдайды және кәсіпорынның қаржылық ресурстарын басқаруды жетілдіреді.

Сонымен қатар, қаржылық есептің нақтылығы мен уақтылығы кәсіпорынды басқарудағы шешуші фактор болып табылады. Бұл есептер барлық мүдделі тараптар үшін ашықтықты және ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз етеді, бұл кәсіпорынның жарғылық капиталын көтеру және оның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Баланс немесе қаржылық жағдай туралы есеп компанияның қаржылық жағдайын көрсететін маңызды құжат болып табылады. Бұл есепте компанияның активтері, міндеттемелері және меншікті капиталы туралы ақпарат беріледі. Баланс жасау арқылы компанияның басшылары, инвесторлары және басқа да мүдделі тараптар қаржылық ресурстардың қайда және қалай пайдаланылып жатқанын түсінуге мүмкіндік алады [4].

Баланста компанияның активтерінің жалпы құны мен оның міндеттемелері мен меншікті капиталының жиынтығы әрқашан бірдей болуы тиіс. Бұл есеп беру кезеңінің соңындағы нақты уақыттағы компанияның қаржылық күйін дәл көрсетуі керек. Активтер дегеніміз – бұл компанияның иелігіндегі барлық ресурстар, мысалы, ақшалай қаражаттар, дебиторлық берешек, жылжымайтын мүлік және тағы басқалар. Міндеттемелер – бұл компанияның басқа тұлғалар алдындағы борыштары, мысалы, кредиторлық берешек және алынған несиелер. Меншікті капитал компанияның иелеріне тиесілі бөлігін білдіреді және ол компанияның жинақталған пайдасынан және инвестицияланған капиталдан тұрады.

Баланс жасау арқылы қаржылық менеджерлер мен аналитиктер компанияның ликвидтілігін, қаржылық тұрақтылығын және бизнес-операцияларының тиімділігін бағалай алады. Ликвидтілік деңгейі компанияның қысқа мерзімде өз міндеттемелерін қалай орындай алатынын көрсетеді, ал тұрақтылық көрсеткіші ұзақ мерзімді қаржылық денсаулығын анықтайды. Осы ақпарат арқылы компанияның стратегиялық жоспарларын және қаржылық мақсаттарын нақтылауға болады.

Баланс компанияның қаржылық жағдайы туралы маңызды ақпарат береді және ол компанияны басқаруда және оның қаржылық стратегиясын дамытуда негізгі рөл атқарады. Осы себепті, баланс дұрыс түрде және жүйелі түрде дайындалуы тиіс.

Пайда мен залал туралы есеп бухгалтерлік есептің негізгі құжаттарының бірі болып табылады және ол кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі қаржылық нәтижелерін көрсетеді. Бұл есеп кәсіпорынның табысы мен шығындарын жинақтап, олардың арасындағы айырмашылықты анықтау арқылы таза пайданы немесе залалды көрсетеді. Пайда мен залал туралы есеп кәсіпорынның табыстылық деңгейін бағалауға мүмкіндік береді және ол басқарушылық шешімдерді қабылдауда маңызды ақпарат көзі болып табылады.

Есепті жасау кезінде бірінші кезекте кәсіпорынның табыстары туралы ақпарат жиналады, оған өнім сатудан, қызмет көрсетуден және басқа да операциялық және инвестициялық қызметтерден түскен кірістер кіреді. Одан кейін шығындар есептеледі, олар өндірістік шығындар, амортизация, жалақы, салықтар және басқа да операциялық шығындарды қамтуы мүмкін. Табыстар мен шығындар арасындағы айырмашылық кәсіпорынның операциялық пайдасын анықтайды [5].

Осы операциялық пайдадан басқа да түсімдер мен шығыстар есепке алынады. Мысалы, инвестициялық қызметтен алынған пайда, несие бойынша пайыздар, сондай-ақ кездейсоқ табыстар мен шығыстар. Барлық осы ақпараттар қосымша есептелгеннен кейін, кәсіпорынның таза пайдасы немесе залалы шығарылады, бұл ақпарат кәсіпорынның жылдық қаржылық есептеріне енгізіледі және инвесторларға, кредиторларға және басқа мүдделі тараптарға ұсынылады.

Пайда мен залал туралы есептің маңыздылығы соншалық, ол кәсіпорынның қаржылық денсаулығын бағалауға және оның болашақтағы әлеуетін анықтауға көмектеседі. Ол кәсіпорынның қаржылық стратегиясын қалыптастыруда негізгі рөл атқарып, нарықтағы өзгерістерге бейімделу және тиімді бәсекелестік стратегияларды жасау үшін қажетті негіз береді [6].

Қаржы қозғалысы туралы есеп кәсіпорынның қаржылық қызметінің ағымдағы жыл ішіндегі барлық ақшалай операцияларын көрсетеді. Бұл есеп кәсіпорынның ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттерінің қалай және қайдан келгенін және қайда жұмсалғанын анық көрсетеді. Негізгі мақсаты – кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын және ликвидтілігін бағалау. Ол үш негізгі бөлімнен тұрады: операциялық қызметтен түскен қаржы ағымдары, инвестициялық қызметтен түскен қаржы ағымдары және қаржыландыру қызметінен түскен қаржы ағымдары.

Операциялық қызметтен түскен қаржы ағымдары кәсіпорынның негізгі қызметінен түскен таза ақша ағымын көрсетеді. Мұнда өнімдердің сатылуынан, қызмет көрсетуден және басқа да операциялық кірістерден түскен табыстар мен шығындар жатады. Бұл ақша ағымдары кәсіпорынның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін және күнделікті қызметін жалғастыру қабілетін бағалауда маңызды.

Инвестициялық қызметтен түскен қаржы ағымдары кәсіпорынның активтерін сатып алуға немесе сатуға жұмсалған қаражаттарды қамтиды. Мұнда негізгі құралдарды, инвестициялық жобаларға салынған инвестициялар мен басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және сату жатады. Бұл ағымдар кәсіпорынның болашақ даму стратегиясын және ұзақ мерзімді мақсаттарын көрсетеді.

Қаржыландыру қызметінен түскен қаржы ағымдары қарыз алу және қарызды қайтару, акционерлік капиталдың өзгерістері сияқты транзакцияларды қамтиды. Бұл бөлім

кәсіпорынның капитал құрылымын, яғни борыштық және меншіктік капиталдың арасындағы тепе-теңдікті басқару стратегиясын көрсетеді [4].

Қаржы қозғалысы туралы есеп кәсіпорынның ақша қаражаттарын басқару деңгейін және оның ақшалай ресурстарды тиімді пайдалану қабілетін айқындайды. Бұл есеп кәсіпорынның нарықтық жағдайларға бейімделуіне және қаржылық дағдарыстар кезінде тұрақтылығын сақтауына көмектеседі. Осы арқылы кәсіпорын басшылығы стратегиялық шешімдер қабылдап, ұзақ мерзімді жоспарлар жасай алады.

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп компанияның меншікті капиталында болған барлық өзгерістерді қамтитын қаржылық есептіліктің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл есепте компанияның бизнес операцияларынан және басқа да транзакциялардан алынған табыс көлемі, алынған дивидендтер, акцияларды сатудан түскен кірістер сияқты капиталдың өсуі мен азаюы көрсетіледі. Осы ақпаратты талдау компанияның қаржылық денсаулығы мен қаржылық стратегияларын бағалауда өте маңызды.

Қазіргі заманғы бизнес ортада кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі мен дамуы үшін қаржылық есептіліктің маңызы зор. Қаржылық есеп – кәсіпорынның экономикалық жағдайын ашық және объективті түрде көрсететін басқару құралы болып табылады. Ол активтерді, міндеттемелерді және капиталды бағалауда, сондай-ақ кәсіпорынның өнімділігі мен тиімділігін анықтауда маңызды рөл атқарады.

Қаржылық есептілік қаржылық ақпараттың нақтылығына және уақтылығына баса назар аударады, бұл кәсіпорынның басшылығына стратегиялық және күнделікті басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді. Инвесторлар, кредиторлар және басқа да мүдделі тараптар үшін компанияның қаржылық жай-күйін түсіну және бағалау маңызды болып табылады.

Қаржылық есептіліктің әділеттілік пен ашықтық принциптерін ұстануы, сондай-ақ компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі кәсіпорынның қаржылық есептерінің сапасына тікелей әсер етеді. Бұл жүйе ақпараттық қателерді азайтуға және қаржылық транзакциялардың заңдылығын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Сонымен қатар, қаржылық есептілік ұйымдық шешімдер қабылдауда стратегиялық ақпаратты ұсыну арқылы кәсіпорынның қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларын жасауға, болжамдық бюджеттеу процестерінде және капиталды басқаруда қолданылады. Қаржылық есептің дұрыс жүргізілуі кәсіпорынның барлық ресурстарын тиімді басқаруға және жоспарлауға мүмкіндік береді, бұл ұйымның өсуіне және дамуына оң әсер етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 234 Заңы// Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 98 бұйрығы.

2. 1-ші Халықаралық қаржылық есептілік стандарты (IAS) // https://continent-online.com/Document/?doc_id=30015328.

3. «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығы // (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2020 жылғы 25 маусымдағы № 632 бұйрығы).

4. Крейнина М.Н. «Финансовый учет: от теории к практике» – М.: Финансы, ЮНИТИ-ДАНА, 2022. – 60-85 б.

5. Дюсембаев К.Ш. Анализ финансовой отчетности: учебник. – Алматы: Экономика, 2009. – 366 с. – ISBN 978-601-225-100-5.

6. «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 241 бұйрығы.

*Әміреева Айжан Ербосынқызы – студент, Каспий қоғамдық университеті, e-mail: a_aizhan92@mail.ru

**Шерзатов Қанат Аманханұлы – магистр, сеньор-лектор, Каспий Қоғамдық Университеті, e-mail: kan411@mail.ru

Сведения об авторах

*Амреева Айжан Ербосыновна – студент, Каспийский Общественный Университет, e-mail: a_aizhan92@mail.ru

**Шерзатов Канат Аманханович – магистр, сеньор-лектор, Каспийский Общественный Университет, e-mail: kan411@mail.ru

Information about the authors

*Amreeva Aizhan Erbosynkyzy – student, Caspian Public University, e-mail: a_aizhan92@mail.ru

**Sherzatov Kanat Amankhanuly – master, senior lecturer, Caspian Public University, e-mail: kan411@mail.ru

УДК: 336.144(574.2)

ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В СОЦИАЛЬНОЙ СФЕРЕ

Арзиева Я.А.¹, Канатова А.К.²

^{1, 2} Каспийский Общественный Университет, г. Алматы, Республика Казахстан
научный руководитель м.э.н., Большекбаева К.О.

Аннотация. В данной научной статье исследованы пути эффективного использования государственных финансов в социальной сфере Республики Казахстан. Автор анализирует основные факторы, влияющие на эффективность расходов в этой области, такие как отсутствие системы мониторинга и оценки, недостаточная прозрачность и открытость бюджетного процесса, обучение и развитие кадров а также рассматриваются проблемы в управлении и планировании. Реализация этих мероприятий поможет повысить эффективность государственных финансов и обеспечить целевое использование ресурсов для социальных нужд населения.

Ключевые слова: Государственные финансы, эффективность, социальная сфера, Республика Казахстан, мониторинг и оценка, прозрачность, управление и планирование.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫСЫН ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Арзиева Я.А.¹, Канатова А.К.²

^{1, 2} Каспий Қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші э.ғ.м., Бөлшекбаева Қ.О.

Аңдатпа. Бұл ғылыми мақалада Қазақстан Республикасының әлеуметтік саласында мемлекеттік қаржыны тиімді пайдалану жолдары зерттелген. Автор осы саладағы шығындардың тиімділігіне әсер ететін негізгі факторларды талдайды, мысалы, мониторинг пен бағалау жүйесінің болмауы, бюджеттік процестің ашықтығы мен

ашықтығының жеткіліксіздігі, кадрларды даярлау және дамыту басқару мен жоспарлаудағы мәселелер қарастырылады. Осы іс-шараларды іске асыру мемлекеттік қаржының тиімділігін арттыруға және халықтың әлеуметтік қажеттіліктері үшін ресурстарды мақсатты пайдалануды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Түйін сөздер: Мемлекеттік қаржы, тиімділік, әлеуметтік сала, Қазақстан Республикасы, мониторинг және бағалау, ашықтық, басқару және жоспарлау.

WAYS TO INCREASE THE EFFECTIVE USE OF PUBLIC FINANCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE SOCIAL SPHERE

Arzieva Y.A.¹, Kanatova A.K.²

^{1,2} Caspian Public University, Almaty, Republic of Kazakhstan

scientific supervisor, Master of Economic Sciences, Bolshekbaeva K.O.

Summary. This scientific article examines the ways of effective use of public finances in the social sphere of the Republic of Kazakhstan. The author analyzes the main factors affecting the effectiveness of expenditures in this area, such as the lack of a monitoring and evaluation system, insufficient transparency and openness of the budget process, training and personnel development, and also considers problems in management and planning. The implementation of these measures will help to increase the efficiency of public finances and ensure the targeted use of resources for the social needs of the population.

Key words: Public finance, efficiency, social sphere, Republic of Kazakhstan, monitoring and evaluation, transparency, management and planning.

Государственные финансы в социальной сфере играют важную роль в обеспечении благосостояния граждан и общего развития общества. Тем не менее, эффективное управление государственными ресурсами в этой области остается сложной задачей для многих стран, включая Казахстан.

В настоящее время Казахстан активно стремится к совершенствованию своей системы социального обеспечения и обеспечению надлежащей социальной защиты своих граждан. Несмотря на увеличение расходов на социальные программы, эффективное использование государственных средств в этой сфере по-прежнему представляет проблему.

Мы проанализировали ключевые факторы, влияющие на эффективность использования финансовых ресурсов и бюджетных расходов в социальной сфере Казахстана, и предложили решения для решения этих проблем. Изучая эти факторы и применяя рекомендованные методы, мы стремимся повысить эффективность государственных финансов в социальной сфере. Это приведет к более оптимальному распределению средств, повышению прозрачности и открытости процессов составления бюджета, а также улучшению управления и планирования в этой области. Решение этих проблем является важнейшим шагом на пути к достижению устойчивого развития и повышению благосостояния граждан Казахстана. При подготовке данной статьи мы провели тщательный анализ соответствующей литературы из официальных правительственных источников, а также изучили бюджетные данные за 2022 и 2023 годы, чтобы сделать выводы и лучше понять основные причины проблем с эффективным распределением бюджетных ресурсов в социальной сфере.

Государственные финансы в социальном секторе охватывают широкий спектр областей, имеющих важное значение для благосостояния граждан. К ним относятся система здравоохранения, образование, программы социальной помощи, пенсионные схемы, жилищная политика, трудовое законодательство и культурные инициативы.

Целью государственного финансирования в этой области является обеспечение доступа всех граждан к качественным социальным услугам и защита от социального

неравенства, бедности и безработицы. Это достигается за счет разумного использования государственных средств для оказания социальной поддержки и повышения общего благосостояния населения.

Чтобы оценить эффективность государственного финансирования социальной сферы, необходимо проанализировать расходы на образование, здравоохранение, социальную помощь и другие соответствующие программы. Также важно оценить достижение целей, поставленных этими инициативами, и уровень удовлетворенности граждан предоставляемыми услугами.

Важными показателями для оценки результативности являются доступность, качество и результативность услуг, а также способ распределения бюджетных средств. Основываясь на этих критериях, мы можем дать определение термину эффективность государственных расходов в социальной сфере следующим образом.

Эффективность государственных расходов в социальной сфере - это бюджетные ресурсы, которые направляются на развитие и поддержку таких областей, как образование, здравоохранение и социальное обеспечение. Эти средства оцениваются на основе таких индикаторов, как доступность, качество, удовлетворенность клиентов и результативность. Расходы в социальной сфере включают расходы на персонал, развитие инфраструктуры, приобретение оборудования и расходных материалов, финансирование программ и проектов, а также административные расходы, связанные с управлением и мониторингом социальных программ.

Эффективность и добросовестность - два фундаментальных принципа государственного финансирования в социальной сфере. Это означает, что ресурсы должны использоваться эффективно для достижения максимальных результатов в условиях ограниченности ресурсов. Средства должны направляться в те области, которые в них больше всего нуждаются, а граждане должны иметь равный доступ к социальной защите и возможностям. Организация и управление государственными фондами в социальном секторе требует разработки и внедрения политики, нормативных актов и мер контроля, гарантирующих прозрачность, подотчетность и оптимальное использование этих ресурсов. Это позволяет правительству достигать своих социальных целей и создавать благоприятную среду, способствующую росту и благосостоянию его граждан [1].

В Республике Казахстан, как и во многих других странах, вопрос эффективного государственного финансирования социальной сферы имеет первостепенное значение. В 2023 году состоялись обсуждения, касающиеся изменений в бюджете страны и приоритетов расходования средств. На основе этих обсуждений был составлен бюджет на последующие три года, с 2024 по 2026 год включительно, направленный на укрепление экономики, социальной сферы, содействие региональному развитию и повышение уровня жизни. Бюджет выделяет значительные средства на несколько приоритетных отраслей, включая сельское хозяйство, транспорт, здравоохранение, образование, оборону и гражданскую оборону [2].

Несмотря на значительные инвестиции в социальное обеспечение и здравоохранение, которые в 2023 году увеличились на 279 миллиардов тенге по сравнению с 2022 годом, это относительно небольшая сумма по сравнению с другими бюджетными сферами. Согласно графику, мы видим, что доля этих расходов в общем бюджете снизилась на 0,9%. Таким образом, результативность этих инвестиций остается предметом обсуждения и требует дальнейшего совершенствования. Структура расходов бюджета за 2022-2023 год предлагается в рисунке 1 [3].



Рисунок 1 - Структура расходов бюджета 2023 год

Примечание: рисунок составлен на основе источника [4, с.11]

В своей работе мы рассмотрели следующие факторы, влияющие на результативность бюджетных расходов в социальной сфере:

1. Система мониторинга и оценки эффективности затрат. Одним из ключевых факторов, влияющих на оптимальность государственных финансов в социальной сфере Казахстана, является отсутствие адекватной системы мониторинга и оценки эффективности расходов. Важно разработать и внедрить эффективные методы и инструменты для оценки социального воздействия расходов и определения их соответствия поставленным целям и задачам. Это позволило бы нам оценивать результаты программ и проектов в социальной сфере, определять области для улучшения и корректировать стратегии и планы на основе собранных данных.

2. Прозрачность бюджетного процесса. Отсутствие прозрачности в управлении государственными финансами в Казахстане является серьезной проблемой. Это может привести к коррупции, растрате средств и незаконной деятельности. Кроме того, важно обеспечить доступность информации о расходах в социальном секторе. Внедрение прозрачных процедур проведения тендеров может способствовать более эффективному использованию средств и повышению подотчетности.

3. Неэффективность государственных финансов может быть следствием неэффективного управления и планирования в социальной сфере. Важно совершенствовать такие инструменты управления, как стратегическое планирование, расстановка приоритетов и оптимизация затрат. Также важно учитывать демографические и экономические тенденции, чтобы адаптировать политику и программы к текущим условиям и обеспечить более эффективное использование ресурсов.

Анализируя вопросы, связанные с государственными финансами и их эффективностью в социальном секторе Казахстана, мы пришли к следующему умозаключению: отсутствие систем мониторинга и оценки, непрозрачность бюджетных процессов, а также проблемы с управлением и планированием являются существенными факторами, влияющими на оптимальность использования государственных средств.

Наши рекомендации по решению данных проблем:

Создание и внедрение системы мониторинга и оценки экономической эффективности. Отсутствие систематического контроля приводит к неэффективному использованию государственных средств. Важно разработать систему оценки результативности государственных инициатив и программ в социальной сфере. Это включает в себя разработку методологий оценки, определение показателей и внедрение

механизмов сбора данных. Необходимо проводить периодические анализы и оценки для корректировки стратегий, планов и более эффективного распределения ресурсов. Создав систему мониторинга и оценки, мы можем оценивать эффективность текущих инициатив, выявлять области для совершенствования и принимать обоснованные решения относительно распределения и использования ресурсов.

Повышение прозрачности бюджетного процесса. Отсутствие доступности и ясности в информации о расходах создает возможности для коррупции и незаконного присвоения средств. Для обеспечения прозрачности и подотчетности в бюджетном процессе необходимо усилить механизмы мониторинга и отчетности. Это включает публикацию информации о расходах, отчетность о реализации программ и проектов, а также предоставление доступа к данным общественным и правительственным надзорным органам. Публикация подробной информации о расходах способствует повышению прозрачности и открытости бюджетного процесса, а также отчетности об исполнении бюджета и участию общественности в принятии решений, касающихся распределения средств. Кроме того, важное значение имеет внедрение открытых процедур закупок и контроль за соблюдением контрактов.

Усиление управления и планирования. Нерациональное использование ресурсов, позднее завершение проектов и неэффективное планирование бюджетных расходов - все это снижает эффективность государственных программ и инициатив. Для повышения результативности социальных расходов и создания более эффективного правительства необходимо установить четкие цели и показатели, разработать долгосрочные стратегии, улучшить координацию между государственными учреждениями и обеспечить согласованность и сотрудничество между различными уровнями правительства и другими заинтересованными сторонами. Оптимальное управление и планирование в социальном секторе требуют стратегического планирования, установления приоритетов, оптимизации затрат, а также адаптации политики и программ к изменяющимся обстоятельствам. Обеспечение согласованности и сотрудничества между различными уровнями власти и ключевыми заинтересованными сторонами имеет важное значение для достижения этих целей.

Обучение и повышение квалификации персонала. Для успешного решения задач повышения эффективности управления государственными финансами в социальном секторе важно инвестировать в обучение и развитие сотрудников. Лица, ответственные за управление государственными средствами и их распределение, должны обладать необходимыми знаниями и навыками для эффективного планирования, мониторинга и оценки программ и проектов. Кроме того, крайне важно продвигать культуру ответственного и эффективного использования ресурсов среди государственных служащих.

На наш взгляд реализация этих мер повысит оптимальность использования государственных финансов в социальном секторе Казахстана и обеспечит более действенное распределение ресурсов для удовлетворения социальных потребностей населения.

Для Республики Казахстан крайне важно решать проблемы в области управления государственными финансами на социальном фронте. Такие проблемы, как отсутствие системы мониторинга и оценки, недостаточная прозрачность и открытость процессов составления бюджета, неэффективное управление и планирование, требуют комплексного подхода.

Оптимальное использование государственных средств в социальной сфере имеет важное значение для достижения социального прогресса и повышения благосостояния граждан. Преодоление проблем, связанных с мониторингом, оценкой, обеспечением прозрачности, содействием открытости, управлением и планированием, требует совместных усилий правительства, общественности и других соответствующих заинтересованных сторон. Только благодаря таким совместным усилиям можно создать

эффективную основу для распределения государственных средств, способствуя тем самым социальному развитию и устойчивому росту Казахстана.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Нурпеисова А.А. Анализ финансовой обеспеченности социальной сферы Республики Казахстан в современных условиях. [Электронный ресурс]. – 2019. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/analiz-finansovogo-obespecheniya-sotsialnoy-sfery-respubliki-kazahstan-v-sovremennyh-usloviyah-shape-mergeformat/viewer> (дата посещения: 16.10.2024).

2 Бюджет Казахстана на 2023-2025 годы: основные направления расходов. [Электронный ресурс]. – 2023. – URL: <https://dzen.ru/a/ZBLkYhdIDTIFyhLp> (дата посещения: 15.10.2024)

Оценка государственных расходов в финансовой подотчетности. [Электронный ресурс]. – 2018. – URL: https://www.pefa.org/sites/pefa/files/2019-11/KZ-Dec18-PFMPR-Public%20with%20PEFA%20check_RUS_0.pdf (дата посещения: 17.10.2024)

3 Отчёт по бюджетной политике Республики Казахстан. [Электронный ресурс]. – 2023. – URL: https://docviewer.yandex.kz/view/1001410866/?page=15&* (дата посещения: 15.10.2024)

4 Прогноз социально-экономического развития Республики Казахстан на 2020-2024 годы. [Электронный ресурс]. – 2020. – URL: https://www.gov.kz/uploads/2020/10/20/12011fef0873890313fed0507298fa8a_original.807987.pdf (дата посещения: 17.10.2024)

Сведения об авторах

Арзиева Ясмينا Азизжановна - студентка, Каспийский Общественный Университет, e-mail: yasminarzieva@gmail.com

Канатова Амина Канатовна - студентка, Каспийский Общественный Университет, e-mail: Kanatovaamina09@gmail.com

ӘОЖ 338.001.36

КӘСІПОРЫНДА ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ӘЗІРЛЕУ

Аристанова Д.¹, Каримова М.Д.²

^{1, 2} Каспий қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Қазіргі экономикалық және технологиялық тұрақсыздық жағдайында кәсіпорындар үшін тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу өзекті мәселеге айналды. Тәуекелдерді басқару стратегиясы әртүрлі болуы мүмкін және тәуекелдерді болдырмауда, ұйымның бірқалыпты жұмыс істеуінде маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада тәуекелдерді басқару жүйесін құрудың негізгі кезеңдері қарастырылады. Сонымен қатар, тәуекелдерді анықтау, бағалау, минимализациялау әдістері және нақты кәсіпорында жүйені енгізу мысалы талқыланады. Жүйенің артықшылықтары мен қиындықтары анықталып, оны сәтті жүзеге асыру бойынша ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: Тәуекелдерді басқару, тәуекелдерді анықтау, бағалау, минимализациялау әдістері, кәсіпорында жүйені енгізу.

Аннотация. В условиях современной экономической и технологической нестабильности внедрение системы управления рисками стало актуальным вопросом для предприятий. Стратегия управления рисками может быть различной и играет важную роль в предотвращении рисков и бесперебойной работе организации. Кроме того, рассмотрены этапы создания системы управления рисками, методы их оценки, минимизации и пример внедрения системы на реальном предприятии. Определены преимущества и трудности системы, а также даны рекомендации по ее успешному внедрению.

Ключевые слова: управление рисками, идентификация рисков, оценка, методы минимизации, внедрение системы на предприятии.

Annotation. In the conditions of modern economic and technological instability, the implementation of a risk management system has become a pressing issue for enterprises. Risk management strategy can be different and plays an important role in preventing risks and ensuring the smooth operation of an organization. In addition, the stages of creating a risk management system, methods of their assessment, minimization and an example of implementing the system at a real enterprise are considered. The advantages and difficulties of the system are determined, and recommendations for its successful implementation are given.

Keywords: risk management, risk identification, assessment, minimization methods, implementation of the system at an enterprise.

Тәуекелдерді басқару-кәсіпорынның тұрақтылығын сақтау және стратегиялық мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін маңызды құрал. Әлемдік жаһандану, технологиялардың қарқынды дамуы және экономикалық тұрақсыздық жағдайында компаниялар көптеген ішкі және сыртқы қателерге тап болады. Оларға экономикалық дағдарыстар, заңнамалық өзгерістер, жеткізу тізбегінің бұзылуы, кибершабуылдар және басқа да факторлар жатады.

Тәуекелдерді басқаруға көңіл бөлмейтін кәсіпорындар көбіне қаржылық шығындарға, нарықтағы беделінің төмендеуіне және бәсекеге қабілеттілігін жоғалтуға ұшырайды. Бұл мақалада тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құру арқылы осындай мәселелерді азайту әдістері ұсынылады.

Тәуекелдерді басқарудың теориялық негіздері

Тәуекел және оны басқару ұғымы

Тәуекел-бұл кәсіпорынның мақсатына жетуге әсер ететін оқиғалардың орын алу ықтималдығы. Тәуекелдерді басқару-қауіптерді анықтау, бағалау және азайту үшін қолданылатын жүйелі және үздіксіз процесс.

Тәуекелдердің жіктелуі

Тәуекелдер келесі санаттарға бөлінеді:

1. Сыртқы тәуекелдер:

- Экономикалық (инфляция, валюталық бағамдар).
- Саяси (саясаттағы тұрақсыздық, заңдағы өзгерістер).
- Әлеуметтік (тұтынушылардың талғамының өзгеруі).

2. Ішкі тәуекелдер:

- Қаржылық (кассалық алшақтық, өтімділіктің төмендеуі).
- Операциялық (жабдықтың бұзылуы, кадрлар тарапынан туындайтын қателіктер).
- Технологиялық (технологиялардың ескіруі, ақпараттық қауіпсіздік).

3. Форс-мажор тәуекелдері:

- Табиғи апаттар (жер сілкінісі, су тасқыны)
- Денсаулыққа байланысты (эпидемиялар, пандемиялар)

Тәуекелдерді басқару тәсілдері

1. Реактивті тәсіл-тәуекел орын алғаннан кейін жауап беру. Мәселе пайда болғанға дейін тәуекелдерді анықтамайды немесе жоспарламайды. Шығынның алдын ала алмайды. Бірақ бұл тәсілді тез арада шешім қабылдау кезінде пайдаланамыз. Сонымен қатар кемшіл тұсы ол ресурстарды тиімсіз пайдалану қаупі болып табылады.

2. Проактивті тәсіл-тәуекелдің алдын ала болжау және оны болдырмау.

Проактивті тәсіл тиімдірек, өйткені ол шығындарды азайтуға және тәуекелдерге дайын болуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл көп кәсіпорындар үшін тиімді болып табылады. Артықшылығы ресурстарды тиімді пайдалану мен қатар ұзақ мерзімді тұрақтылық пен тиімділікті қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу кезеңдері

Тәуекелдерді анықтау

Кәсіпорындарда тәуекелдерді анықтау келесі әдістер арқылы жүзеге асады:

- SWOT-талдау-ұйымның әлсіз және күшті жақтарын, сондай-ақ сыртқы қатерлерді анықтау.

- Жеткізу тізбегін талдау-жеткізу процестеріндегі осал тұстарды анықтау.

- Сауалнамалар мен сұхбаттар-қызметкерлер мен мамандардан ақпарат жинау.

Тәуекелдерді бағалау

Әрбір тәуекел ықтималдылығы мен салдарына байланысты бағаланады:

Сапалық бағалау- сарапшылардың пікіріне негізделген субъективті бағалау.

Сандық бағалау- ықтимал қаржылық шығындарды математикалық модельдер арқылы есептеу.

Тәуекелдерді басқару стратегиясын әзірлеу

Тәуекелдерді басқарудың негізгі стратегиялары:

- Болдырмау- тәуекел туғызатын әрекеттерден бас тарту.

- Төмендету- ықтималдылықты азайту үшін жаңа технологиялар енгізу.

- Бөлісу -тәуекелді сақтандыру, аутсорсинг немесе серіктестік арқылы тарату.

- Қабылдау-тәуекелді және оның ықтимал салдарын мойындау.

Жүйені енгізу барысында ішкі құжаттар, ережелер мен нұсқаулықтар жасалып, қызметкерлер арасында ақпараттандыру жұмыстары жүргізіледі.

Мониторинг және қайта қарау

Тәуекелдерді басқару жүйесі тұрақты түрде жаңартылып отыруы керек. Бұл үшін:

Жүйелі аудиттер өткізіледі.

Тәуекелдер туралы жаңа мәліметтер жинақталады.

Іс-шаралар жоспары өзгертіледі.

Нақты кәсіпорында тәуекелдерді басқару мысалы

Осы тәуекелдерді басқару стратегиясын компания мысалында қарастырып көретін болсақ. Ол үшін біз еліміздегі бір компанияны мысалға алып көрейік. Компания сипаттамасы:

«Базис» Қазақстандағы ірі құрылыс компанияларының бірі, ол тұрғын үй, коммерциялық ғимараттар және инфрақұрылымдық нысандарды салумен айналасыды. Компанияның қызметі, күрделі жобаларды жүзеге асыруға, заманауи технологияларды пайдалануға және жоғары сапаны қамтамасыз етуге бағытталған. Алайда, құрылыс саласында әрдайым тәуекелдерге тап болу ықтималдығы жоғары, бұл компанияның тұрақтылығы мен табыстылығына әсер етеді.

Базис компаниясындағы негізгі тәуекелдер:

1. Шикізат және жабдықтау тәуекелдері (құрылыс материалдарының қымбаттауы, шикізат пен жабдықтардың уақытында жеткізілмеуі)

2. Қаржылық тәуекелдер (инвестициялардың жетіспеушілігі; клиенттердің төлем жасаудағы кешігулері)

3. Операциялық тәуекелдер (құрылыс жұмыстарын уақытында аяқтамау; техника мен жабдықтардың істен шығуы)

4. Құқықтық тәуекелдер (рұқсат құжаттарын рәсімдеуде туындайтын қиындықтар;жер телімдері бойынша құқықтық мәселелер)

5. Еңбек қауіпсіздігі тәуекелдері (жұмысшылардың жарақат алу ықтималдығы)

6. Сыртқы факторларға байланысты тәуекелдер (ауа райы жағдайлары;сяси немесе экономикалық тұрақсыздық)

Тәуекелдерді басқару стратегиясын әзірлеу

Әрбір тәуекел үшін арнайы стратегиялар әзірленеді:

1. Шикізат және жабдықтау тәуекелдері:

Балама жеткізушілерді анықтау және олармен ұзақ мерзімді келісімшарттар жасау.

Қоймаларда материалдар қорын 2-3 айға жеткілікті деңгейде сақтау.

2. Қаржылық тәуекелдер

Инвесторлар мен қаржы институттарымен әріптестікті нығайту

Клиенттердің төлем қабілеттілігін алдын ала тексеру жұмыстарын жүргізу

3. Операциялық тәуекелдер

Жабдықтарды мерзімді түрде техникалық тексеруден өткізу

Әр нысан бойынша нақты кесте құру және оны тұрақты бақылау

4. Құқықтық тәуекелдер:

Жергілікті заңгерлермен жұмыс істеу және рұқсат құжаттарын алдын ала рәсімдеу

Жер телімдеріне қатысты тәуекелдерді минимализациялау үшін мемлекеттік органдармен байланыс орнату.

5. Еңбек қауіпсіздігі тәуекелдері

Қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы бойынша тұрақты оқыту

Жұмыс орындарында қауіпсіздік ережелерін қатаң бақылау

Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу

➤ Мониторинг және есеп беру жүйесін автоматтандыру.Тәуекелдер туралы деректерді тұрақты жинау және талдау

➤ Тәуекелдерді басқару бойынша арнайы бөлім құру.Бұл бөлім тәуекелдер туралы деректерді жинап,компания басшылығына есеп береді.

➤ Сыртқы аудит жүргізу.Тәуелсіз сарапшыларды шақырып,тәуекелдер жүйесін бағалау.

➤ Мониторинг және қайта қарау.Әр тоқсанда тәуекелдерді бағалау мен оларды басқару стратегияларына түзетулер енгізу.Жаңа тәуекелдер анықталған жағдайда,жоспарларды жаңарту.

Енді нәтижелерге тоқталатын болсақ:

✓ Шикізат жеткізудің кідірісі 25%-ға қысқарады.

✓ Құрылыс жобаларын уақытында аяқтау көрсеткіші 15%-ға артады.

✓ Қызметкерлердің жарақат алу жағдайлары 20%-ға азаяды.

✓ Құқықтық және қаржылық шығындар деңгейі төмендейді.

Әрбір жүйенің өзіне тән артықшылықтары мен кемшіліктері болады.**Жүйені енгізудің артықшылықтары мен қиындықтары**

Артықшылықтары:

○ Қауіп қатерлерге тұрақтылықтың артуы.

○ Шығындарды минимализациялау.

○ Инвесторлар мен серіктестердің сенімін арттыру.

Кемшіліктері:

● Жоғары бастапқы шығындар.

● Қызметкерлер тарапынан қарсылықтар туындауы мүмкін.

● Білікті мамандардың жетіспеушілігі.

Қорытынды және ұсыныстар

Кәсіпорындарда тәуекелдерді басқару жүйесін құру тұрақтылық пен даму үшін маңызды қадам.Бұл жүйе қауіптерді азайтып қана қоймай,жаңа мүмкіндіктерді

пайдалануға жағдай жасайды. Кәсіпорындарда тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Ұсыныстар

1. Проактивті тәсілді енгізу. Кәсіпорындар тәуекелдерді тек туындаған кезде ғана емес, олардың алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыруы қажет. Бұл тұрақты мониторинг жүргізуді, нарықтық өзгерістерді талдауды және болашақ қауіптерді болжамдауды қамтиды.

2. Сақтандыру механизмдерін пайдалану. Қаржылық тәуекелдер мен форс мажорлық жағдайлардың салдарын азайту үшін кәсіпорындар сақтандыру келісімдерін жасасуы тиіс. Бұл бизнеске күтпеген шығындардан қорғануға мүмкіндік береді.

3. Заманауи технологияларды қолдану. Аналитикалық құралдар тәуекелдерді бағалау үшін жасанды интеллект пен деректерді өңдеу жүйелерін пайдалану. Автоматтандыру тәуекелдерді бақылау процестерін жеңілдету үшін цифрлық платформалар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу.

Жалпы, кәсіпорындар үшін тәуекелдерді басқару тек қауіптерді азайту ғана емес, сонымен қатар нарықтағы жаңа мүмкіндіктерді пайдалану құралы. Оны жүйелі түрде жүзеге асыру кәсіпорынның табыстылығын, тұрақтылығын және нарықтағы беделін арттырады. Кәсіпорындарда тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу арқылы олардың бәсекеге қабілеттілігі артып, қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Гост 31000.1-2014. Тәуекелдерді басқару. Терминдер мен анықтамалар. - Алматы: Қазстандарт 2014.
2. Kaplan R.S Mikes A. «Managing Risks A New Framework. Harvard Business Review», June 2012
3. ISO 31000 2018. Risk Management-Guidelines. International Organization for standardization, 2018
4. Saunders M. Thornhill A, Lewis P. Research Methods for Business Students. Pearson education, 2020.
5. Жолдасбекова Г.А, Байбатшаева А.С Кәсіпорындардың тәуекелдерін басқару жүйесін жетілдіру. - Алматы: Экономика баспасы, 2020
6. Махмұтова А.Б. «Тәуекелдерді басқару: теориясы және тәжірибесі». - Астана: экономика және басқару, 2019.
7. Дмитриев В.В. «Риск-менеджмент в современных организациях.» - Мәскеу: Юнити - Дана, 2021
8. Нұрғали М.Қ. «Кәсіпорындарды басқарудағы тәуекелдерді бағалау әдістері.» - Қазақстан экономикасы, 2022, №4, 56-61б.
9. Қабылдас Е.С. «Тәуекелдерді басқару жүйесін автоматтандыру.» - Алматы: ТехИнформ, 2023
10. Tleukhanova D. Abdykalikova A. «Risk Management in Emerging Economies: Kazakhstan Case Study». – Journal of risk Studies ,2023, Vol.18, No.2, pp.45-59.

Авторлар туралы мәліметтер

*Аристанова Диана Мейрбекқызы – Каспий Қоғамдық университетінің «Менеджмент» мамандығының 4-ші курс студенті, e-mail: dianaarystanova04@gmail.com

**Каримова Мадина Даутовна - Каспий Қоғамдық университетінің «Экономика және менеджмент» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD, e-mail: madi79@mail.ru

Сведения об авторах

*Аристанова Диана Мейрбековна– студент 4 курса Каспийского общественного университета по специальности «Менеджмент», e-mail: dianaarystanova04@gmail.com

**Каримова Мадина Даутовна-ассоц. профессор кафедры «Экономика и менеджмент» Каспийского общественного университета, PhD, e-mail: madi-79@mail.ru

Information about the authors

*Aristanova Diana -4th year student of the Caspian Public University, specialty “Management“, e-mail: dianaarystanova04@gmail.com

** Karimova Madina - PhD, Associate Professor, Caspian Public University, e-mail: madi-79@mail.ru

ӘОЖ 33.331

СТРЕССТІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ МЕН КӨҢІЛ-КҮЙІНЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ. СТРЕСС МЕНЕДЖМЕНТ

Асқар Ж.¹, Беделбекова Т.Н.²

¹² Каспий Қоғамдық Университеті, Алматы қ, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Бұл мақалада стресстің қызметкерлердің мінез-құлқы мен эмоционалдық жағдайына тигізетін әсері қарастырылады. Стресс жұмыс орнында кең таралған құбылыс ретінде қызметкерлердің жұмыс сапасына, мотивациясына және ұжымдық қарым-қатынасына кері ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жоғары деңгейдегі стресс мазасыздықты, эмоционалдық тұрақсыздықты және физикалық шаршауды арттырып, қызметкерлердің көңіл-күйінің төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар, стресс мінез-құлық өзгерістеріне, оның ішінде жұмыс өнімділігінің төмендеуіне, жиі қателіктерге және ұжымда қақтығыстардың пайда болуына себепші болады. Мақалада ұйымдар үшін стрессті басқару әдістері, оның ішінде жұмыс жүктемесін оңтайландыру, психологиялық қолдау және қызметкерлердің өзін-өзі дамытуы үшін жағдай жасау ұсынылады.

Кілт сөздер: стресс, мінез-құлық, жұмыс өнімділігі, стресс-менеджмент, көңіл-күй, қызметкерлер, стратегия, психология, мотивация, жұмыс сапасы, агрессия.

Аннотация. В данной статье рассматривается влияние стресса на поведение и эмоциональное состояние сотрудников. Стресс является широко распространенным явлением на рабочем месте, негативно влияя на качество работы, мотивацию и коллективные взаимоотношения. Результаты исследования показывают, что высокий уровень стресса усиливает тревожность, эмоциональную нестабильность и физическое утомление, что приводит к ухудшению настроения сотрудников. Кроме того, стресс вызывает изменения в поведении, включая снижение производительности труда, частые ошибки и появление конфликтов в коллективе. В статье предлагаются методы управления стрессом для организаций, такие как оптимизация рабочей нагрузки, предоставление психологической поддержки и создание условий для личностного развития сотрудников.

Ключевые слова: стресс, поведение, продуктивность труда, управление стрессом, настроение, сотрудники, стратегия, психология, мотивация, качество работы, агрессия.

